

Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шайпақ...
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

2/2016

АҚПАН

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нүргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

М.ШАЙМЕРДЕНОВА.	<i>Таным табиғатында</i> А.Шамкенов шығармаларының тіліндегі дыбыстық қайталаулардың қолданылу шеберлігі.....5
Р.БЕКМОЛДИНА.	Оқушылардың рефлексивті-бағалау қабілеттерін қалыптастыру.....10
Г.МУҚАНОВА.	Сөйлеу тілі мен жазбаша тілдің байланысы.....17
А.УТЕГАЛИЕВА.	Қабілеті төмен оқушылармен жұмыс жоспары.....23
Р.САБЫРБАЙ.	<i>Көкейкесті көзқарас</i> Тіл ерекшелігіне сай латынша әліпби.....25
О.АБДУЛХАНОВА.	Қазақ тілін сапалы оқыту.....29
Р.ТУРЫСБЕК.	<i>Жамбыл Жабаев-170</i> Ұлт руханияты және Жамбыл Жабаев мұрасы.....33
Т.ӘБДИҚАДЫРОВА.	<i>Мерейтой</i> Өмірде өз орнында жоғалтпай, биікке самғай бер!.....41
Г.ҚОРАБАЕВА.	<i>Жас маманға жәрдем</i> Асан қайғы - халық қамқоршысы.....44
Н.ШИЛДЕБАЕВА.	С.Мұратбеков. Жусан иісі.....46
А.УРАЗОВА.	Ж.Аймауытұлының «Әнші» әңгімесіндегі ән құдіреті және Әмірқан бейнесі.....48
А.ЗАЛҒАРИНОВА.	Абайтану - қазақ әдебиеттану ғылымының бір саласы.....52
Г.ШАҒАЛАМОВА.	Әбунасыр әл Фараби.....55
Ж.ӘБДИРОВА.	С.Бегалин. «Бала Шоқан» әңгімесі.....58
А.АЙМАХАНОВА.	Ж.Жабаев. «Аттандыру».....60
Р.УЛДАХАНОВА.	М.Әуезов. «Қараш-қараш оқиғасы».....63
Т.ХАСЕНОВА.	<i>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i> С.Аронұлы. «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері».....69
А.ҮМІТЖАНОВА.	Сәкен Сейфуллин. «Далада» өлеңі.....71
А.ШОШАЕВА.	Қ.Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесі.....74
А.ЖАРТАНОВА.	Шешендік сөздер.....78
Ф.БАЙДІЛДАЕВА.	Жыраулар поэзиясынан өткенді қайталау.....81
А.НҰҒЫМАНОВА.	Қ.Жұмаділовтің «Қозыкүрең» әңгімесін оқыту.....84
Г.ДАМИЕВА.	Б.Момышұлының батырлық тұлғасы.....88
Л.ДОСАЛИЕВА.	<i>Мұғалімдерге көмек</i> Оқушылардың мәнерлеп оқуын жетілдіру.....90
Р.ЖАНЗАКОВА.	Қазақ тілі пәнінен Ұлттық Бірыңғай Тестіге дайындау жолдары мен әдістері.....92
С.АБЖАНОВА.	Грамматиканы оқытудағы жаңа бағдар.....100
А.ӘБШЕВА.	Қазақ тілі сабағында ауызекі сөйлеу қабілетін жетілдірудің сапалы орындалуы.....104
Б.МИЗАМБАЕВА.	<i>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i> Д.Шоқпарұлы. «Қайыс илеу».....110
А.САИРОВА.	Аралас құрмалас сөйлем.....113
Б.ҚҰЛМАҒАНБЕТОВА.	Наурыз туралы өлеңдер.....116
Ж.ӨТЕШҚАЛИЕВА.	ҰБТ-білім жемісі.....117
М.ДУСИПОВА.	Шешендік өнер.....119
Б.ҚҰРМАНАЕВА.	<i>Әдеби кеш</i> Поэзия әлемінің дарабозы.....120
М.СМАХАНОВА.	Айтпаймын өлтірсең де өтірікті.....125
Ғ.ДӘРМЕНҚҰЛОВА.	Еңбексүйгіштік, адалдық пен білімділік - «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары.....129
Б.ҚАРЫМСАҚОВА.	<i>Сыныптан тыс шара</i> Сөз мерген.....132
М.ТЛЕКЕЕВА.	Абай тағалымы.....136
Ш.АЙКЕБАЕВА.	<i>Білімнің қайнар көзі - кітапхана</i> Тәлімгерлердің библиографиялық білімдерін дамыту... 141

СОДЕРЖАНИЕ

М.ШАЙМЕРДЕНОВА.	<i>Познание</i> Мастерство использования звуковых повторений в работах поэта А.Шамкенова.....5
Р.БЕКМОЛДИНА.	Формирование рефлексивно-оценочных способностей учащихся.....10
Г.МУҚАНОВА.	Связь устной и письменной речи.....17
А.УТЕГАЛИЕВА.	План работы с учащимися с низкой способностью.....23
Р.САБЫРБАЙ.	<i>Актуальный взгляд</i> Спецификация латинского алфавита.....25
О.АБДУЛХАНОВА.	Качественное обучение казахского языка.....29
Р.ТУРЫСБЕК.	<i>Жамбыл Жабаев-170</i> Духовность нации и наследие Жамбыла Жабаева.....33
Т.АБДИКАДЫРОВА.	<i>Юбилей</i> Не теряй свое призвание и высоту в жизни.....41
Г.ҚОРАБАЕВА.	<i>В помощь молодому специалисту</i> Асан қайғы - попечитель народа.....44
Н.ШИЛДЕБАЕВА.	С.Мұратбеков. Запах польни.....46
А.УРАЗОВА.	Образ Амирхана в рассказе «Певец» Ж.Аймауытова.....48
А.ЗАЛҒАРИНОВА.	Абаеведение - отрасль казахского литературоведения.....52
Г.ШАҒАЛАМОВА.	Абунасыр аль Фараби.....55
Ж.ӘБДИРОВА.	С.Бегалин. Рассказ «Шоқан».....58
А.АЙМАХАНОВА.	Ж.Жабаев.....60
Р.УЛДАХАНОВА.	М.Әуезов. «Қараш-қараш».....63
Т.ХАСЕНОВА.	<i>Казахская литература: передовая технология в образовательном процессе</i> Суюнбай Аронулы.....69
А.УМИТЖАНОВА.	Сәкен Сейфуллин. «На улице».....71
А.ШОШАЕВА.	К.Жумадиллов. Рассказ «Гуси улетают».....74
А.ЖАРТАНОВА.	Ораторские слова.....78
Ф.БАЙДИЛЬДАЕВА.	Повторение поэзии «Қозыкүрең» К.Жумадилова.....81
А.НУГИМАНОВА.	Обучение рассказу «Қозыкүрең» К.Жумадилова.....84
Г.ДАМИЕВА.	Б.Момышұлы.....88
Л.ДОСАЛИЕВА.	<i>Помощь учителю</i> Совершенствование обучения учащихся выразительному чтению.....90
Р.ЖАНЗАКОВА.	Методы подготовки к ЕНТ по казахскому языку.....92
С.АБЖАНОВА.	Новое направление в обучении грамматике.....100
А.АБИШЕВА.	Развитие разговорной речи на уроках казахского языка.....104
Б.МИЗАМБАЕВА.	<i>Казахский язык: передовая технология в образовательном процессе</i> Д.Шоқпарұлы.....110
А.САИРОВА.	Сложно-сочиненные предложения.....113
Б.ҚҰЛМАҒАНБЕТОВА.	Стихи про наурыз.....116
Ж.УТЕШҚАЛИЕВА.	ЕНТ-показатель знания.....117
М.ДУСИПОВА.	Красноречие.....119
Б.ҚҰРМАНАЕВА.	<i>Литературный вечер</i> Поэзия.....120
М.СМАХАНОВА.	Не буду врать.....125
Ғ.ДӘРМЕНҚҰЛОВА.	Трудолюбие, честность и образованность - «Мәңгілік ел» национальной идеи ценности.....129
Б.ҚАРЫМСАҚОВА.	<i>Внеклассная работа</i> Могущество слова.....132
М.ТЛЕКЕЕВА.	Наследие Абая.....136
Ш.АЙКЕБАЕВА.	<i>Источник знаний - библиотека</i> Развитие библиографических знаний наставников.....141

CONTENT

A.SHAIMERDENOVA.	<i>Knowledge</i> Skill in the use of sound repetitions poet A.Shamkenov.....5
R.BEKMOLDINA.	Of forming of reflection evaluation capabilities of students10
G.MUKANOVA.	Connection of the spoken and writing language.....17
A.UTEGALIEVA.	Plan of work with students with subzero ability.....23
R.SABIRBAY.	<i>Actual look</i> Specification of the latin alphabet.....25
O.ABDULHANOVA.	Quality educating of Kazakh.....29
R.TURYSBEK.	<i>Jambil Jabaev-170</i> Spirituality of nation and heritage of Jambil of Jabaev.....33
T.ABDIKADIROVA.	<i>Anniversary</i> Do not lose calling and height in life.....41
G.KORABAEVA.	<i>In a help to the young specialist</i> Asanas of кайғы is a trustee of people.....44
N.SHILDEBAEVA.	S.Muratbekov. Smell of wormwood.....46
A.URAZOVA.	Character of Амирхана in a story «Singer» J.Aimautova..... 48
A.ZALGARINOVA.	Абай is industry of Kazakh literary criticism.....52
G.SHAGALAMOVA.	Al Farabi.....55
J.ABDIROVA.	S.Begalin. A story «Shokan».....58
A.AIMAHANOVA.	Jambil Jabaev.....60
R.ULDAHANOVA.	M.Aueзов.....63
T.HASENOVA.	<i>Kazakh literature: front-rank technology in an educational process</i> Suyinbai Aronuli.....69
A.UMITJANOVA.	S.Seifullin. «Outside».....71
A.SHOSHAEVA.	K.Jumadilov. Story «Geese fly».....74
A.JARTANOVA.	Oratorical words.....78
F.BAIDILDAEVA.	Reiteration of poetry.....81
A.NUGIMANOVA.	Educating of story of «Қозыкүрең» K.Jumadilov84
G.DAMIEVA.	B.Momushuli.....88
L.DOSALIEVA.	<i>Help to the teacher</i> Perfection of educating of students.....90
R.JANZAKOVA.	Methods of preparation to EHT on Kazakh.....92
S.ABJANOVA.	New direction is in educating of grammar.....100
A.ABISHEVA.	Development of colloquial speech on lessons.....104
B.MIZAMBAEVA.	<i>Kazakh: front-rank technology in an educational process</i> D.Shokparuli.....110
A.SAIROVA.	Difficult-invented suggestions.....113
B.KULMAGANBETOVA.	Verses about наурыз.....116
J.UTESHKALIEVA.	ENT- knowledge.....117
M.DUSIPOVA.	Eloducence.....119
B.KURMANAEVA.	<i>Literary evening</i> Poetry.....120
M.SMAHANOVA.	I will not tell.....125
G.DARMENKULOVA.	Industriousness, honesty and form129
B.KARIMSAKOVA.	<i>Work</i> Power of word132
M.TLEKEEVA.	Heritage of Abai.....136
SH.AIKEBAEVA.	<i>A source of knowledge is a library</i> Development of bibliographic knowledge.....141

АҚЫН А.ШАМКЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІНДЕГІ ДЫБЫСТЫҚ ҚАЙТАЛАУЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ШЕБЕРЛІГІ

Аталған мақалада А.Шамкеновтің поэзиялық шығармаларының тіліндегі дыбыстық үйлесімділік қарастырылып, ақынның тіл қолданысының өзіндік ерекшелігі, пайдаланған тілдік құралдардың стильдік табиғаты көрсетілді. Сөз құдіретін асырған ақын поэзиясының тілдік ерекшеліктері халықтық негізімен салыстырылды. А.Шамкеновтің шығармаларына талдау жасау арқылы халық тілі байлығын шеберлікпен пайдалана білген автордың өзіндік әдеби қолданыстары берілді.

Түйін сөздер: А.Шамкенов поэзиялық шығармалары, дыбыстық үйлесімділік, дыбыстардың стильдік қызметі, ассонанс, аллитерация.

Әр ақынның өзіне тән стилі, жазу мәнері болады. Ақын ойын жеткізетін құралы – тіл. А.Шамкеновтің шығармаларын алып қарасақ, дыбыстық үйлесімділік бірден көзге түседі. Ақын өлеңдерінде әр дыбыс стильдік қызмет атқарады десе де болады. Дыбыстың стильдік қызметі олардың қайталанып келуінен байқалады. Орынды жұмсалған аллитерация, ассонанс, параллелизм, т.б. қайталау түрлері оқырманға әсер етіп, мәтінге эмоциялық бояу үстейтінін А.Шамкенов шығармаларын талдау арқылы көз жеткізуге болады. Ақын өлеңдерінде дыбыстық қайталамалар жиі қолданылған.

Жүрегімді жандырған

Жылу құйып жанымма... [1,146 б.]

Ж - әрпі қайталанып, өлең өрімін құбылтып, оның оқырманға қабылдану әсерін күшейтіп тұр. Жалпы ақын әдеби тілді ажарлап, сөздің реңін келтіре түсетін осы тәсілге жиі сүйенеді.

Дыбыстық қайталаудың әдебиетте екі түрі бар. Біріншісі – аллитерация, екіншісі – ассонанс деп аталады. Әдебиеттану сөздігінде: «Аллитерация (латын.-дыбыстас) шығармаларда бірыңғай дыбыстардың үндестігі, дәлірек айтқанда дауыссыз дыбыстардың қайталануы, ал ассонанс – дауысты дыбыстардың қайталануы. Бүкіл әлем поэзиясында ертеден қалыптасып келе жатқан стилистикалық айшық», - [2,38] деп әдебиеттану терминдер сөздігінде анықтама берілген.

Ақын өлеңдерінде аллитерация өте ұтымды және көп қолданылады. Сондай-ақ, ақын ұқсас буындарды да қайталап қолдану арқылы оқырманын тартады.

Дос көңілмен күлейік,

Достарға сәт тілейік.

Дос қадірін, жарандар,

Дер кезінде білейік,

Кейін айтып жүрейік. [1,160-б.]

Өлең жолдарында дыбыстық қайталаумен қатар бір буынның қайталануы да анық байқалады. Морфологиялық тұлғалардың бірдей болып келуі арқылы жасалған. Жалпы, морфологиялық тұлғалардың қайталануы – сөйлемге стильдік мағына үстейтін тәсіл. Ақын қатарларды түзуге тепе-теңдік үшін жеке сөзді ғана емес құрамының қосымшаларының да біркелкі болып келуін көздеген. Өлең жолдарынан байқайтынымыз, лексикалық қайталамалар стильдік қызмет атқарады, сонымен қатар құрылымдық-композициялық қызмет атқаратын лексикалық қайталамалар да жиі кездеседі. Осы тәсіл арқылы өлең өрімі оқырманын баурап әкетеді.

Ал лексикалық қайталама туралы айтар болсақ, бұл тәсіл ақын шығармасының ырғақтылығын күшейтіп берер ойды тереңдетіп, нақтыландырып әсерлей түседі.

Мысалы,

Кейде бір еңселі үйден шаң баспаған

Көрінер кең сарайдай тар баспанам.

*Көрінер өз әйелім кейде суық,
Кейде одан ыстық адам болмас маған.
Кейде мен ерінемін бір басуға,
Кейде мен шыққандаймын шың басына.
Ренжітіп алып кейде жақын досты,
Жақсылық жасаймын мен бір қасыма.*

*Кейде алыс көрінеді бауыр деген
Кейде бір әлде кімді тәуір көрем.
Бірде мен бойды күтіп күн шуақта,
Бірде мен арпалысам дауылменен.*

*Түңліп кейде өзімнен торығармын,
Кейде сол шабытыңа жолығармын.
Қол бергім келмей кейде кей танысқа,
Кеп тұрар кей біреудің қолын алғым...* [1,100 б.]

Кейде жалғаулық шылауын бір өлеңде 20 рет қайталау арқылы адам көңілінің сан-алуан құбылмалығы білдіріледі. Бұл құбылмалық қарама-қарсы мәнді ұғымдармен беріліп, шылаудың соншама қайталанып тұрғандығын сездірмейді, керісінше тыңдаушы лирикалық кейіпкердің жан-дүниесіне еніп кетеді, өзі де сондай күй кешеді. Сондай-ақ автор кейде шылаудың құбылмалылығын риторикалық сұрақпен де күшейте түседі. Мәселен:

Мен неге кейде құрғап шөл даладай,

Жаңбыр боп кейде неге себелеймін? [1,101-б.]

А.Шамкеновтің оқырмандарын сезімге бөлеуде осылайша жеке тілдік тұлғаларды бастырмалата қайталауы, оның үстіне риторикалық сұрақтармен күшейту тәсілін қолдануы-өзіндік тәсілі десе де болады.

Қазақтың тарихи поэзиясы тілінде және ауыз әдебиеті шығармаларында өлең жолдарының біркелкі дыбыстан басталуы-дәстүрлі поэзияның көркемдік тәсілі. Мысалы, Қазтуған жыраудың жыры мен Аманжол ақынның өлеңін салыстырайық:

Жабағалы жас тайлақ

*Жардай атан болған жер
Жатып қалған бір тоқты
Жайылып қалған бір тоқты*

Жайылып мың қой болған жер. [3,24-б.]

Келтірілген үзіндідегі аллитерация жыраудың әр жолды біркелкі дыбыстан жасап, халықтық үлгінің мәтіндегі динамикалық күшін танытқандығын байқатады. Дәл осы дәстүрлі поэзияны өзінің көптеген өлеңдеріне салып, әрі жалғастырған – А.Шамкенов. Ақын аллитерацияны, ассонанс, фоникалық анафора, эпифора, бұған қоса соңғыларының лексикалық және синтаксистік түрлерін, параллелизм, сонымен қатар ішкі ұйқас пен қайталаулы ұйқастарды ұтымды қолданады.

Мысалы: *Жанбырдан кейін шіркін, ауа қандай!
Жайқалған жасыл желек қала қандай!
Жарқырап шақырады ертеңгі күн –
Жайылған нәзік эппақ алақандай!* [1,64-б.]

Өлеңнің шумағы аллитерацияға құрылып, өлең мазмұнына ешбір нұқсан келместей, ырғақпен, әуенді болып төгілген. Ақынның кей өлеңдерінің ерекшелігі де осында. Ақын өлеңдерінің құлаққа жағымды естілуі ассонансты қолданысына байланысты. Ақын өлеңдерінің көпшілігінде *a, e* дыбыстарының үйлесуі басым.

Мысалы:

*Айналып өзен, тас жырға
Аңыз боп кеткен бір шақта.
Ақ құйын оқтың астында
Ажалға белді бусақ та.* [1,124-б.]

Анафоралық қолданысқа мысал келтіретін болсақ,

*Жолға шықсаң далаға
Жолдан сабақ аларсың.
Жолда тиын санама,
Жолдан жолдас табарсың.
Жолда танып досыңды
Жолда өзің де жанарсың.
Жолда болғай төзімді,
Жолдың үсті саған сын!*

Ақын дыбыстық қайталауды төмендегідей мақсатта қолданады:

- оқырманға әсерлілігін күшейту үшін;
- кейіпкердің сезімін жеткізу мақсатында;
- кейіпкер тілінде ойды нақтылау мақсатында;
- бір жайтқа ерекше назар аударту үшін;
- оқиға мазмұнын ашу үшін.

Қорыта айтқанда, А.Шамкенов шығармаларынан келтірілген қайталамалар поэзияның стильдік бояуын арттырып, кейіпкер сезімін жеткізуде, ойды образды түрде бейнелеуде, оқырманды баурап алуда ұтымды қолданылған.

Әдебиеттер:

1 Шамкенов А. Тандамалы (Өлеңдер мен поэмалар).– Алматы: Жазушы, 1977.–247 б.

2 Әдебиеттану терминдердің сөздігі: оқу құралы.– Алматы: Ана тілі, 1998.–355 б.

3 Бес ғасыр жырлайды. Құраст. М.Мағауин/2 т. – А.: Жазушы, 1989.– 384 б.

Мастерство использования звуковых повторов в работах поэта А.Шамкенова

В данной статье рассматривается звуковое созвучие в языке, особенность стиля написания поэтических произведений А.Шамкенова. Языковые особенности в поэзии поэта сравниваются с поэзией акынов-жырау. На основе анализа произведений А.Шамкенова можно увидеть поэтическое мастерство поэта в использовании богатств языка, а также его своеобразный стиль.

Ключевые слова: поэтические произведения А.Шамкенова, гармония звуков, стилевые функции звуков, ассонанс, аллитерация.

Skill in the use of sound repetitions poet A.Shamkenov

In this article it is discussed sound harmony in the language, the peculiarity of the style of A. Shamkenov's writing poetry. Language features in poetry of the poet are compared with the poetry of the poet-bard akyns. Based on the analysis of the A. Shamkenov's works, the article gives the examples of the author's masterful ability to use the wealth of folk language by applying the originality of his style.

Key words: A.Shamkenov's writing poetry, sound harmony, style functions of sounds, assonance, alliteration.

Р.БЕКМОЛДИНА,
«Айыртас негізгі орта
мектеп» КММ.
Қарағанды облысы,
Ақтоғай ауданы

ОҚУШЫЛАРДЫҢ РЕФЛЕКСИВТІ- БАҒАЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мақалада мектеп оқушыларын бағалаудың қазіргі әдістері оқыту мен оқудағы тәжірибелермен байланыстырыла талданады.

Түйін сөздер: формативті бағалау, аналитикалық, холлистік бағалау, суммативті бағалау, өлшемді бағалау, функционалдық сауаттылық.

Білім беру саласына тез өзгеретін әлемде тұлғаның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту [1, 4-бет] міндеті жүктелді. Бұл сындарлы ойлайтын тұлға тәрбиелеу миссиясын арқалаған маманның бірі ретінде кәсіби түсінігімді оқытудың тәжірибелік дағдыларына айналдыра кәсіби-өнегелілік тұтастыққа қол жеткізу жолындағы жаңа ұстанымның қалыптасуына түрткі болды.

Тейя де Шарден: «Рефлексияның арқасында адам жануарлар арасынан бөлініп шықты, назарын өзіне аударып, өзін меңгере алды, сонымен қатар жай танып қана қоймай, өзін-өзі тануға, жай біліп қоймай, не білетінін анықтауға мүмкіндік алды» [1, 37-бет], - деген екен. Өз оқуына қатысты рефлексия жүргізудегі тәжірибелердің оң нәтижелері когнитивтілік мүмкіндігі «С» деңгейлі оқушылары басым сыныптарда және жекелеген

талантты, дарынды оқушылардан бірінші жылдың өзінде-ақ аңғарылды. Ал, ШЖМ-да кездесетін тұтасымен «А» деңгейлі әрі инклюзивті сыныпта өте күрделі үдеріс. Дегенмен, осы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай деңгейде сәтті өткен, жарқ еткен сабақтар болып тұрады.

Оқушыларға 8-сыныптың қазақ әдебиеті пәнінен үй тапсырмасына енді өтетін (12.09.2015) «Күлтегін» жырынан таңдауларымен бір шумағын жаттап келу берілді. «Онай» тапсырмаға қуана келісті... Сабақ басталған бетте олар өздерінің жаттамағандарын және оның себебін кезек бермей айта бастады.

Оқушылар: -Өлеңге ұқсамайды. «Ескерткіш» ертегі сияқты оқылады. Ұйқасы жоқ. Буын өлшемі өлеңге келмейді. Не әңгімеге ұқсамайды. Екпінді қалай қоярыңды білмейсің?..

Мұғалім: -Қане, оқып көріңдерші.

Ырғағын келтіре алмағандарына күле отырып, кезектесе оқып шықты да: «Апай, енді сіз оқып көріңізші» деп, қолқа салды. Мұғалім өзі оқып отырғанда оқушылардың екпінге мән берулерін өтіне, әуелі оқулықтан екі шумағы оқылды. Оқушылар: -«Апай, сіз оқығанда Ж.-ның апасына ұқсап кеттіңіз», -деп өз бағаларын берді. Ж. ынғайсызданып қалды. Түркі бабалардың тіліндегі түпнұсқасын тыңдап көріңдер:

Қырғыз, құрықан, отуз татар,

Қытай татабу қоп йағы ерміс.

Қаңым қаған бунча...

Қырық артуқ иіті иолы сүлеміс [3, 45-бет], - деп үзінді оқылды. Одан әрі қызығушылығын арттыру мақсатында Б.Тілеуханның орындауындағы Ақтамберді жыраудың «Күмбір-күмбір кісінетіп» толғауы АКТ құралында тыңдатылды. Мысалға алынған үш нұсқадан ортақ ұқсастықтарды қарастыра отырып өздері қойған сұраққа өздері жауап іздеп көру тапсырмасы берілді.

Көне жырларда көркемдегіш құралдардан аллитерация шебер пайдаланыла, екпін-ырғақ алғашқы буында қойылатыны анықталды. «Өлеңді оқығанда мені Ж.-ның апасына неге ұқсаттыңдар?»-деген мұғалімнің сұрағына түрлі қисынды-

қисынсыз болжамдар айтылды. Қазақ тілінен «Диалект» тақырыбы да еске алынды. Мұғалім: «Ж.-ның және басқа да оралман отбасыларының тілдерінде біздің бабалар үнінің күмбірі, қазақтың таза табиғи тілі сақталған, сондықтан сендерге тосын естіледі», - деген жауабынан кейін Ж.-ның көзінде нұр ойнады. Әлеуметтік кедергінің біріне тосқауыл қойылды. Бұдан қандай қорытынды шығарылды:

* Оқушылар үні естілді. Жасқанбай, тапсырма орындамай келген өз кінәсін мойындады.

* Тұйыққа тірелгенде өздерін ақтау үшін сыни тұрғыдан тың тақырыпты бағалай отырып, «ішкі уәждерін» шығарды. Әдетте мұғалім қоятын қайталанатын сұрақтарды өздері ұсынып, проблемалық жағдаят тұғызды.

* Мұғалімнің жасырын білімінің жарыққа шығуына түрткі болды. Көне түркі жырларын жатқа айтып отыратын А.Қыраубаева ұстаздың әдіс-тәсілдері еске түсіп қолданылды.

* Проблемалық жағдаяттың себебімен аяқ астынан «Миға шабуыл» стратегиясы қолданылып, жаңа ұғымдармен танысты. Танымдық қарым-қатынас жанданды. Ойлау және тәжірибе жұмысына түрткі-реакция жасала өз бетімен жұмыс істелді. Ұжыммен ойлау қызметінің тәсілін тәжірибеледі. Осының бәрі оқушының өз ықтиярымен құлшына орындалды.

* Ән тыңдалғанда компьютерден екпін түскен дыбыс толқындары зерттеліп, физикамен пәнаралық байланыста пікіралмасу болды. Мәнерлеп оқып отырғанда, алақандарымен ауыз арқылы шыққан дыбыстың екпінін зерттей отырып, сергіту жаттығуы да орындалды.

* Жылға созылған бақылау нәтижесінде аналитикалық бағалау жүзеге асты. Бұдан «А» деңгейлі оқушыларым түгелімен «В», «С» деңгейіне жетті деуге келмейді. Ежіктеп оқудан, қатеммен жазудан құтылу оңай емес. Олар өзін-өзі реттеу дағдыларына қалыптаса бастады: орталық кітапханаға жиі барады, сабақтан тыс уақыттарында мектепке келіп, өз жұмыстарын компьютерге теріп, керек кезінде интернетті тиімді пайдалануға қалыптасып келеді. «Өзіндік мақсатқа» жету жолдарын қарастыра бастады.

Аналитикалық бағалау тұрақты жүргізілетін холистік бағалауда жүзеге асады. Формативті бағалаудың осы холистік жүйесінде қолданылатын сан алуан түрлерінің ішінен ауызша мадақтау; оқу үдерісінің мақсаттары бойынша анықталған қабілеттерді жеке-жеке бағалауда түрлі көңіл-күйді бейнелейтін күлегештер, басқа да жас ерекшеліктеріне сай көзқарастағы жапсырмалармен (жүрекше, жұлдызшалар, т.б.) ынталандырылады. Іс-әрекеттегі рефлексияға «БҮБ», «Блоб ағашы», «Синкуейн», «Бутерброд», «Екі жұлдыз, бір тілек», «Активатор 3, 2, 1», «+, -, !», «Екі жақты түсініктеме күнделігі», эссе, т.б. кері байланыс құралдары тұрақты орындалады. Бірлескен жұмыс, бір-бірін жігерлендіру, топтық рухты қолдауда формативті бағалау аса пайдалы құрал екені іс жүзінде дәлелденуде. Осы жөнінде сегізінші тезисте: қолайлы оқу үшін адамдарға кері байланыс пен мадақтау қажет, сондықтан бағалау ізгі болу керек [2, 36-бет], - делінген. Мәселен, жоғарыда аталған сыныпта өткен жылы М.Әуезовтің «Көксерек» туындысынан қорытынды сот сабақ ұйымдастырылды. Оқушыларға «ақтау теориясы» негізінде қасқыр көзімен екі аяқтыларға баға беріп, бөріні ақтау дерегін жинақтау тапсырмасы берілді. Зерттеу нәтижесінде ата-аналар көмегімен қасқырдың пайдасы, қасиеті жөнінде релевантты ақпараттар жинақталды. Дәлелдемелерін сұрыптап, шешім қабылдап, нәтижелерді өз бетінше түсіндірді, эвристикалық деңгейдегі өнімге қол жеткізді. «БҮБ» стратегиясымен кері байланыста оқушылар «Үйрендімге»: «Қасқырды ақтау арқылы ел алдында қысылмай сөйлеуді үйрендім», «Ол да табиғат перзенті» десе; енді біреулері «Білгім келедіге»: «Қасқыр неге бөпелерге тимейді», «Адам мен қасқыр бір-біріне неге өш? Адамдар (түркілер дегені) өзін қасқырдан тарадық дейді ғой?»- деп, естіген аңызын дәйекке ала рефлексия жазған.

Баға қою, сертификаттау немесе оқыту қорытындысын шығару мақсатында қолданылатын суммативті бағалау да баланың дамуына, оқуы және ынтасына, сонымен қатар өзін-өзі бағалау құндылықтарына жетелейтін уәж тудырады. Күрделілікке деген сүйіспеншілігімен оқшауланып тұратын

талантты және дарынды оқушыларымен жылда КИО-ға қатысу – қалыптасқан дағды. Алғашында тапсырмалардың өте күрделілігі мойындалды. Келесіде кателер бойынша дұрыс жауаптарды ғаламторды пайдаланып, іздестіре келе, бір сұрақ төңірегінде қызықты тың мағлұматтармен білім қоржынын толтырдық. Яғни, оқушылар өздерінің метатаным әлеуетінің дәрежесін бақылау мүмкіндігіне ие болды. Алынған мәліметтерді интерпретациялады. Қиын, жаңа сұрақтар болатынын біле тұра олимпиаданың келесі кезеңіне қатысамыз деген қорытынды шешіммен КИО-ға да өз бағамыз берілді.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үдерісін мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды. Қаулы Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту іс-қимылдарының мақсаттылығын, біртұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге арналған [4]. Құжатта өлшемдік бағалау жүйесі енгізілетіні де атап көрсетілген.

«Әр күніңе есеп бер» деп даналар айтқандай, оқушылар сабақ сайын өзін және өзара бағалауға, кері байланыс – рефлексияға дағдыланса, нәтижесінде тәуелсіз және ойшыл, өмір бойы оқуға қабілетті тұлға қалыптасады. Еліміздің өркендеуі үшін аса маңызды болып табылатын бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Білім алушының оқу жетістіктерінің МЖБС-да белгіленген өлшемдерге сәйкестігін бағалауды өлшемдермен диагностикалаудың тиімділігі халықаралық зерттеулермен дәлелденіп отыр.

Өлшемдік бағалау – оқудың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін өзара байланысты бақылау-бағалау әрекеттерінің жүйесін қамтамасыз ететін процессуалдық – әрекеттік метатехнология [1,35-бет]. Оқыту үдерісін диагностикалау мен болжауда шығармашылық деңгейге жеткізуді көздейтін Блум таксономиясы бойынша өлшемдік бағалау өте ұтымды. Блум

таксономиясы бойынша бағалау өлшемдерін басшылыққа ала бірнеше сабақ тәжірибеленді. Мысалы, 8-сыныпта қазақ әдебиеті пәнінен Т.Әбдіковтің «Қонақтар» туындысына (1-кесте) оқушылардың өзін-өзі және сыныптасын бағалау кестесі құрастырылды. Оқушылардың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін анықтау кестесі толтырылды.

1-кесте. Блум таксономиясы бойынша оқушылардың өзін-өзі және сыныптасын бағалау кестесі.

Рубри-катор	Өлшемдер (8-сынып, қазақ әдебиеті. Т. Әбдіков «Қонақтар» әңгімесіне. «Сөзмерген» интеллектуалдық ойын сабағы)	Дескрип-тор ұпай	Аты-жөні:		
			жау-абы	баға	Оқушының ескертпелері
А-білу, түсіну	1. Автор туралы білемін. (иә, жоқ) 2. Мазмұнын түсіндім. (иә, жоқ) 3. Әңгімені жоспарлауға, композициялық құрылысын талдауға қатыстым. (иә, жоқ) 4. Әңгіме кейіпкерлері және ондағы оқиғалар туралы өз пікірім бар. (иә, жоқ)	0,1-2 0, 3-4 0, 5-6			
В-қолдану, талдау	Сәйкестендіру, бірнеше немесе бір жауабы ғана бар, дұрыс жауаптардың ішінен қате жауапты табу тәрізді тапсырмалар орындадым, пікір білдірдім.	0, 3-4 0, 5-6			
С-талдау (анализ), топтау (синтез)	Әңгімеге қатысты контекстерден ырым-тиым, мақал-мәтел құрастыру, мағынасын түсіндірумен ойымды білдірдім, жоба қорғауға белсене қатыстым, эссе жаздым.	0, 3-4 0, 5-6			
15-18 «5» 14-9 «4» 5-12 «3» 0-4 «2»					

Әлеуметтік-сындарлы оқытудың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру кезеңінде тәжірибеленген осы бағалау жүйесін кемшілік-қателіктері түзетіле отырып, тұрақты қолдану мақсаты көзделуде. Өйткені конструктивті оқытудың ажырамас бөлігі «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» модулінің мұғалім мен оқушы, ата-ана арасындағы әріптестік және достық қарым-қатынастың орнауына ықпалы зор. Сонымен қатар ішкі бағалау мен сырттай бағалау (ҰБТ, TIMSS, PISA, т.б.) сәйкестігіне қол жеткізіледі.

Әдебиеттер:

1 Бағдарлама, Үшінші (негізгі) деңгей, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012. Үшінші басылым.

2 Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, Үшінші (негізгі) деңгей, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012. Үшінші басылым.

3 Келімбетов Н. «Ежелгі дәуір әдебиеті», -А., Мектеп, 1986.

4 Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012- 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. -Астана, 2012.

Формирование рефлексивно-оценочных способностей учащихся

В статье рассматриваются современные методы оценивания учащихся в школе.

Ключевые слова: критерии оценивания, формативное и суммативное оценивание, функциональная грамотность.

Of forming of reflection evaluation capabilities of students

The article examines of modern methods of evaluation of students at school.

Key words: assessmen criteria, formative and summative, functional literacy.

СӨЙЛЕУ ТІЛІ МЕН ЖАЗБАША ТІЛДІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Мақалада сөйлеу тілі мен жазбаша тілдің айырмашылығы, өзіндік ерекшеліктері және байланысы туралы айтылған.

Түйін сөздер: тілдік тұлғалар, сөйлеу тілі, жазбаша тіл, мазмұндама, шығарма.

Сөйлеу тілі мен жазбаша тіл өте тығыз байланысты. Сөйлеу тілінде жазбаша тілде де қолданылатын тілдік тұлғалар бір. Тілдік тұлғалар сөйлеу тілі мен жазбаша тілде бір мағынада қолданылады, олардың тілде атқаратын жалпы қызметінде де өзгеріс болмайды. Сондықтан тіл дамытуда тілдік тұлғалармен жұмыс ауызша да, жазбаша да жүргізіледі.

Алайда сөйлеу тілі мен жазбаша тілде ешқандай айырма жоқ деуге болмайды. Сөйлеу тілі мен жазбаша тілдің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Ол-заңды құбылыс, сондықтан қазақ тілін оқытуда оны ескеріп отыру керек.

Сөйлеу тілі адамның есту арқылы қабылдауына бағытталады. Сөйлеу тілі екі адамның, көп адамның арасындағы қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Ол көбіне тікелей жүзбе-жүз қатыста қолданылады, радио, т.б. техникалық құралдар арқылы көп адамға да бағытталады. Сөйлеу тілінің техникалық құралдар арқылы көпшілікке бағытталуы тікелей қарым-қатынасқа жатпайды. Бұл тұрғыдан алғанда сөйлеу тілі мен жазбаша тілдің ұқсас жақтары бар.

Сөйлеу тілінің ең көп қолданылатын кезі сөйлеуші мен тыңдаушының тікелей қарым-қатынасы. Мұндай жағдайда

сөйлеуші тыңдаушының өз сөзін, ойын қалай қабылдауын көріп отырады. Соған байланысты ойын түрлендіре алады. Жазбаша тілде ондай мүмкіндік жоқ. Ол оқушының тікелей қабылдау әрекетінен тыс тұрады.

Сөйлеуші ойын сөйлеу кезінде іштей ретке келтіріп, бірден білдіріп отырады, ойды білдіруде қате болса, ол сөйлеу үстінде түзетіледі. Жазбаша тілде ойды білдірудің ең, ұтымды жолын іздеуге, түзетуге мүмкіндік мол.

Сөйлеу тілі көңіл-күйге байланысты, экспрессивтік мәні бар. Сөйлеу тілінде дауыс ырғағы үлкен қызмет атқарады, оған тілдік құралдардан басқа ымдау, бет құбылысы сияқты әрекеттер де қатыса алады.

«Жазбаша тілде мұндай мүмкіндіктер жоқ, бірақ жазбаша тілдің өзіндік басқа мүмкіндіктері, ерекшеліктері бар. Жазбаша тіл талай түзетулерден өтіп, оқушының қабылдауына дайын түрде жетеді. Жазбаша тілде күрделі құрылымдар көбірек кездеседі, оны оқушы көру арқылы қабылдап, ойлау арқылы түсінеді, қайталап оқып мәніне түсіну мүмкіндігі бар. Сондықтан жазбаша тілдегі күрделі құрылымдардың көбірек орын алуы ойды жеткізуге кедергі жасай алмайды».

Тіл дамыту кезінде оқушының сөйлеу тілі де, жазбаша тілі де дамытылады. Олардың негізгі жолдары бар болғанымен, әрқайсысының, тіл дамыту әдіс-тәсілдерінде ерекшеліктер де бар.

Оқушының сөйлеу тілін дамытуда тыңдай білуге, естігенін түсінуге жаттықтыру қажет, өйткені жазғанды бірнеше рет оқып түсінуге болса, сөйлеу тілінде ондай мүмкіндік жоқ. Сөйлеуші сөзін тыңдаушы бірден түсінуі керек. Сонымен бірге әр сөйлеушінің дауыс ерекшелігі, сөйлеу тездігі түрліше болады. Оның бәрі тыңдаушының түсінуіне әсер етеді. Сондықтан оқушы түрлі адамдардың сөзі жазылған магнитофон таспасын, т. б. техникалық құралдарды қолдануы қажет. Сонымен бірге оқушыны сөйлеушінің сөзінің мағынасына назар аударуға дағдыландыру, айтылған негізгі ойды аңғару әдетін қалыптастыру маңызды. Сөйлесудегі әр тілдік элементті

жеке қабылдап сол арқылы сөйлемдегі ойды анықтауға болады. Сөйлеуде кездесетін таныс емес сөздерді, тұлғаларды сөйлемнің жалпы мағынасы арқылы түсінуге үйретудің де мәні зор.

Оқушыны тыңдауға үйрету үшін, мұғалім сөзі, басқа адамдар сөзін магнитофон таспасына жазып, оны сабақта оқушыларға тыңдатып, одан не түсінгендігін, қалай түсінгенін анықтау керек. «Оны мұғалімнің түрлі жолмен анықтауына болады: 1) тыңдаған мәтіннің не туралы екенін сұрау; 2) мәтін бойынша түрлі сұрақтар қою; 3) мәтінге тақырып қойғызу; 4) мәтін бойынша жоспар жасату; 5) мәтіннің мазмұнын айтқызу, т.б.».

Тыңдауға үйрету мақсатында жасалатын бұл жұмыстың түрлері сөйлеуге үйретумен байланыста жүргізілетіні есте болуы керек.

Оқушының жазбаша тілін дамыту бастауыш сыныптан-ақ басталады. «Тілдік жаттығуларды жазбаша түрде орындау оқушының жазбаша тілін дамытудың алғашқы басқышы деуге болады. Диктант түрлері жазбаша тілдің негізгі шартты белгісінің бірі болып саналады».

Дегенмен оқушының тілін жазбаша түрде дамытуда мазмұндама мен шығарманың орны ерекше.

«Мазмұндама - тіл дамытудың өте маңызды әдісі. Әдетте мазмұндама оқыған мәтіннің мазмұнын ауызша әңгімелеуден басталады да, жазбаша мазмұндамаға ауысады. Бұл оқушының сөйлеу тілі мен жазбаша тілін дамытады». Мәтін бойынша мазмұндама жазу үшін, мәтінді оқығанда, ынтамен тыңдайды, есте сақтауға, түсінуге тырысады. Оқушы өзінің іс-әрекетін мәтінді түсініп, есте сақтауға бағыттайды. Бұл оқушының зейінін, ойын дамытады, оқушыны іс-әрекетке ұйымдастырады.

Мазмұндама негізінен оқушының жазбаша тілін дамытуда, ойын мәтінге сүйеніп, өзінше жазбаша түрде білдіруге үйретеді. Бірақ мазмұндаманы оқушының жазбаша тілді қаншалықты меңгергенін тексеру үшін де қолдануға болады. Ол ғылымда оқыту мазмұндамасы деп аталады. Ғылымда, тәжірибеде мазмұндама жазудың төмендегі жолы белгілі. Мазмұндама

жазу алдында мұғалім ол туралы әңгіме өткізеді. Мұғалім оқушының ойын, назарын ұйымдастыру үшін мәтін туралы оларға қысқаша түсінік береді, мәтіннің мазмұнын түсінуге дайындайды. Бұл кіріспе әңгіменің мазмұндаманың сапасына әсері болады.

1. Мұғалім мәтінді асықпай, жағымды дауыспен, салмақпен оқиды. Оқушыларға түсініксіз сөздерді сөздік дәптеріне жазғызады, түсініксіз сөз тіркестерін түсіндіреді. Кейбір қиын, жаңа сөздерді тақтаға жазып қоюға да болады. Жалпы мазмұндама жазатын мәтінде түсініксіз сөздердің болмағаны немесе бірлі-жарым ғана болғаны дұрыс.

2. Мұғалім оқушылардың мәтіннің мазмұнын түсінген-түсінбегенін анықтауы қажет. Оқушылар мәтін мазмұнын түсінбесе, оны түсіндіру керек.

3. Оқушыларға мазмұндаманың жоспарын жасату керек. Бастауыш сыныптарда жоспарды мұғалім өзі ұсынса, кейін мұғалім көмегімен оқушылар жоспарды өздері құруға дағдыланады.

4. Мұғалім мәтінді екінші рет өзі оқиды, не өте жақсы оқитын оқушыға оқытады. Қиын мәтін болса 2-3 оқушыға жоспар бойынша әңгімелетеді. Оқушылар мәтіннің мазмұнын айтуда қате жіберсе, оны түзеткен соң, оқушылар мазмұндама жазуға кіріседі. Мазмұндаманың бірнеше түрі бар: *мәтінге жақын мазмұндама, қысқа мазмұндама, мәтіннің бір мәселесі бойынша мазмұндама.*

Мәтінге жақын мазмұндамада оқушы мәтіннің, мазмұнын мәтіндегі ретімен жүйелі түрде толық жазады. Мәтіндегі айтылған уақиғалар мазмұндамада түгел қамтылады. Бұл мазмұндаманы жазуда оқушы мәтіннің мазмұнын ауызша әкгімелеуде алған тәжірибесіне сүйенеді.

Мазмұндаманың бұл түрі мазмұндама жазуға үйретудің алғашқы кезінде қолданылады.

Қысқа мазмұндама кейінірек қолданылады. Қысқа мазмұндамада мәтіннің негізгі мазмұны ғана жазылады,

мазмұнды толықтыратын, кейбір мәселелерін түсіндіретін, анықтайтын бөліктері қысқа мазмұндамада жазылмайды. Қысқа мазмұндама оқушының ой қорытындысы арқылы өз сөзімен жазылады. Қысқа мазмұндама мәтінге жақын мазмұндамаға қарағанда, ауырырақ болып саналады. Қысқа мазмұндама жазу үшін, оқушының өз ойын білдіре алатын тәжірибесі болуы керек.

Мәтіннің бір мәселесі бойынша мазмұндама жазғызуда мұғалім оқушының назарын мәтіндегі негізгі мәселеге аударуды көздейді. Мұнда мәтіндегі негізгі мәселені жақсы түсініп, ал ол туралы толық баяндау көзделеді. Мұғалім мәтіндегі бір мәселенің мазмұнын жүйелі баяндауды талап етеді.

Шығармаға жақын мазмұндама оқушының шығармашылық ойын дамытады, ойын өз сөзімен білдіру дағдысын қалыптастырады.

Шығармаға жақын мазмұндамада оқушы мәтіннің мазмұнын өзінше жалғастырып жазады, кейде мәтіннің басына өзінше үзінді, мәтіннің арасына мәтінге байланысты уақиға туралы өзінше әңгіме қосады. Басқаша айтқанда, мәтінді кеңітіп, өзгеріс жасайды. Бұл оқушының өзіндік жұмысына жатады. Ол оқушы тілінің байлығын, тілдік тұлғаларды еркін қолданатын тәжірибесін керек етеді.

«Шығарма– жазба тілді дамытудағы ең негізгі жұмыс. Шығарма - оқушының өздік шығармашылық жұмысы. Шығарма жазуға оқушыны үйрету ұзақ уақыттағы жүйелі жұмысты керек етеді».

Шығарма бір тақырыпқа жазылады, тақырыпты ашуға керек сөздерді оқушы білуі керек. Мұғалім оқушының сөздік қорын жақсы біледі, сондықтан оқушының сөздік қорында бар сөздерді қажет ететін тақырып таңдау-пайдалы. Қажетіне қарай сөздік қолдануға да болады. Жоғары сыныптарда оқушының сөздік қоры молаяды, соған орай мұғалімнің тақырып таңдау, белгілеу мүмкіндігі де арта түседі. Алайда, оқушы естіп-білмеген, өмірде кездеспеген уақиға, мүлдем таныс емес шығарма кейіпкері

сияқты тақырыпты оқушыға ұсынбаған дұрыс.

Шығарма жазуға жаттықтыруда мұғалім оқушының ана тілінен алған тәжірибесін ескеруі керек. Шығарма жазудың негізгі жолы бар. Ол төмендегідей:

1. Оқушы шығарма тақырыбымен, жұмыстың мақсатымен таныстырылады.
2. Шығарма тақырыбы туралы оқушыға түсініктеме беріледі.
3. Жоспар жасалады.
4. 2-3 оқушы тақырып бойынша ауызша әңгімелейді.
5. Кейбір қиын сөздер тақтаға жазылады.
6. Оқушылар өз бетінше шығарма жазады.

Оқушыны шығарманың жоспарын жасауға үйретудің мәні өте зор. Ол тақырыпты толық ашуға көмектеседі. Оқушы ойын жүйеге келтіреді, ойдың байланысты жазылуына жол ашады.

Шығарманы жеке тақырыпқа, мазмұнды суретке, экскурсия бойынша, оқушы өміріне байланысты уақиғаға, оқушы қалаған еркін тақырыпқа жазуға болады. Оқудың қай кезеңіне қандай тақырып қолайлы екенін мұғалім шешеді.

Шығарма жазуды тілдік материалмен де байланыстыруға болады. Ол тірек сөздерді қолдану, сөйлемнің сөз тіркесінің белгілі бір үлгілерін қолдану, т.б. осы сияқты тілдік тапсырмалар арқылы жүзеге асады.

Связь устной и письменной речи

В статье говорится о связи и специфических особенностях, и отличиях устной и письменной речи.

Ключевые слова: языковые лица, устная речь, письменная речь, изложение, сочинение.

Connection of the spoken and writing language

In the article talked about connection both specific features and differences of the spoken and writing language.

Key words: language persons, spoken language, writing speech, exposition, composition.

А.УТЕГАЛИЕВА,
№ 1 ОЖББМ.
Орал қаласы

ҚАБІЛЕТІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

Түсінік хат.

Оқушылардың негізінен білімді меңгеру үрдісі мына компоненттерден тұрады: қабылдау, түсіну, есте сақтау, қорыту және жүйелеу. Оқу үрдісінде бұл компоненттер өте тығыз байланысты. Оқушы меңгеретін материалдың қиындығына соқтыққанда ғана өз бетінше шешім қабылдап, қорытынды жасай алады. Осыдан кейін ол материалды толық игереді. Қабылдауы баяу оқушылар әрбір сабақ кезінде қажетті көрнекі құралдармен, дидактикалық материалдармен, тарататын және көрсететін көрнекіліктермен қамтамасыз етілуі қажет. Сонда ғана өткізілген сабақтар өз мақсатына толық жетеді. Осы білімді меңгеру компоненттері баяу болғандықтан нашар оқушы шығады. Оқу жылдамдығы баяу болғандықтан және есеп мәтінін қате оқығандықтан оның мазмұнын түсінбейді, есте сақтауы да төмен. Үлгерімі төмен оқушылардың ақыл-ой параметрі және жағымды ақыл сапалары қалыптаспаған, білім қоры аз. Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, ой өрісі деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан тұлға етіп тәрбиелеу-ұстаздардың негізгі міндеті. Оқыту тиімділігі оның мазмұны мен әдістеріне ғана тәуелді емес, сонымен оқушылар тұлғасының жеке бас ерекшеліктеріне де байланысты. Әр оқушыға өзінің мүмкіндіктерін толық жүзеге асыра алатын жағдай жасау маңызды, ол оқи білетін және оқуға ынтасы бар оқыту субъектісіне айналуы қажет.

Мақсаты:

Мемлекеттік стандарттың орындалуын қамтамасыз ете отырып,

үлгерімі төмен оқушының білімін көтеру.

Міндеттері: оқушылардың оқуға деген қарым – қатынасына жауапкершілігін қалыптастыру; оқушының жас, ой өріс мүмкіндіктеріне сәйкес қызықты оқу материалдарын іріктеу; оқушының білім, білік дағдысы мен үлгерімін арттыруға бағытталған жүйелі іс-шараларды қабылдау.

Күтілетін нәтиже:

- * оқушы үй тапсырмасын орындауға машықтанады;
- * жазба жұмыстарын мұғалімге уақытылы көрсетеді;
- * оқушы бір сабақ көлемінде жұмыс істеуге және сабақта тапсырмалар мен жаттығулардың барлық түрін орындауға тырысады, білім сапасы артады;
- * қазақ тілі пәнінен талдау жұмыстарын орындайды.

Қабілеті төмен оқушылармен жұмыс жоспары.

р/с	Жұмыстың мазмұны	Өту барысы
1	Бестік диктанты. /сауатты жазу, жазу каллиграфиясын түзету/	Сабақтан тыс кезде
2	Тіл дамыту мәтіндері /жазбаша мазмұндау/	Сабақтан тыс кезде
3	Терме диктанты.	Сабақтан тыс кезде
4	Мақал-мәтелдер жазғызу /тақырыппен байланысты/	Сабақтан тыс кезде
5	Тұрақты тіркестер /мағынасын ажырату/	Сабақтан тыс кезде
6	Даяр мәтіндер беру /ауызша мазмұндау/	Сабақтан тыс кезде
7	Талдау /фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік/	Сабақтан тыс кезде
8	Н-ң, қатар келген дауыссыздарға, шылауларға байланысты жазба жұмыстар жүргізу.	Сабақтан тыс кезде
9	Жұмбақ, жаңылтпаштар, өлеңдер /жаттау/	Сабақтан тыс кезде
10	Суретке, жыл мезгілдеріне мәтін құрату.	Сабақтан тыс кезде

Көкейкесті көзқарас

Р.САБЫРБАЙ,
Білім беру ісінің
құрметті қызметкері.

ТІЛ ЕРЕКШЕЛІГІНЕ САЙ ЛАТЫНША ӘЛІПБИ

Базалық латын қарпіне көшуіміз керектігі тәуелсіздік алғаннан бері барлық тараптан айтылып-ақ келеді. Тілімізді өзіндік табиғи тіл заңдылығына сәйкес орнықтыру үшін де латынша әліпбиге үміт артумыз, ал мұның тәуелсіздікке лайық отарсыздандыру жолындағы маңызды іс екендігі дау тудырмаса керек.

Көшейін десек көше алмай жатқандығымыздың бірнеше себебі бар: мүйізі қарағайдай ғалымдардың бірауызды бола алмауы; сол кешегіден қалған отарлық жалтақтау; елдегі ала-құлалық; жаңалыққа қорқыныш, т.б. Қорқыныш демекші, расында қорқыныш бар, егер тілімізге жат дыбыссымақ, айыру, жіңішке белгісі бар қазіргі осы 42 таңбамен латынға барсақ талай уақыт есеңгіреп, есімізді жинай алмайтынымыз анық.

Керектіні алып, керексізін қалдырып көшуге тәуелсіздік жариялағандай кешігудеміз. Таңымыз атты ғой, сонда күн шыққанда жарық түспеуі қалай?!

Біздер артынып-тартынып жүргенде күнделікті тіршілік латынмен қозықөш жерге де барып қалды, мәселен, ұялы телефондағы хабарлау сөздердің қазақша, орысшасы да латын қарпімен берілгеніне біраз жыл болып, көз де үйреніп қалғандай. Алайда, бұл жазбада кейбір дыбыстардың қосарланған әріптермен берілгені байқалып тұр.

Жалпы біз базалық латын әліпбиіне көшуде нені басшылыққа алуымыз керек? Оның ең негізгілері мыналар:

1. Бір дыбыс – бір әріп, яғни, қосарластырмау.
2. Латын графикасындағы 26 әріп, өзге әріптің (грек, т.б.)

араласпауы.

3. Қазақ тілінің өзіндік, түркілік, шығыстық ерекшелігін ескеру. Алдыңғы екеуі өз-өзінен-ақ түсінікті. Ал үшінші ұстанымға тоқталмасақ болмайды.

1) Қазақ тілінің *а-ә, 2-г, к-қ, о-ө, ұ-ү, ы-і* дыбыстары, төрт дауысты, екі дауыссыз дыбыстың жуанды-жіңішкелі түрде келуі. Бұл алтауының әр жұбы әр түрлі таңбамен емес, бір үлгіде болуы керек.

«Алтай жобасы. Бесінші вариантты» жетілдірген, толықтырған 2009 жылғы жобамызда («Қазақ тілі мен әдебиеті», №10) осы дыбыстардың да бірізді болғанын негіздеген едік. Оқулықтың жазғанына сенсек, дүние жүзінде шамамен 5651 тіл бар екен (Қазақ тілі. 5-сынып. -А., «Атамұра», 2010, 4-бет). Егер осыншама тіл арасында жазуында дәл осындай жуанды-жіңішкелі алты жұп дыбысы бар түркі тілдерінен өзге бір тіл бар болса, онда ол да бізге табиғаты жақын туыс тіл десек болады, яғни, сол тіл сөздері құрылымының бізге бөтендігі байқалмас. Мұндай жуанды-жіңішкелі 6 жұп дыбысын тіпті кей түркі тілдерінің өзі жазуында ескермей, соның әсерінен, көршілерінің әсерінен айтылымында да жоғалтып алған. Ежелгі тегінен ажырап қалған кей тілдер орны ойсырап тұрған дыбыстардың орнын белгілерімен, қосарланған әріп тіркесімдерімен, т.б. толтырған, сөйтіп тығырықтан шығып солай амалдаған. Ал ол амалдағанның дыбыстары ойсырамаған қазақ тілі үшін қажеті қанша?!

Осы алты жұп дыбыстың өзі – біздің «мың өліп, мың тірілген» кезде де жоғалтпаған барымыз, барды бағалай білейік: «Алтау ала болса ауыздағы кетеді».

2) Шығыстың, имандық ділімізбен орайлас, тіліміздің табиғатын бұза-жармай он ғасырда орныққан *ф, х, һ* дыбыстарын өгейсіту, жатсыну-жақсы іс емес. Қаттырақ айтсақ: адамзаттың мәңгілік кітабы «Құран кәрімді» ескермеу, елемей.

3) Көне түркіде, қазіргі тірі көптеген түркі тілдерінде бар, өз тіліміздің де шығыстық, оңтүстік шығыстық ерекшелігі боп табылатын, қазақтың өз сөздері тіркесі аралығында естілетін *ч, в* дыбыстарын да шетқақпайлау оң болмас. Бұлардың бәрі (*ф,*

х, һ, ч, в) нақты жеке дыбыстар, қосарланған дыбыс (дифтонг) емес. *Хан қан, чех* пен чектің *шек* болғаны несі жақсы, хетті кет демейік, *ватт батт, вольт болт* болмағаны дұрыс қой.

Жоба жарық көргеннен бері бес жылдың да жүзі болып қалыпты. Сол әліпбиден бүгінгі күні айнығанымыз жоқ, сол дыбыстар – сол әріптер, тек бір әріптің таңбасын бір-бірімен алмастырдық: *Уу* мен *Uu* (жиі қолданыстағы *mail.ru* дегенді ескердік). Сондай-ақ аталмыш алты жұп пен *h* дыбысына қойылатын ноқат (апостроф) қиғаш түрде әріптің үстіңгі жағына жақын орналасса жып-жинақы болар еді, оған мүмкіндік таппадық... (Сөздеріміздің қомақты бөлігінің біркелкі жуан не біркелкі жіңішке екендігіне байланысты 6 жұп дыбыс ноқатының бірнешеуі қатар келгенде үнемдеуге болады).

Бұл латынша әліпби барша білім, ғылым ордаларын, орыс, татар, өзбек, ұйғыр сияқты Қазақстан халықтарының тіліндегі мектептерді, қысқасы Қазақстанның барлық жазба ісін қамти алатын деңгейде десек артық айтқандық бола қоймас.

Дәурені жүріп, атағы асқақтаған немістен өзге еуропалық тілдердің жазылған сөзінің шамамен жарты бөлігіндейі алдамшы боп келеді, яғни, айтылуы бөлекше. Сондай-ақ *кс, тс* сияқты әріптер тіркесімін жеке дыбыс деп қолпаштау қажет емес. Дауыссыз, үні жоқ екі дыбыстан қалай буын құралып, қалай сөз басталады?! «*Ы* (*і*) дауысты дыбысы екі дауыссыз аралығында аз көлемде, аз мөлшерде, сондықтан жазуда қолданбадық, үнемдедік» деп шындығына келсе сөз басқа. Демек мұндай жасанды тіркесімдерге таңба қарастырып әуреленбейік.

Бұдан осал, кем тұрғыдағысы қабылданып кеткен жағдайда «*Ай, қап!*» деген өкініште қалмау үшін алдын ала қам жасап, сол жобамызды зиялы қауым назарына қайта ұсынудың да реті келген сияқты. Енді ол латынша әліпбиді жазып келтірейік.

Aa (Aa), A`a` (Әә), Bb (Бб), Vv (Вв), Gg (Гг), G`g` (Ғғ), Dd (Дд), Ee (Ее), Jj (Жж), Zz (Зз), Yu (Ии), Kk (Кк), K`k` (Ққ), Ll (Лл), Mm (Мм), Nn (Нн), Qq (Ғғ), Oo (Oo), O`o` (Өө), Pp (Пп), Rr (Pp), Cc (Cc), Tt (Tt), Uu (Уу), Ww (Үү), W`w` (Үү), Ff (Фф), Hh (Xx), H`h` (Һһ), Xx (Чч), Ss (Шш), Ii (Ыы), I`i` (Іі).

Мұнда ел-жұрттың үйренуіне жеңіл болуы үшін бұрынғы әліпбилік рет сақталынды. Жазу барысында өз сөздеріміздің үнемдеуге қатыссыз орысшаға еліктеген бейнесін де дұрыстай кеткен жөн. Мысалы: *дариа, тақиа, жариаалау, қариа, кәрие*, т.б.

Латынша әліпби деп кестелеп қоюдың жеткіліксіз болғанын бұл күні аңғарып отырмыз, оны қолданысқа түсіріп, ұлы дүбірге қосып көру керек екен. Олай болса осы қаріппен Абайдың «Интернатта оқып жүр» өлеңін азырақ ықшамдай жазып көрсеткенді жөн санадық. Өлеңде f (ф) дыбысынан (әрпінен) басқасы бар.

Bycmullah`y, rahmany rahym

Ynternatta ok`ip jw`r	Oyinda jok`bi`riniq
Talay k`azak`balasi.	Caltikov pen Tolctoy.
Jaqa o`cri`m, ko`k o`rime,	Ya`ti`lmas, ya`advokat
Beyne k`oldiq calaci.	Bolcam degen ba`rinde oy,
«Balam zakon bildi» dep	Ko`qlinde jok`canaci...
K`uanar ata-anaci.	Alic ta bolca i`zdep tap
Oyinda jok`olardiq	Korennoyq`aki`ryge.
Saryq`atk`a salaci.	«Talapti erge nwr jauar»,
Oris tili, jazui	Jw`rip o`mir cw`ruge.
Bilcem degen talaci.	Ya`baylarq`ak`izmet k`il
Prosenye jazuq`a	Eri`nbey sauip, jeluqe.
Tiricar kelse samaci.	Adal jw`rip, adal twr,
Incapcizq`a ne kerek	Cxetiq tura keluge.
Gctiq ak`pen k`araci.	Janiqa jok`ca, coqinan
Nan tappaymiz demeydi`	Jalk`aulanba eruge...
Bw`lince eldi`q araci.	Ya`o`z betiqmen ta`uekel,
Ejdyh`atciz, myhnatciz	Zanymaуcya pryamatoy.
Tabilmac q`ilim caraci...	Jeqi`l ko`rme, bek kerek
	Oq`an da q`ilim, oq`an da oy,
	Kalaysa kayda enuge.

О.АБДУЛХАНОВА,
№19 жалпы орта мектебі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Түркістан қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛІН САПАЛЫ ОҚЫТУ

Күнімізде қазақ тілін сапалы оқыту және де өзге пәндерден сапалы білім беру – әрбір ағартушының алдындағы негізгі талап болып есептелді. Бәріміз білетіндей, тіл арқылы адамның ұлттық дүниетанымын, азаматтық көзқарасын, тұлғалық ұстанымын қалыптастыра алатынымыз анық.

Әрбір сабаққа енгенде, мұғалім оқушыға білім мен тәрбие беріп қана қоймай, шығармашылық ізденіске жол ашады. Сол себепті мұғалімнің алдына қойған мақсаты мен міндеттері жүйелі болуы тиіс.

Мұғалім міндеттері:

1. Жаңа сабақты меңгерту, теориялық білімді нығайту.
2. Ұлттық дүниетанымға негізделген тәрбие беру.
3. Шығармашылық ізденісті ұйымдастыру.

Мұғалімге берілген 45 минутты дұрыс пайдалану үшін әр мұғалімде алдын-ала шығармашылық жұмыс жоспары болуы қажет.

Ал мақсаттарға келетін болсақ:

1. Сапалы білім беру.
2. Тәрбие бағытын таңдау.
3. Шығармашылықпен жұмыс істеу.

Осы кезеңдегі әдіс-тәсілдер: Қазақ даласындағы ұлы ғұламалар өмірін негізге алу; Ұлттық педагогиканы пайдалану; Шетелдік ғалымдардың тәжірибелерінің ұтымды тұстарын алу; Өзіндік жұмысты іске асыру.

Сабақ уақытында мұғалім әр баланың бейімділігін, ептілігін, зеректігін бақылап, соған қарай жұмыс істеуі

керек. Ағымдағы ақпараттанған кезеңді есепке алуды да ұмытпағанымыз жөн. Елбасымыз былай дейді: «Біздің жастарымызға мақсаткерлік, болашаққа деген шүбәсіз сенім, мойымас жігер, кез келген істі қолға алуға құлшыныс тән». Бұл-жай сөз емес, Елбасы болашақ жастардың қолында екенін айтып отыр.

Ғылым мен техниканың қарыштап дамып, адамзат баласы өз ойларын ортаға салып, соңғы үлгідегі техника жетістіктерін пайдаланып жүрген тұста мұғалімге артылған жүк аз емес. Жаңа талап пен мақсатты іске асыру – өз ісінің шебері болуымен қатар, сол пәнге деген сүйіспеншіліктің болғаны абзал. Сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді пайдаланып қана қоймай, олар ұтымды, тиімді, нақты болуы шарт.

Осы орайда, әлемнің екінші ұстазы Әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығына тоқталайық: Отырар жерінде туылған Әл-Фараби кітап оқуды жақсы көрген. Отырар кітапханасын оқып тауысып, басқа елдерге сапар шеккен. Білім іздеп Мысырға дейін барған. Бала күнінде әкесімен серуендеуге шыққан бала айналаны көреді. Қабырғаларға шығып, биікке қарайды. Сонда әкесінен:

- Анау тұрған не?-деп сұрады.

- Көкжиек.

- Оның ар жағында не бар?


- Балам, оны өскенде өзің барып көресің,-деген екен әкесі. Сол көкжиектің ар жағын көрем деп жүре беріпті. Ақырында Аристотельдей ғалымның бар екенін біліп, оның еңбектерімен жіті танысады. Математика, әдебиет, риторика, физика, географияны меңгеріп, «Әлемнің екінші ұстазы» атанады. Осы тақілетті, Қорқыттың мұрасын, Конфуцийдің ілімін, Абай, Ахмет нақылдарын айтып, оқушының өресін кеңейту арқылы олардың білімге деген құлшынысын оятуға жақсы тәсіл боп табылады. Әр сабақта әр ғұламаның өмірін

тілге тиек еткен жаттығуларды да осының мысалы ретінде айтуға болады.

Елбасы өз Жолдауында «Мамандықты шеберлікпен шындасақ, кәсіптің бәрі жақсы», - деп атап көрсетті.

Қазақ тілі пәнін оқушыларыма түсіндіру барысында қарапайым, есте қалатындай, оңтайлы тәсілді ойлап табуға тырысамын.

Заманауи кезеңде тірек-сызбалардың көп пайдасы бар. Мысалы «Есімше» тақырыбын өткенде бұлттың суреті арқылы түсіндіремін.



-ған			- атын
-ген	-ар	-мақ	- етін
-қан	-ер	-мек	- итын
-кен	-р	-пақ	- итін
		-пек	
		-бақ	
		-бек	

Мысалы: *барған, айтар, бармақпын, бармас.*

Есімше – етістіктің бір түрі, қимыл іс-әрекеттің орындалуын білдіреді. Сұрақтары: қайткен? не істеген? қайтпек? не істейтін? не істер?, т.б.

Сурет бойынша әңгіме құрап, мәтін жаздыру, ішінен есімшелерді табу. Осындай әдіс-тәсілді «Көсемше» тақырыбын өткенде пайдаланамын. Көсемше-етістіктің бір түрі.

К	- Й
Ө	- Е
С	- ҒАЛЫ, -ГЕЛІ,
Е	-ҚАЛЫ, -КЕЛІ
М	- ЫП
Ш	- Ш,
Е	- П

Мысалы: қараймын, келемін, көріп, айтқалы.


Аспанға қараймын,

Жұлдызды санаймын.

«Білім алудың жолы көп, соның ең төтесі – жақсы мектеп, білімді мұғалім», - деген Халел Досмұхамедұлы. Оқушылардың білім деңгейін биікке көтеру-ұстаздың шеберлігінде. Жақсы мектепті мұғалімсіз елестету мүмкін емес.

«Біріккен сөздер» тақырыбын өткенде әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаландым. Алдымен күрделі сөздерді еске түсіртемін.

Бір сұраққа бірнеше сөз жауап берсе күрделі сөз болады.



Біріккен сөз – екі немесе одан да көп түбірден бірігіп, жаңа мағына беретін сөздер. *Тас-бақа, ақ-қу*, т.б.

Ой толғау: жер-су аттары, аң аттары, құстардың аты.

Мұғалім баланың қабілетіне, шығармашылығына, есте сақтауына бағыт беріп отырады.

ҰЛТ РУХАНИЯТЫ ЖӘНЕ ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ МҰРАСЫ

Мақалада ғалым Р.Тұрысбек айтыскер ақын Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылық мұрасын түркі әлемімен байланыстырып, ғылыми тұрғыда талдау жасаған.

Түйін сөздер: түркі әлемі, айтыс өнері, ақын, фольклор.

Қазақ руханиятының арғы-бергі кезеңінде асыл сөз арналары, әдеби-мәдени өнердің өрісті өрнектері, өнегелі тұстары мол-ақ. Дәлелді дәйек, дереккөздеріне табан тіресек, арғы-бергі тарихта түркі жұртшылығына қатысты ортақ мұрат, дәстүр мен сабақтастыққа қатысты жәйттер де көп.

Түркі әлемінде қоғамдық-тарихи нәм руханият ісіне қатысты қымбат қазыналар да, бағзы кезеңдерден жеткен берік байланыс та бар. /1.18/

Арғы арналарды айтпағанда, жыл басы- Наурыз туралы Таяу Шығыс, Орта Азия, Қазақстан халықтарында ортақ мұраттар көп-ақ. Айталық, О.Хайямның «Наурызнама», Фирдоусидің «Шахнамасы» мен М.Қашқаридің «Диван лұғат ат-түрк» еңбектерінде Наурыз тарихы мен тағылымы, руханият ісіндегі көріністері кең орын алады. /2.479/

Ортақ мұрат, берік байланыс арналары руханият әлемінен де көрініс береді./3/. Фольклор қазынасында – «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш- Баян сұлу», т.с.с. көптеген нұсқалары бар. Ал, «Мың бір түн», «Көрұғлы», «Тотынама», «Камила мен Димна» арқылы жеткен аңыз-әфсаналардың желі-жүйесі мың сан арнаны құрайды. Түркі

руханиятына қатысты қазыналар көптеп кездеседі. Бұдан басқа: «Түркі тектес халықтар мақал мен мәтелді былайша атайды: өзбекше-мақол, қырғызша-мақал мен лақаптар, татарша-мәкаль *Һәм әйтөм*, әзербайжанша – *аталар сөзі*, ұйғырша-мақал *вә тәмсил*, түрікменше-*нақылдар ве аталар сөзи*, чуваштар – *ваттисем калани*, алтайлықтарша-*кеп ле укаа сөстөр*»./4.28/.

Осы орайда, поэзия жанрына тән импровизация өнерін айрықша атау орынды. /5.175/. Ежелгі Грек, Еуропа мен Шығыс халықтарында импровизация өнері кеңінен көрініс береді. Демек, «Өнер алды-қызыл тіл» деген нақылға ден қойсақ, ақындық өнердің тарихы мен тағылымы терең. Еске алсақ, болашақ ақындарға «аян» беріліп, өнер өрісі ашылып, ақындық пырағына мінеді. Өзбек ақындары– «мұрат тауына» көтеріліп, қонатын көрінеді. Ақындық өнердің күдіреті байқалып, қасиеті айқындалады.

Айтыс өнері-парсыда-*мұшайра*, арабтарда-*мұғалләкәт* деп аталып, оның өзі түркі халықтарына кең тараған. Ұлттық мереке, мерейтойларда өлең-өнердің кең өрісі, алуан арналары, соны үлгілері жан-жақты көрініс береді.

Жамбылдың жолбарысы қиналғанда қасынан табылған.

*Өлең кірген түсіне,
Жөргегінде мен болам,-*

деп ақындық өнерді ардақтап, биік белеске көтерген. Өнерді мұрат еткен. Ұстазына адалдық танытқан:

*Менің пірім- Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сиынбай.*

Ақиқатында, халық поэзиясында өлең өнерімен даңқ тұғырына көтеріліп, құбылысқа айналған - Жамбыл Жабаевтың өмірі-өрнекті, болмысы-бөлек. Ақындық өнерді өмір мұраты еткен. Дарыны-дара, сөзі-сара. /6/.

Ж.Жабаевтың өнегелі өмірі мен өнерпаздық мұра-мирастары Кеңес дәуіріне дейінгі және кейінгі кезеңдері арқылы жан-жақты зерттелді (С.Бегалин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ө.Тәжібаев, Ғ.Орманов, Б.Кенжебаев, М.Қаратаев, Е. Ысмайылов, К.Зеленский, М.Ритман- Фитисов, С.Қирабаев, С.Қасқабасов, М.Жолдасбеков,

С.Садырбаев, Н.Төреқұлов, Ө.Байтанаев, Қ.Тұрғанбаев, К.Бейсенбаев, Ж.Дәдебаев, С.Негимов, Б.Әбілқасымов, А.Бұлдыбай, М.Үмбетаев, Ж.Тілепов, Р.Тұрысбек, Т.Тебегенов, т.б.). «Қазақ әдебиетінің тарихына» енді (1967,2004). Жеке жинақ, зерттеу, ұжымдық еңбектер түрінде жарық көрді («Жамбыл Жабаев творчествосы», «Ж.Жабаев. Шығармаларының толық жинағы», «Жыр алыбы» (естеліктер) , «Жамбыл және қазіргі қазақ поэзиясы», «Дастан ата», т.б.).

Қоғам қайраткері, әдебиеттанушы ғалым М. Жолдасбеков: «*Жамбылдың ақындық жолға түсуінің ең әдепкі адымы өзінің алдындағы белгілі ақындардың өлеңдерін, ел аузындағы өлең-жырларды жаттап айтудан басталады. Жас ақын Жетісу елінің ертедегі салтымен бәдік, жарапазанды көп айтады, бірақ ол ешқашан дін, шариғат жолын үгіттемей, күлдіргі, әзіл-қалжың өлеңдерді көбірек шығарған. Жарапазанды сылтауратып жас ақын бірде әйгілі Сүйінбайдың ауылына келіп, Сүйекемнің үйінің сыртынан ат үстінде өлеңді ағытып қоя береді. Жамбыл ұзақ жырлайды. Сүйекең жалықпай тыңдайды. Аттан түсіріп, Сүйінбай талапкерге оң батасын беріп, үстіне шапанын жабады. Асқар Алатаудай ұстазының сынынан сүрінбей өткен бақытты күнінен Жамбыл өзін шын ақын санап, жолы да, өрісі де ашылып, тайсалмай топқа түсе бастайды»-деп дарыны мен даналығын, өмірі мен өнегесін, шығармашылығын тамыршыдай тап басып көрсетеді. /7.193/.*

Ж.Жабаевтың өмірдегі өнегелі өрнектерін, өнердегі өрісті өлкесін, шығармашылық негізін айқындайтын басты таразы -өлшем:

- өлең-жырдағы - талант қуаты;
- айтыс-дастандарындағы дарын даралығы;
- арнау табиғатындағы шеберлік пен шешендік болып табылады.

Ж.Жабаевтың талант табиғатын танытатын бұл белгі-ерекшеліктер:

- өнегелі өмірін де;

- өнерпаздық мұрасын да бар қырынан жарқырата көрсетіп, ұлттық поэзиядағы өзіндік өзгешеліктерін, руханият әлеміндегі бедерлі бейнесі мен орнының биік тұғырда, қалың көптің назарында екенін айқындай түседі.

Ж.Жабаевтың ұлт руханиятындағы орын-үлесі, өмірдегі өрнектері мен өнерпаздық мұрасының мәңгілік құндылықтары:

- ұлт мұратын ұлықтаудан танылады;
- ел-жерді ардақтаудағы халықтық сипатынан көрінеді;
- адам әлемін, өмірі мен еңбегін, тарих пен танымды қатар жырлап, сол арқылы елдік пен ерлік салтты биік тұғырға көтеруден айқын аңғарылады;
- жастық пен достықты, сыр мен сезімді жан жүрекпен толғап, көңіл қуанышын да, мейірім шуағын да молынан түсіргенінен жіті сезіледі.

Біздіңше, Ж.Жабаевтың өлең-жыр, дастандарының басты тағылымы:

- қоғам құбылыстары мен кезең көріністерін, адам мен оның еңбегін, ұстаздары мен тұтастарының үлгі-өнегелерін, өнер мұраты мен өнерпаздық жолды, өмір-тұрмыс сырларын, уақыт шындықтарын, т.т. табиғи сөйлетіп, шабытты шақпен де, ойлар мен толғаныстары арқылы да толғауы тоқсан қызыл тілді жүрекпен жеткізіп, байыпты баяндайтыны айқын аңғарылады.

Жамбыл шығармашылығының салмақты бөлігін айтыс, дастандары құрайды. Адам мұраты, ел-жер тағдыры, ұлт пен ұрпақ қамы, өмір өнегесі өрісті өнердің арқауына айналады. Мәселен, «Жамбыл мен Айкүмістің айтысы» – қыз бен жігіт айтысының биік белесі, үздік үлгісі.

Айтыс–Жамбылдың академиялық жинағына енді. (1946ж.). Айтысты Жамбыл бастап, Айкүміске былай деп үн қатады:

*- Әдейі ат терлетіп келдім тойға,
Айкүміс, әуелден-ақ болдың ойда.
Әуірі басылмаған албырт едім,
Асығыс айтқаныма кінә қойма?!*

Кезекті тұста Айкүміс ақыл мен парасатты тең ұстап, сыр мен

сезімді, ой-сөз жүйесін төмендегіше жеткізеді:

*- Антығып, ә дегеннен амандаспай,
Әдепті үйренбепсің, Жамбыл жастай.
Асылға аспандағы қол жетпей ме,
Ақылмен қимылдасаң асып-саспай.*

Қыз жауабы ойлы. Сыр мен сымбат айқын. Әрі астар да, мән де бар.

Сонда Жамбыл:

*- Айкүміс, асықпауға шама бар ма,
Жасшылық ұрындырды талай жарға.
Сен үшін, жатсам, тұрсам арманым көп,
Жем болып кете ме деп жамандарға, -*

деп түпкі көзқарасын бүкпесіз баяндайды. Нәтижесінде: жалын жастықты, ғашықтық ғаламаттарын бар асылдан да биік қояды. Адам мұратын, өмір өнегесін, еңбек орнын асқақтата жырлайды. Сыр мен сезімді де қатар көрсетеді.

«Жамбылдың Бақтыбай ақынмен танысуы» қос жүйріктің де ата-тегінен, өлең-өнердегі дарын-қабілеті мен орын-үлестерінен мол сыр аңғартады. Алғаш сөз алған Бақтыбай ақын «күй мен сөзді ағытқан» өткен кезеңдерінен сыр толғаса, өз кезегінде Жамбыл «Сәлем-сөздің анасына» тоқтап, кішілік әдеп көрсетеді. Кейінгі жерде өлең-сөзбен өмір өткелдерін ойға алады. Қырғыз-қазақ еліне таныстығын, Майкөт, Құлманбеттің қатар тұрғанын, Майлықожа, Құлыншақты үлгі ететін сырлы сөз – өлең құдіретімен табиғи жеткізеді. Бұл тұстардан-Жамбыл мен Бақтыбайдың адамдық әлемі, ақындық өнері, өмір-уақыт бедері, кісілік пен кішілік төңірегіндегі өмір өнегесі, тәлім-тәжірибесі терең танылады.

Сондай-ақ, «Бөлектің қызы мен Жамбыл», «Сары ақынмен қағысу» сынды шағын көлемді, дидарласу сипатындағы айтыстар – ел өмірінен, қыз-жігіт қасиеттерінен белгі береді. Сұрақ-жауап үлгілерінен де адами құндылықтар, үлкен-кіші орны, ой мен сөз жүйесі терең танылады.

Ал, «Майкөтпен дидарласуы» - екі ақынның да шалқыған шабытымен қоса өлең-сөздегі жарастықтарын да танытады.

Халқымызға тән озық дәстүр-өнегелер, әдет-дағды, жарасты-сыйластық, бірін-бірі құрметтеп, кезек тосып сөйлеу, т.т. ұлттық болмыс, тәрбие тағылымдары көрініс береді.

Жамбылдың ақындық қуатын, талант табиғатын танытқан айтыстары – Құлманбет, Сарбас, Досмағанбет, Шашубай, т.б. кездесіп, өлең-сөзбен ғана қағысып, жарысқа түсуімен емес, бейнелік-көркемдік тұрғысынан да ден қойғызады. Аталған айтыстарда өмірбаяндық деректер, ататек сипаттары, батыр бабаларымыздың /Саурық, Сұраншы, Қарасай/, ана күдіретінің /Домалақ ене қасиеті, т.т./ үлгі-өрнектері көп, әрі ұлттық дүниетанымдық, болмыстық бедерлер, тәлім-тәрбиелік те тақырып иірімдері мол.

Мысалы, «Жамбыл мен Құлманбет айтысы» туралы алғашқы дерек көздері – «Терме» атты әдеби жинақта кездеседі (Ташкент, 1925 ж.).

Бұдан кейінгі жерде С.Сейфуллиннің «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» деген еңбегіне енді. (1931 ж.)

Ақынның әр жылдары жарық көрген (1940, 1946, 1957, 1971 т.с.) жинақтарында ақындық өнер мен айтыс мұрасына да кең орын беріледі.

Ж.Жабаевтың халық әдебиетінің үздік үлгілерін, қазақ эпосының қымбат қазыналарын, әсіресе «Манасты» он жеті күн, «Көрұғлыны» он бес күн жырлап, ақын-айтыскер, әнші-өнерпаздардың жыр мұраларын жатқа айтып, сол арқылы өзінің бойындағы табиғи талантын, даналық пен даралық қасиеттерін-импровизация өнерімен ұштап, жыр-жұлдызына айналуы:

- ұлылық ұлағаты;
- өшпес өмір өнегесі;
- сирек құбылыс!

Біздіңше, Ж.Жабаевтың өлең-жырлары:

- кезең көріністері мен құбылыстарын, адам мен оның өмірін, еңбек мұраттарын жан-жақты көрсетуімен де көркем, келісті сипат құрайды. Өмірден өрбіген шындықтар, көңіл күнделігі мен жүректегі жазулар жүйелі жеткізіледі. Шабытты шақтан туған

ондай өлең-жырлар: арнау-толғау түрінде де, жекелеген шумақ үлгісінде де кездеседі. Бәрінде де ақын көзқарасы айқын, өмірі мен өнері жарқын, ойлы хәм көркем болып келеді.

Дастан-толғаулары:

- тарих пен таным, тұлға мен тағдыр, кеше-бүгін байланысын табиғи дамытып, сол арқылы өмір-уақыт шындықтарын шеберлік пен шешендік тұрғысынан терең толғайды. Көне кезең көріністері, көшпелі өмір суреттері, ұлттық менталитет пен елдік-ерлік болмыс, атамұра тағылымы, т.т. әр алуан салыстыру мен салғастырулар, бедерлі-бейнелі үлгілі үрдістер, көркемдік өрнектер, ойлы нақыштар арқылы серпінді, дәлелді, шешен сөз етіледі.

Айтыс мұрасы:

- ұлт мұратын, адам әлемін, мәдени-рухани құндылықтарды кең көлемде, шабытты шақ пен талантты қолтаңбаға сай серпінді де сенімді жеткізеді. Қарсыласын көңіл көкжиегімен көкке көтереді. Артық-кем тұстарын бүкпесіз баяндайды. Ақиқатты ту етіп, өмір өнегесіне, шындық сипаттарына табан тірейді. Қайсібір айтыстан да адам әлемі, еңбек мұраты, өмір-уақыт шындықтары, тұрмыс суреттері, табиғат құбылыстары кең орын алады.

Алыс-жақын елдердің ақын-жазушылары ұлт руханиятын, қазақ өнерін, импровизациялық дәстүрді өзгеше құбылыс ретінде айрықша атады (орыстар –Н.Тихонов, М.Шолохов, К.Симонов, С.Маршак, П.Кузнецов, Л.Пенковский, беларус–Я. Купала, армян–А.Геворк, венгер–И.Тренчени, румын–В.Вынту, қырғыз–Қ.Ақиев, тәжік–Г.Лахути, чех – Б.Пашкова, т.б.). Мұны, сөз жоқ, Ж.Жабаевтың өмірі мен өнегесі, шығармашылық мұра-мирастарына қатысты да айтуға әбден болады. Өйткені, Ж.Жабаевтың шығармашылық мұрасы ақындық өнердің өрнекті үлгісі, өрісті өлкесі.Қазақ руханиятындағы асыл сөз арналарын-Ж. Жабаевтың шығармашылық мұрасы, кешеден бүгінге жеткен ақындық өнері байытып тұрғаны анық.

Ж.Жабаев мұрасының мәңгілік мерейі де осында.

Әдебиеттер:

1 Аяған Б., Әбжанов Х., Д.Махат. Қазіргі Қазақстан тарихы.

Оқулық. -А.: Раритет, 2010.-18 б.

2 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. -А.: Аруна, 2005. -479 б.

3 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы /20 том/.-А.: Жазушы, 1985. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ.-А.: Жазушы, 1989. Сәтбаева Ш. Уақыт шуағы. -А.: Рауан, 1990. -28 б.

4 Қазақ халық әдебиеті /хрестоматия/. -А.:Рауан, 1990.- 28 б.

5 Әдебиеттану /терминдер сөздігі/.- Семей-Новосибирск, «Талер-Пресс», 2006. - 175 б.

6 Қазақ әдебиеті /энциклопедиялық анықтамалық/.- А.: Аруна, 2005.- 200 б. Қазақстан Жазушылары: XX ғасыр /анықтамалық/.- Алматы: Ана тілі, 2004.-123б. Қазақ әдебиетінің тарихы /10 томдық/. 7-том. -А.: Қаз Ақпарат, 2004.-375б. Жамбыл Жабаев творчествосы. -А.:Ғылым, 1989. - 272 б.

7 Жолдасбеков М. Асыл арналар.-А.:Жазушы,1990.-193 б.

Наследие Жамбыла Жабаева

Земля Казахстана богата талантами, в том числе в гуманитарной сфере. Ученый Р.Турысбек рассматривает жизнь и творчество народного поэта-импровизатора Ж.Жабаева в аспекта литературной связи тюркского мира. Научная статья рассматривает выявление основной тематики произведений, раскрывает с научной точки зрения реализм в произведениях народного поэта Ж.Жабаева.

Ключевые слова: тюркология, айтыс, поэт-импровизатор, фольклор.

Heritage of Jambil Jabaev

Kazakh's land riches with their big talents, including in area of humanitarian sphere. Scientist R.Turysbek write about life and works of people's poet-improvisator J.Jabaev in aspect literature connection of Turkic world. In the scientific article considers exposure main themes of works, opening with point of scientific realism in works of people's poet, relevant of creative heritage of J.Jabaev.

Key words: turcologist, poet-improvisator, folklore.

Мерейтой

Т.ӘБДІҚАДЫРОВА,
ТарМПИ, «Қазақ филологиясы»
кафедрасының менгерушісі,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор.

ӨМІРДЕ ӨЗ ОРНЫҢДЫ ЖОҒАЛТПАЙ, БИІККЕ САМҒАЙ БЕР...!

Елубаева Рахат Сайлаубекқызы 1993 жылы Жамбыл педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына оқуға түсіп, 1997 жылы Жамбыл университетінің әлем тілдері факультетін үздік бітірді. Институт бітіре салысымен өз мамандығы бойынша қызмет атқарды. Ұстаз атты қасиетті мамандықты жанындай сүйе білді.

Бүгінде босағасы берік, абыройы асқақ, болашақ бағдары айқын ел ретінде қазақтың бүгінгі берекелі, келешегі кемел ел десек, Рахат сияқты аяулы қызымен, ардақты ұстазымен мақтана да аламыз. Сол берекенің бастауы болу үшін Рахат Сайлаубекқызы Қазақ халқының тарихи негізді ұлттық құндылықтарын өзі де танып, өзгеге де танытып жүр. Жас ұрпақты «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» (Абай) деген жаһандық өредегі асқақ гуманистік максат-мүддеге негізделген концептуалдық тенденциясын «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын жастардың бойына сіңіріп тәрбиелеуде оның ерен еңбегін айту да керек шығар... Рахат «Адам» атты ұлы есімнің бойында тек жақсы қасиеттер мен іс-әрекеттер ғана болуға тиіс деп, ұрпағын соған ынталандыра тәрбиелеп келеді. Кімнің болмасын шын мағынасындағы «Адам» болып қалуына үлесін қосып еңбек етуде.

Елубаева Рахат Сайлаубекқызы 1998-2000 жылдары аталған Жамбыл педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті

мамандығының аспирантурасында білім алады. 2000 жылы аспирантураның күндізгі бөлімін ойдағыдай аяқтап, «Қазақ тілін оқыту үрдісінде этнопедагогика арқылы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми негіздері» атты тақырыпта ғылыми кандидаттық диссертациясын қорғады.

Диссертация тақырыбына лайық балаға адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми бағыт-бағдарын сілтеп, дұрыс тәлім-тәрбие беру арқылы ғана болашақта өз орнын білетін, өз мүмкіндігіне сенетін адам тәрбиелеу-үлкен өнер екенін өз шәкірттеріне түсіндіріп келеді. «Қазақ тілін оқыту үрдісінде этнопедагогика арқылы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми негіздері» жайында айта келіп, баланы тәрбиелеу барысында тәрбиешінің өз тәжірибесі, өзінің өткен жолы, өмірден көріп түйгені, ол жолдағы жетістіктері мен қателіктері бәрі-бәрі бала өміріне әсер етеді дегенді өз өмірінде пайдаланып, шәкірттерін де соған тәрбиелеуде. Сонымен қатар, кез келген тәрбие саласында қызмет істейтін адамның бойында жақсы қылықтары мен қасиеттердің міндетті түрде басым болуы тиісті екендігін ешқашан өзі де ұмытқан емес, өзгеге де ұмыттырған емес.

Ал тәрбиемен қоса білім беретін мұғалімдер қауымынан бүгінгі заман талабына сай жаңа технологияны меңгерген, жан-жақты, бала тәрбиесін өнер деп білетін сол өнерді жан-тәнімен сүйетін, өз мүмкіндігіне өзі сенетін және сондай адам тәрбиелейтін болулары тиіс десек, Рахат сондай жаңашыл ұстаздардың қатарына жатады.

Ол Жамбыл педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2010 жылы 10.01.02 - қазақ әдебиеті мамандығы бойынша доценті ғылыми атағын алды. 2000-2004 жылдар аралығында Тараз мемлекеттік университетінің, Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Қазақ әдебиеті» кафедрасында аға оқытушы қызметін атқарды. 2004-2008 жылдары арасындағы А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Тараз институты «Қазақ әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі, 2008-2009 оқу жылында Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің «Жалпы тілдер» кафедрасының меңгерушісі, 2009-2010 оқу жылында «Педагогика» кафедрасының

меңгерушісі, 2010-2011 оқу жылынан бері «Филология» кафедрасының меңгерушісі қызметін абыроймен атқарып келеді.

Адам баласына қатысты ең жақсы қасиеттер – тәні мен жанының саулығы, отбасының татулығы, береке мен тоқшылық, мейрімділік пен сыйластық, өзгенің қуанышына қуана біліп, қайғысына ортақтасу, өзіңе ұнайтын, жаныңа жақын қызметіңді істеп, өзіңе де өзгеге де сыйлы болу десек, Рахаттың бойынан осы қасиеттердің барлығы табылады.

Ол бақытты ана, сүйікті жар, айнала қоршаған адамдарына қуаныш сыйлап жүрген, өзінің жанына жақын, өзі жақсы көретін мамандық иесі. Айнала қоршаған ортасына, туыстарына, қызметтестеріне жақсы көңіл-күй сыйлап, қуанышқа бөлеп жүрген ізгі жан. Елдің зияткерлік әлеуетін нығайтып, ұлтын сүйетін, жалпы адамзатты қастерлейтін жас ұрпақ қалыптастырудағы ерен еңбек етіп жүрген аяулы ұстаз.

Рахат Сайлаубекқызының 2000 жылдан бері 80-нен аса ғылыми, ғылыми-әдістемелік еңбектері, оның ішінде 7 оқу-әдістемелік құралы, 2 оқу құралы жарыққа шыққан.

Мұғалім үшін кәсіби шеберлікке жету, өз мамандығының данышпаны болу бір күнде пайда болатын дүние еместігін біз жақсы түсінеміз. Рахат ұстаздық мамандықтың өмір бойы ізденушілікті, төзімділікті талап ететін мамандық екенін жақсы аңғарған ұстаз. Ұстаздың әрбір сөзі мен ісі, қимылы, аяқ алысы, жүрісі, көзқарасы, психологиялық және ізгілік тұрғысынан шәкірт жүрегінен үлкен орын алатындығын еш уақытта есінен шығарған емес.

Ол оқу мен тәрбие үдерісін ұйымдастыруда мол білімділікті, ақылдылықты, дұрыс іскерліктер мен дағдыларды қолдануы негізінде биік мақсатқа, берекелі нәтижеге жете алатындығын өмір бойы ту етіп келеді. Іске сәт, Рахат, мерейтойың құтты болсын!

Өмірде өз орныңды жоғалтпай, биікке самғай бер!

Г.ҚОРАБАЕВА,
Бердібек Соқпақбаев
атындағы орта мектеп.
 Алматы облысы,
 Райымбек ауданы,
 Нарынқол ауылы

АСАН ҚАЙҒЫ - ХАЛЫҚ ҚАМҚОРШЫСЫ

Сыныбы	9
Мақсаты:	Асан толғауларының көркемдік қуатын, философиялық тереңдігін, өнегелі сипатын жан-жақты ашу.
Күтілетін нәтиже:	Сөз еркіндігіне баулу, шығармашылық ізденіске бағыттау, сөз өнеріне қызығушылығын арттыру, поэзияны түсінуге, сырына үңілуге шақыру. Оқушыларды елін, жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу. Шығармашылық ізденістер арқылы әдеби сөйлеу тілі дамиды, пайымдауға, пікір айта білуге дағдыланады.
Сабақтың әдіс-тәсілі:	талдау, хат жазу, ойтолғау, пікір алысу.
Пәнаралық байланыс:	тарих, музыка, география.
Сабақ формасы	Блум жүйесіне негізделген сабақ.
Сілтеме:	9-сынып. «Қазақ әдебиеті» оқулығы. С.Ч.Тұрсынғалиева, Г.Р.Бәкенова.
Ресурстар:	Хасан Сәбитұлы туралы қосымша материалдар. таныстырылым, үлестірме парақшасы, электронды оқулық.
Кезеңдері:	Сабақ бойынша мұғалім мен оқушының іс-әрекеті.
Ұйымдастыру:	Оқушылармен амандасу, түгелдеу, төрт топқа бөлу.
Қызығушылықты ояту:	Электронды оқулықтан Асан Қайғының «Желмая» күйін тыңдату.
Білу:	Жыраулар поэзиясы XV ғасырда дүниеге келді. Жыраулар поэзиясы, оның өкілдері кімдер? Жырау деген кім? Неге XV ғасырдағы әдебиетті тарихи оқиғаларға толы кезең дейміз?

	Жыраулар қандай қызмет атқарды? Жыраулар поэзиясының негізгі тақырыбы қандай? Жыраулардың шығармаларын не деп атаймыз? Толғау қандай сипаттағы шығарма? Жыраулар поэзиясының құндылығы неде?						
Ой шақыру	<table border="1"> <tr> <td>Білемін</td> <td>Білгім келеді</td> <td>Білдім</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Білемін	Білгім келеді	Білдім			
Білемін	Білгім келеді	Білдім					
Түсіну.	Оқулықпен жұмыс. Автор туралы түсінік. Жаңа тақырыпты өз бетінше оқып меңгеру. Топқа сұрақ. 1. «Әдебиетшілер» тобы. Асан қайғы кім? 2. «Ғалымдар» тобы. Хасан Сәбитұлының Асан қайғы аталуына не себеп болды? Асан қандай жерлерді аралады? 3. «Тілшілер» тобы Асан Қайғы үшін Жерұйық не? 4. «Білімділер» тобы Асанның Жерұйықты іздеуіне тағы бір себеп болған нәрсе.						
Қолдану.	Асан қайғы толғауларында қандай мәселелерді қозғағаны туралы ой бөлісіңдер. Жырау толғауларынан нақыл сөздерді теріп жазыңдар. «Екі жақты күнделік» стратегиясы. <table border="1"> <tr> <td>Толғаудан үзінді</td> <td>Идеясы</td> <td>Ой түйін</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>«Ғалымдар» тобына «Бұл заманда не ғаріп?» «Тілшілер» тобына «Еділ бол да Жайық бол» «Әдебиетшілер» тобына «Таза мінсіз асыл тас» «Білімділер» тобына Көлде жүрген қоңыр қаз»</p>	Толғаудан үзінді	Идеясы	Ой түйін			
Толғаудан үзінді	Идеясы	Ой түйін					
Талдау.	Өлең құрылысына талдау. Өлеңнен көркемдік тәсілді табу.						
Жинақтау.	1 «Ғалымдар» тобы Жыраумен тілдесу хаты 2 «Тілшілер» тобы Асан жырының маңызы туралы пікір жазу. 3 «Әдебиетшілер» тобы Асан қайғының халқына бақытты өмір іздеп, Жерұйықты аңсаған арманы орындалды ма? 4 «Білімділер» тобы 5 жолды өлең.						
Бағалау.	Топ оқушылары бірін-бірі бағалайды.						
Кері байланыс	Оқушылар сабақ бойынша өз пікірін жазады. Үнтаспадан Асан қайғының сөзіне жазылған Алтынай Жорабаеваның орындауындағы «Мұны неге білмейсің?» өлеңін тыңдату.						
Үйге тапсырма:	Асан қайғы туралы дереккөздерін іздеу, «Есті көрсең кем деме», «Әділдіктің белгісі» толғауларын талдау, өздеріне ұнаған толғауды жаттау.						

САЙЫН МҰРАТБЕКОВ. **«ЖУСАН ИІСІ»**

Мақсаты:

1. Көрнекті жазушы, қоғам қайраткері Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» әңгімесін қорытындылау, алған білімдерін жинақтап бекіту.

2. Адамгершілік қасиеттерге, адал достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.

3. Мәтінге талдау жасай білу, өз пікірлерін жеткізе білу дағдыларын дамыту, әдеби дүниетанымын арттыру, ой-өрісін кеңейту.

Сабақ түрі: білімді жинақтау, қорыту сабағы.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, сатылай кешенді талдау, әңгімелеу.

Көрнекілігі: жазушының портреті, кітаптары, үлестірме қағаздар.

Пәнаралық байланыс: тарих, биология.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен сәлемдесу, зейінін сабаққа аудару.

Үй тапсырмасын сұрау.

Жазушы әрі қоғам қайраткері Сайын Мұратбековтың өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша мәлімет, «Жусан иісі» әңгімесін мазмұндау.

Сұрақтар:

- Сайын Мұратбеков кім?

- Қай жылы, қай жерде дүниеге келді?

- Қандай шығармаларын білесің?

Мазмұндық жоспар:

1. Соғыс зардабы.

2. Аян ертегілері.

3. Тағдыр тауқыметі.

4. Аяның хатты алуы.

5. Қоштасу.

Жаңа сабақ. Сабақтың тақырыбын айту, мақсатымен таныстыру.

1. Кіріспе сөз.

2. Мәтінмен жұмыс. Сұрақ-жауап.

Талдау – табыс кілті.

Н.А.Оразахынованың Сатылай кешенді талдау технологиясы бойынша талдау жасату.

Тіл өнер. Үлестірме қағаздармен жұмыс.

Өзіндік ізденіс – білім негізі. (Дәптермен жұмыс)

Аян бейнесін құрастыру.

Портрет дегеніміз – шығармадағы кейіпкерлердің сырт пішіні, түр-түсі, кескін-келбеті, бой-тұлғасы, жүріс-тұрысын суреттеу.

Мінездеме–шығармаға қатысушының мінезін, дүниеге көзқарасын суреттеу.

Қорытынды.

Белгілі сыншы, әдебиетші Құныпия Алпысбаевтың пікірімен сабақты қорытындылау.

Оқушылар білімін бағалау.

Үйге тапсырма.

Аян ертегісін жалғастыр және оған өзіңше ат қой.

Қырық қазына

Әр түліктен нешеден?

Жеті жасар баласын есепке үйреткісі келген әкесі бір күні:

-Ендігі жеті жылда түйеміз екі есе, жылқымыз-үш, сиырымыз - төрт, қойымыз бес есе көбейсе, онда бәрін қосқандағы саны сенің қазіргі жасыңнан екі есе көп болады екен,- дейді.

-Ол кезде біздің үйдегі жылқының, түйенің, сиырдың, қойдың әрқайсысы қаншадан болады?-деп баласы әкесіне қарайды.

-Оны білу қиын емес. Өзің-ақ табасың,-деп әке баласын ойландырып тастайды. Көп өтпей-ақ бала өз сұрағының жауабын айтады. Бұл үйдің түйесінің, жылқысының, сиырының, қойының саны қанша?

Жауабы: Егер жеті жылдан кейін түйе, үш жылқы, төрт сиыр, бес қой болатын болса, онда барлығы он төрт бас мал болар еді. Бұл үйде бір түйе, бір жылқы, бір сиыр, бір қой болған. Жеті жылдан кейін екі түйе, үш жылқы, төрт сиыр, бес қой болады.

А.УРАЗОВА,
А.Тайманов атындағы
№ 34 мектеп-гимназиясы.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Орал қаласы

Ж.АЙМАУЫТҰЛЫ «ӘНШІ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ ӘН ҚҰДІРЕТІ ЖӘНЕ ӘМІРҚАН БЕЙНЕСІ

Максаты:	Ж.Аймауытұлы «Әнші» әңгімесіндегі ән құдіреті және Әмірқан бейнесі, әңгімедегі Әмірқан бейнесін ашу, халқымыздың ән өнері туралы мағлұмат беру, мәтінді арқау ете отырып, рухани-адамгершілік бағытында тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтиже:	а) топтық, жұптық жұмыс тапсырмалары арқылы әңгіме идеясын ашады; ә) әнге құштарлық, өнер адамдарына деген көзқарасты қалыптастыру керектігін ұғынады. с) Әмірхан әнінің зор құдіретін қазіргі өнермен байланыстыра алады.	
Сабақтың әдістері:	Сын тұрғысынан ойлау, топтық жұмыс, диалогтік оқыту, ОуБ, АКТ.	
Керекті жабдықтар:	Ж.Аймауытов, Ә Қашаубаев портреттері, шығармалары, АКТ, ресурс парақтары, маркер, стикер, плакат, оқулық.	
Сілтеме	1. 7-сынып. Әдебиет оқулығы. 2. К.Ә.Қылышбаева «Әдебиет пәнін шығармашылықпен оқыту-Блум таксономиясының ұтымдылығы». 2012ж. 3. «Мектептегі кітапхана». №2. 2014ж.	
Тапсырмалар:	Сыныпты топтастыру. 2. Тапсырмалар Блум таксономиясы бойынша құрылады.	
Сабақ кезеңдері:	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе. 5 мин.	Психологиялық дайындық. Бір біріне сәттілік тілейді. «Әншілер», «Өнерпаздар», «Білімділер», «Еңбекқорлар» топтарына бөлінеді. Топ атауына байланысты мақалдар жазылған кеспелер бойынша топтасады. Үй тасырмасы: Мәтін бөлімдері бойынша жүйелеу. 1. Жетішатыр-жақсы қала. 2. Әнші Әмірқан осы.	Мұғаліммен амандасады, кезекші мәлімет береді. Оқушы көңіл күйін бағыттау, сабаққа деген ынтасын ояту. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы, ынтасы оянады.

	3. Ақтамақ хикаясы. «Білгенге маржан». Жуан, жіңішке сұрақтар. Оқушылар берілген сұрақтар арқылы үй тапсырмасына әзірлігін көрсетеді. 1. «Сегіз қырлы, бір сырлы» Ж.Аймауытов туралы не білесіздер? 2. «Жетішатыр-жақсы қала» Шығармадағы қаланың тұрмыс – тіршілігі қалай бейнеленген? 3. Әнші Әмірқан алғашқыда (Шәкет үйінде) салған әні мен тыңдаушылардың алған әсері, сезім күйлері әңгімеде қалай беріледі? 4. Наурыздағы ойын-сауық қалай берілген? 5. Шығармадағы Әмірқанның Ақтамақ жайындағы әңгімесі.	Топ мүшелері бағалау парағымен танысады, әрбір кезеңдерден кейін шынайы бағаланып отырады. Соңында мұғалім көмегімен кері байланыс жасайды. Мадақтаулар: өте жақсы, жарайсыздар!
Тұсаукесер 7 мин.	Ой қозғау. Үнтаспадан Әміре Қашаубаев туралы бейнетаспа көрсетіледі. Қай жазушының шығармасын алып қарасақ та өнерді сүю назардан тыс қалған емес.	Білу, түсіну аясында сұраққа жауап берді. «Екі жұлдыз, бір тілек»
Негізгі бөлім. 20 минут.	Мәтінмен жұмыс /МИҒА ШАБУЫЛ/ Жана сабақ эпиграфы: <i>Сегіз қырлы, бір сырлы мен Жүсіпбектей шебер жазушыны бұрын-соңды көрген емеспін.</i> <i>Б.Майлин.</i> Топтық жұмыс. «Кітап-досың, ақылшын»(Оқулықпен жұмыс) 1-топ. Әңгіменің композициялық құрылымына талдау. Оқиғаның басталуы – Жетішатыр қаласының тұрмыс-тіршілігі. Оқиғаның дамуы –Қымыз ішкен жастардың Әмірқанмен кездесуі. Шиеленісуі – Наурыз мерекесі. Әмірқан-театр сахнасында. Шарықтау шегі – Әмірқан басынан кешірген бір оқиға. Шешімі– Ән тәңірінің құдіретті әні.	Дәптерлерін ашып, сабақ тақырыбын жазады. 1. Оқушылар берілген мәтінмен жекелей танысып болғаннан кейін, ол бойынша өзіндік түсінік және пікір қалыптастырады. 2. Оқушылар топ болып бірігіп, туындаған мәселелердің шешімдерін талқылайды, қорытындылайды.


<p>2-топ. Әмірқанның өмірдегі прототипі кім? Прототип дегеніміз не?</p> <p>Ә.Қашаубаев-қазақ музыкасын халықаралық деңгейде танытқан дарынды жезтаңдай әнші. Ол 1925 жылы Парижде дүниежүзілік көрменің этнографиялық концертіне қатысып, «Дудар-ай», «Қараторғай», «Қызыл бидай», «Үш дос» әндерін орындаған.</p> <p>2. (Ә.Қашаубаев). Прототип дегеніміз –гр. түптұлға, әдеби шығармада кейіпкер бейнесін жасауға негіз болатын өмірде болған адам, тарихи тұлға. Әңгімедегі Әмірқанның прототипі – әйгілі қазақ әншісі Әміре Қашаубаев. Ол - Парижде өткен дүниежүзілік этнографиялық концертте бүкіл әлем жұртшылығына танылған тарланбоз әнші. Сол Парижде ол Исаның әні «Желдірмені» орындаған. Шетелдіктер ол әнді күйтабаққа жазып алған. Кейіннен Қазақстандықтар Париж мұражайынан сол жазбаны алдыртқан.</p> <p>3-топ. 1.Өз қиялдарыңмен Ақтамақ хикаясы тақырыбына қысқаша әңгіме құрастырыңдар.</p> <p>4-топ. Әмірқан бейнесін мінездемелік жоспар арқылы ашу: үзінділер арқылы дәлелдеу</p> <p>Қарапайымдылығы-Әмірқан қол ұстасып, сыпайы амандасып отырды. Әнеугі Шәкәттікінде көрген Әмірқан емес, бұйығы, момақан жігіт.</p> <p>Өнерге сүйіспеншілігі- Ән салса, ол өзін- өзі ұмытады, әннің әуеніне төңкеріледі, оның дауысы көмейінен шықпайды, жүрегінен шығады. Ол әннің әр нақысын ұғады, әнді ғана сүйеді. Ол тәтті үнге, топқа бола жаралған адам. Ән салса, рақаттанып, гүл- гүл жайнайды. Көзі де, аузы да, денесі де, қолы да бірге салады. Әмірқан кісі емес, әнге айналады. Оның ән салғандағы түріне қарап отырсаң, тоясың.</p> <p>Адамға үйірсектігі- Әмірқан кісіге тез үйір болатын, жолдасқа жанын қиятын жігіт. Наурыздан кейін бізбен дос болып кетті. Бер жаққа шықса, бізге соқпай кетпейді.</p>	<p>Оқушылар екі жұлдыз, бір ұсыныс айтады.</p>
---	--

	<p>Азаматтық тұлғасы(мәрттігі) Ол «барды баламайды, жоқты санамайды», өзінің бірдемесін сұрасаң, бере салады, кісінің нәресесін, киімін өзі де киіп жүре береді. Ұят екен-ау демейді. Ол кісі алдауды, арын сатуды білмейді. Кім көрінгенге сенеді. Өзін әркім талай алдап кетсе де, сенуін қоймайды. Сергіту сәті. Ақан серінің әні «Балқадіша».</p>							
<p>Қорытынды 10 минут.</p>	<p>Ой-толғаныс. 5 минуттық ой толғау. «Ән –өмір айнасы» ойтолғау жазу «Иә, балалар, өнер – мәңгілік! «Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық» деп өнерге ғана бас иіп өткен біртуар дарын иесінің бойындағы жақсы мінез-құлықты өз бойларына үлгі етіп ала біліңдер. Өнерді бағалай білейік.</p>	<p>Ш ы ғ а р м а ш ы л ы қ жұмыс арқылы өз ойларын жазады. Тақырыпты ашуы, Өзектілігі</p>						
<p>Рефлексия. 2 мин. Бағалау. 2 мин. Үйге тапсырма 2мин</p>	<p>Рефлексия. 2 минут.</p> <table border="1" data-bbox="1244 707 1591 831"> <tr> <td>Шығарма несімен ұнады?</td> <td>Сабактан алған әсерің?</td> <td>Түйінді ойың</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </table> <p>Табыс өлшемдері бойынша бағалау; 1. Шығарманы жүйелі жалғастыру; 2. Берілген мәтінмен жекелей танысып болғаннан кейін, ол бойынша мазмұнын ашу; 3. Әңгімедегі Әмірқан бейнесін ашу, түйіндей білу; 4. Шығарманы әдеби тілде шебер баяндап жеткізу; 1. «Әнші» әңгімесінің мазмұнын айту. 2. Өнер, өнер адамының тағдыры суреттелген туындыларды тауып оқыңыздар.</p>	Шығарма несімен ұнады?	Сабактан алған әсерің?	Түйінді ойың				<p>Не нәрсе оңай болды? Не нәрсе қиын болды? Не білгіңіз келеді? Топ басшысы бағалау парағын тапсырады, бағалайды, мұғалім сараптама жасайды Үй тапсырмасын күнделікке жазады.</p>
Шығарма несімен ұнады?	Сабактан алған әсерің?	Түйінді ойың						

АБАЙТАНУ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ БІР САЛАСЫ

Мақсаты	Абайтану ғылымының қалыптасуына М.Әуезовтің қосқан үлесі, қазіргі абайтану ғылымының даму бағыттарын, абайтану – қазақ әдебиеттану ғылымының бір саласы екендігі туралы түсінік беріледі.		
Құтілетін нәтиже	Ұлы ақын мұрасын тану, зерттеу саласында құнарлы еңбек еткен ғалымдар, ақын, жазушы зерттеулерін біледі. Абайтану ғылымының өміршеңдігін түсінеді.		
	Жүргізілетін жұмыс		
Жұмыс кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті		
Ұйымдастыру:	-Оқушылармен амаңдасады. - Психологиялық ахуалды орнату - Оқушыларды топқа бөлу.	Оқушының іс-әрекеті Мұғаліммен амаңдасады. Шеңберде тұрып, ақын өлеңдерінен бір- бір шумақ оқылады. Асық түстері арқылы топқа бөлініп отырады.	

Қызығушылықты ояту.	Ой шақыру. Абайтану ғылымына академик Зәки Ахметов былай деп баға береді: «Абайтану кемеңгер ақынның өмірі мен шығармашылық өнері, философиялық, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан-салалы зерттеу еңбектерді қамтиды»	Оқушылар ойланады.
Жетелеу сұрақтары	-«Абай- шығармашылық тұлға» дегенді қалай түснесің?	Жеке жұмыс. Топтық жұмыс. Сабактың бүгінгі тақырыбын анықтайды.
Мағынаны тану.	«Абайтану саласындағы орасан зор ғылыми шығармашылық ізденістер» Жоспар ұсынылады. Жоспар бойынша лекция оқылады. 1. Абайтану ғылымының негізін салушы, іргетасын қалаушы –М.О. Әуезов. 2. Абайдың тұңғыш биографы — Кәкітай Ысқақұлы 3. Абайтану ғылымына ерекше үлес қосқан ғалымдардың бірі де, бірегейі де академик Зәки Ахметов. 4. Абайдың ақын шәкірттері 5. Абайтанушы ғалым М.Мырзахметов еңбектері. 6. Абайтану бойынша құнарлы еңбек еткен ғалымдар, ақын, жазушы зерттеулері.	«Бірін- бірі оқыту» стратегиясы 1. Мұғалім рөліндегі оқушы лекция бөлігі аяқталғаннан кейін лекцияда айтылғандарды қасындағыларға қорытындылап шығады; 2. Одан кейінгі мұғалім рөліндегі оқушы қасындағы оқушыларға лекция мазмұны бойынша екі- үш сұрақ қояды. 3. Мұғалім рөліндегі оқушы өз тобындағы оқушылардың туындаған сұрақтарына жауап беріп, лекцияның қиын жерлерін түсіндіреді; 4. Соңында мұғалім рөліндегі оқушы лекцияның келесі бөлігі не туралы болатындығы туралы өз болжамын қасындағыларға айтады. Лекцияның келесі бөлігінде мұғалім рөлін енді басқа оқушы орындап, келтірілген эрекеттерді ретімен орындайды.

Топтық жұмыс. Негізгі тақырып пен одан туындаған тақырыпшалардың байланысы ортада талқыланады, басқалардың сұрақтарына жауап береді, қабырғаға іліп қояды.		Ой толғаныс.
Оқушылар пікірі тыңдалады.	Кластер құру. Абайтану • Бүгінгі сабақтан алған әсерің қандай? • Сен үшін маңыздысы не болды?	Рефлексия.
Тапсырма жазып алынады.	«Абайтану – қазақ әдебиеттану ғылымының бір саласы» тақырыбына реферат жазып келу тапсырылды.	Тапсырма.

Г.ШАҒАЛАМОВА,
Академик О.А.Жаутықов атындағы
жалпы білім беретін
№1 қазақ орта мектебі.
Қарағанды облысы,
Қарқаралы қаласы

ӘБУНАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ (8-сынып)

Мақсаты: Әбунасыр әл-Фараби туралы ойларын тереңдету, оның шығармаларын сыни тұрғыдан бағалай білуге үйрету. Оқығандарын ортаға салып, өз ойын тұжырымдай білуге және өзгенің пікірін сыйлауға баулу. Оқушылардың ислам дәуірі әдебиетінің өкілі туралы дүниетанымын кеңейту. Ой-өрісін дамыту, ойлануға, қорытынды жасауға дағдыландыру, өз бетінше қолдануға, іздену жұмыстарына төселдіру.

Түрі: жаңа сабақ. Әдісі: сұрақ-жауап, талдау, іздену, топтық жұмыс, салыстыру.

Көрнекілігі: портреті, тірек-сызбалар, бағалау парағы, кестелер.

Сабақтың кезеңі:	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
	Амандасу Кезекші мәліметі Топқа бөлемін. Бағалау парағы таратамын.	Оқушылар шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жақсы тілектер айтады. Өлең жолдарын құрау арқылы топқа бөлінеді. (Күлтегін, Қорқыт, Оғыз қаған)
Есте сақтау. Мақсаты: Есте сақталған немесе білетін ақпараттар деңгейін тексеру. қайталау.	«Ой шақыру» кезеңі. 1. Әбу Насыр Әл-Фараби қай жылдары өмір сүрген? 2. Қай тілдерді жетік білген? 3. Туған жерге деген сүйіспеншілігін қай өлеңінде жырлаған?	«Миға шабуыл» Әдісі арқылы өткен материалды еске түсіреді. Қорытындылайды.
Доп лақтыру әдісі. Интербелсенді тақтада	Ежелгі дәуір әдебиеті неше кезеңге бөлінеді?	

Әбунасыр Әл-Фараби суреті көрсетіледі.	Күлтегін жыры мен Оғыз қаған жырын салыстыр? Ислам дәуіріндегі әдебиеті жайлы ой бөліс. Әбунасыр әл-Фараби қай жылдары өмір сүрген? Ғылыми еңбектері жайлы ой бөліс.	
Топтық жұмыс. 1-топ, 2-топ.	Топтастыру әдісі. Әбунасыр әл-Фарабидің өмір жолы. Әбунасыр әл-Фарабидің ғылыми еңбектері.	
3-топ.	Әбунасыр әл-Фарабидің «Шығыстың Аристотелі» атану себебі.	
Мағынаны тану. Рефлексия кезеңі:	Концептуалдық кесте. Сабақ бойынша ойынды білдір «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы жаңа сабақтан түйгенін айтады. Сабақтан алған әсерлерін жазып іледі.	
Бағалау. Үйге тапсырма:	Оқушылар бағалау парағы бойынша өзін бағалайды, мұғалім жиынтық баға қояды. 1-топ. Әбунасыр әл-Фараби ұстазға хат. 2-топ. Ребус құрау. 3-топ. «Жаксының жолы-жарық күн». Эссе жазу.	

Оқушылар білімін бағалау:

Оқушының аты-жөні	Үй тапсырмасын орындау	Топтық жұмыс кезіндегі жауап беруі	Концептуалдық кесте	Қорытынды баға

Рефлексия кезеңі:

Сабақ бойынша ойынды білдір		
Қандай жаңа білім алдың?	Алған білімді қолдана аласың ба?	Саған қиындық тудырған түсініктер?
Білемін	Білдім	Білгім келеді

Концептуалдық кесте

Кейіпкер	Өмірге қызығушылығы	Адамгершілік қасиеті	Кейіпкерге берген баға
Әбу Насыр Әл-Фараби 870-950			

Топтастыру. Әбунасыр әл-Фараби.

Сабақтан алған әсерім	Пікірім

Ескерткіштен үзінді

*Әкем қаған өлгенде
Інім Күлтегін жеті жаста қалды.
Он жаста Умай текті шешемнің бағына
Інім Күлтегін ер атанды.
Он алты жасқа (келгенде)
Ағам қағанның ел жұртын сонша молайтты,
Алты чуб соғдаларға қарсы
Аттандық, талқандадық.
Табаши, Оңтұқтықтың бес мың әскері келді.
Соғыстық.*

*Қорқыттың дүниеге келуі
Қорқыт туар кезінде
Қараспанды су алған,
Қара жерді күл алған.
Ол туарда ел қорқып,
Туғаннан соң әбден қуанған!*

*Оғыз қаған дастаны
Ай, ұлдарым, белестерден астым,
Ұрыстарды көп көрдім.
Найза сілтеп, көп оқ аттым,
Айғыр мініп көп жорттым.
Дұшпандарымды жыллаттым,
Достарымды күлдірдім.
Көк Тәңірге өтеуім-
Сендерге жұртымды беремін.*

Ж.ӘБДІРОВА,
М.Мирманов атындағы мектеп.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Жаңақала ауданы,
 Бірлік ауылы

С.БЕГАЛИННИҢ «БАЛА ШОҚАН» ӘҢГІМЕСІ

Мақсаты:білімділік-Қазақ халқының біртуар перзенті Шоқан Уәлихановтың өмірі мен өскен ортасы ,тәрбиесі жайлы тереңірек таныстыру; тәрбиелік-Шоқан өмірін үлгі ете отырып, оқушыларды саналылыққа, еңбексүйгіштікке, өз елін, отбасын сүйе білуге тәрбиелеу; дамытушылық-оқушылардың өз бетімен ізденушілік қабілетін ұштастыру, тұжырымды пікір айта білуге үйрету. Шығармашылық қабілетін дамыту.

Шығарманың идеясы негізінде оқушыларды ата-ананы құрметтеуге баулу, адамгершілікке, ізгілікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу.

Түрі: дамыта оқыта отырып, жаңа сабақты меңгерту.

Әдісі: салыстырмалы мінездеме, оқулықпен жұмыс, ойтолғау, топтастыру,сатылай кешенді талдау, сұрақ –жауап, тест жұмысы, диалогиялық әңгіме.

Көрнекілігі: С.Бегалин портреті, Қазақ әдебиеті энциклопедиясы, Шоқан туралы естеліктер, Венн диаграммасы, кітап көрмесі, әр түрлі мүсіндер.

Сабақтың барысы: I.Ұйымдастыру кезеңі

а) Сәлемдесу; ә)оқушыларды түгелдеу; б)кұралдарын тексеру.

2. Үй тапсырмасын сұрау:

а) Жазушы өмірі туралы;

ә) Әңгіме тақырыбын, идеясын ашу;

б) Әңгіме мазмұнын айту.

3. Жаңа сабақ. «Кейіпкер келбеті»

1. Бала Шоқан бейнесін құрастыру;

№	Сұрақтар	Шоқан бейнесі
1	Шыңғыс ауылы күзекке келгенде,сары бала неге қуанды?	
2	Шоқан Мысықпен қай жерде кездесті?	
3	Мысық жасаған мүсіндерді Шоқан қалай бағалады?	
4	Шоқанның кішіпейілділігі,қамқорлығы мәтінде қалай суреттеледі?	
5	Шоқанның уәдеге беріктігін қай ісінен байқауға болады?	
6	Шоқан мысықтың болашағынан үлкен үміт күткенін неден байқауға болады?	
7	Шоқанның Мысықты үйіне ертіп келудегі екі түрлі себебі қандай?	
8	Шоқан кім? Ол жайында не білеміз?	

2. Топтық жұмыс;

Әңгіме құрылысына талдау.

I топ.

Әңгіменің басталуы: Шыңғыс ауылының күзекке көшіп келуі.

Байланысуы: Шоқан мен Мысықтың достығы.

Шиеленісуі: Мысықтың Шоқан үйіне алғашқы қадам басыуы.

Бәйбіше мен Жақыптың оғаш мінездері.

Шарықтау шегі: Шоқанның әжесі Айғаным ауылына кету алдындағы уәдесін орындауы.

Шешімі: Шоқан ауылының күзектен көшуі.

Қорытынды: Шоқан мен Мысықтың қоштасуы.

II топ.Сатылай кешенді талдау.

(Мәтінге сатылай кешенді талдау жасату)

3. Венн диаграммасы.



4. Ұшқыр қиял, жүйрік ой.

Әңгімеде ата-бабаларымыздың ежелгі қандай дәстүрі, өнері суреттелген. (Балалар жауабын мәтіннен табады, сол туралы кеңінен әңгімелейді).

Ш.Уалиханов туралы естеліктер, зерттеу-еңбектерінен ұйымдастырылған кітап көрмесімен кітапханашы таныстырады.

Ү.Қорытынды.(сабақты қорытындылау үшін тест тапсырмаларын беремін)

Кітап көрмесімен таныстыру

V.Үйге тапсырма.

1. Мәтіннен Шоқан бейнесін сомдайтын үзінділерді талдау.

2. Достық, өнер туралы мақал-мәтелдер жазып, мағынасын түсіндіру.

3. Өңгімеден алған әсерім.Ойтолғау жазу.

VI. Бағалау.



А.АЙМАХАНОВА,

№ 19 орта мектеп.

Көкшетау қаласы

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ.

«АТТАНДЫРУ»

Сілтеме:	Оқулық, Алматы. «Атамұра» 2012ж. Жоспар, ғаламтор, www.sabak.kz, www.ustaz.kz. www. 45 minut.kz
Жалпы мақсаты:	Оқушылар Жамбыл Жабаевтың өмір тарихына шолу жасай отырып, шығармашылығының қазақ әдебиетінде алатын орны мен маңызы туралы біледі, «Аттандыру» өлеңінің мәнін түсінеді. Ж.Жабаевтың өлеңін оқыта отырып, оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасау, ойлау қабілетімен сөйлей білу шеберлігін ұстарту. Отанға деген сүйіспеншілігінің дамыту.
Күтілетін нәтиже:	Жамбыл Жабаевтың өмір тарихына шолу жасай отырып, шығармашылығының қазақ әдебиетінде алатын орны мен маңызын түсінеді, «Аттандыру» өлеңінің мәнін ашады. Ж.Жабаевтың өлеңін оқи отырып, бата,тілек,қоштасу жайлы түсінік қалыптасады.Отанды сүю, қорғау әр азаматтың борышы екендігін біледі.
Негізгі идеялар:	Жамбыл Жабаевтың өмір тарихына шолу. «Аттандыру» өлеңінің мазмұны.
Тапсырмалар:	«Миға шабуыл», ой шақыру, « Зымыран сұрақтар», Топпен жұмыс, «Ойлан, жұптас, талқыла!» мағынаны тану, Сатылай кешенді талдау, шығармашылық жұмыс, семантикалық карта. Рефлексия. «Жүз жыл жырлаған жүрек».

I. Ұйымдастыру кезеңі (3 мин)

1. Психологиялық дайындық. «Көңіл-күйің қандай?»

Мейірімді жүрекпен,

Ақ пейілді тілекпен,

Амандасып алайық,

Бір жадырап қалайық!

2. Оқушыларды түстерге байланысты 4 топқа бөлу. (1мин.)

II. Үй тапсырмасын сұрау. «Миға шабуыл» әдісі (4 мин)

Ж.Аймауытов «Күн менікі» үзінді.

Үзіндінің мазмұны бойынша «Зымыран сұрақтар».

1.Үзіндіні оқи отырып, қазақ ауылының қандай тіршілігі көзге елестеді?

2. Күнікей салған ән қасындағыларға қалай әсер етті?

3. Көштің соңы қандай ойындарға ұласты?

4.Үзінді неге «Күн менікі» деп аталады?

5. Күнікейдің шешесінің аты кім?

6. Ж. Аймауытов кім?

7. Ж.Аймауытов қай жылы, қай жерде дүниеге келді?

8. Жеңгесі Бәден Күнікейді қалай атады?

III. Жаңа сабақ. «Ой қозғау» әдісі (2мин)

- Өзі айтыскер, жыршы

- Соғыс кезінде жауынгерлерге рух беретін өлеңдер жазған ақын.

- Қақаған қыста қараша үйде дүниеге келген.

- Тілек айтып, бата бергенде сол кісінің жасын берсін деп сұраймыз.

Мен кім жайлы айтайын деп отырмын?

Дұрыс айтасындар, бүгін біз Жамбыл Жабаев атамыздың «Аттандыру» өлеңімен танысамыз.

Слайд. (Ж.Жабаевтың өмірі мен шығармашылығы жайлы)(2мин.)

IV. Топпен жұмыс Постер қорғау. (9 мин.)

1-топ. Жамбыл Жабаев кім? (Жамбылға жан-жақты сипаттама беру.)

2 -топ. Жамбыл-айтыскер ақын.

3- топ. Көрініс. (Жамбылдың Сүйінбайдан бата алуы.)

4- топ. Екінші дүниежүзілік соғыс жайлы не білеміз?

V. Оқулықпен жұмыс.

Жамбыл Жабаевтың «Аттандыру» өлеңін мұғалім оқу.

1-2-оқушыға оқыту (дискриптор бойынша оқушыларға бағалату.)

Сөздікпен жұмыс:

Ағат баспа –жаңсақ, жаңылыс, теріс.

Аңғарлы жан – ауысп.мағ. Әріден ойлап білетін, толғамд

Сергіту сәті (2.10с.)

VI. Жұптық жұмыс.«Ойлан, жұптас, талқыла!» (7мин)

«Аттандыру» өлеңі бойынша

1- топ. Сатылай кешенді талдау.

2-топ. Халық ауыз әдебиеті бойынша: бата, қоштасу.
(Оқулықтағы 3- сұраққа жауап, 1-2-тапсырма бойынша сөйлеу).

Топпен жұмыс (4мин.)

3-топ. Алғай туралы не білеміз? (Оқулықтағы1-2-сұрақ бойынша сөйлеу).

Бейнеролик. Алғай туралы (4.38с.)

4-топ. Шығармашылық жұмыс. Өлеңді қара сөзге айналдырып жазу.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс: (4мин.)

«А» деңгейіндегі оқушымен жұмыс.

Сүйінбайдың суретіне тапсырмалар жазылады.

1. Бұл кім?

2. Қандай шығармасын білесің?

3. Бүгінгі сабаққа қандай қатысы бар?

«А» деңгейіндегі оқушымен жұмыс.

«Хош, хош, балам, хош, балам!»- деп өлеңнің аяқталу себебі неде?

«А» деңгейіндегі оқушымен жұмыс. «Екі беттік күнделік».

VII. Сабақты қорытындылау. Семантикалық карта (4 мин.)

Жауаптар	Қоштасу, бата	Сүйінбай	1846-1945	Ұлдан	Қанадан	1943ж.	Алғай
Сұрақтар							
Өлең кімге арналады?							
Жамбылдың пірі кім?							
Нағашысы							
Ансының есімі?							
Қай жылдар арасында өмір сүрді							

Алғай қай жылы қайтыс болды?							
Мұң-шер өлеңдерінің қай түрі кездеседі?							

Рефлексия: Жамбыл туралы білім деңгейін, сабақтан алған әсерлерін «Жүз жыл жырлаған жүрек» атты жүрекшелерді толтыру арқылы білдіреді. (2мин)

Бағалау: бағалау парақшасы арқылы (2мин.)

Кейінгі оқу «Аттандыру» өлеңін жаттау.



Р.УЛДАХАНОВА,
«А.Розыбакиев атындағы
орта мектеп» КММ.

Алматы облысы,
Ұйғыр ауданы

МҰХТАР ӘУЕЗОВ. **«ҚАРАШ –ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ»**

(8-сынып)

Мақсаты: білімділік-«Қараш-Қараш оқиғасы» повесі бойынша алған білімдерін қорыту, жинақтау; кейіпкерлердің өмірдегі шынайы бейнесін таныту; дамытушылық-ой-өрісін, әдеби дүниетанымын кеңейту, тіл байлықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту; тәрбиелік-повестті оқыта отырып оқушыларды өз елін, жерін, отбасын сүйуге, адалдыққа, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Түрі: қорыту-жинақтау сабағы.

Типі: проблемалық оқыту.

Әдісі: проблемалық сұрақтар, пікірталас, ізденіс, топпен

жұмыс, талдау, ой қозғау.

Технологиясы: дамыта оқыту, проблемалық оқыту.

Көрнекілігі: слайдтар: Мұхтар Әуезов портреті, жазушы өмірі туралы жазылған хронологиялық кесте, «Асуда атылған оқ» кинофильмінен үзінді, суреттер, сызбалар, кестелер.

Пәнаралық байланыс: 1. Қазақстан тарихы. Тұрар Рысқұлов.
2. Ш.Мұртаза. «Қызыл жебе».
3. Кино өнері. «Асуда атылған оқ».

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу;
2. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.
3. Психологиялық тренинг өткізу.

II. Жаңа сабақ.

Кіріспе.

Сәбит Мұқановтың «Мұхтар Әуезов өзінің алғашқы әңгімелерінен-ақ қазақ прозасын еуропалық дәрежеге жеткізді» дейді. Сол замандағы қорғансыздар, кедейлер тағдыры, әділетсіздік, жауыздық, ел ішіндегі барымта, күндестік секілді сахара өмірінің шындық көрінісін көрсету, әділет, шындық іздеу, сол жолдағы адасу, кек қайтару сияқты Бактығұлдың жанталасқан іс-әрекеті, психологиялық күй-жайлары-әңгіменің негізгі өзегі» деген сөзімен сабақты бастау.

1. Қызығушылықты ояту.

1. «Ой шақыру» стратегиясы.

1. «Асуда атылған оқ» кинофильмінен үзінді көрсету арқылы өтілген материалды еске түсіру.

- Бұл үзінді қай фильмнен алынған?

- Фильм кімнің, қай шығармасының желісі бойынша түсірілген?

- Тұрар Рысқұлов кім? Ол туралы не білесіңдер?

- Шығармадағы Бактығұлдың прототипі кім?

2. Жоспар бойынша үзіндінің мазмұнын еске түсіру.

Тараулар. Тақырып. Басты оқиғалар.

I. Іште кеткен кек.

1. Тектігұлдың науқасы.

2. Өксікті күндер

3. Аянышты өлімі.

II. Кек жолындағы жортуыл.

1. Сәлмен жылқысына ұрлыққа аттануы.

2. Биені ұрлауы.

III. Қуғыншылар.

1. Сойылған бие.

2. Қуғыншылардың үстінен түсуі.

3. Соққыға ұшыраған Бактығұл.

IV. Пана іздеу.

1. Арқар ату.

2. Жарасбайға сыйға тартуы.

3. Жарасбайға өтініші.

V. Адасу.

1. Жарасбайдың барымташы серігі.

2. Бактығұлдың адал жолдан таюы.

3. Жиілеген барымта.

VI. Сатқындық.

1. Болыс болдым мінеки.

2. Сатқындық.

3. Билер үкімі.

VII. Қуғында.

1. Қашып құтылуы.

2. Қуғын.

VIII. Қайтқан кек.

1. Қараш-Қараш тауында.

2. Жарасбайды өлтіруі.

3. Мағынаны тану.

Проблемалық сұрақтар.

Тақтаға ілінген ұяшықтардың астына жасырылған сұрақтарды

таңдау арқылы сұрақ-жауап әдісі бойынша шығарманың проблематикасы, жазушының идеялық-эстетикалық мұраты жөнінде әңгімелесу.

1. Тектігүлдың өліміне не себеп болды? Оның өлімінде қандай саяси-әлеуметтік мән жатыр? Бұл өлімнің шығармадағы орны қандай?

2. Інісінің өлімі Бақтыгүлға қалай әсер етті?

3. Бақтыгүлдың барымтаға аттануына, ұрлық жасауына қалай қарайсың? Ақтайсың ба? Қаралайсың ба?

4. Жарасбай болысқа баруын құптайсың ба? Жоқ па?

5. Бақтыгүлдың басты-басты қателіктерін, адасуларын ата.

6. Ол адасуларға тек Сәлмен, Жарасбайлар ғана кінәлі ме? Өзіне кінә қояр ма едің?

7. Неліктен Бақтыгүл Сәлменді емес, Жарасбайды өлтірді?

8. Жарасбайды өлтіру қылмыс па?

9. Билер алдындағы «Не болса да ақпын», «Менде айып жоқ» деген ойынан бастап, Бақтыгүл монологын қайта оқып шық. Осы монологтың маңызы неде деп ойлайсың?

10. Билер Бақтыгүлға қандай үкім шығарды?

11. Бақтыгүл сол күннен бастап қандай өмір сүруге мәжбүр болды?

12. Қашқын болып жүріп қандай қауіп-қатерге ұшырады?

13. «Бәлем, осыныңды ұмытпа!» деген кектену, өшігу сезімі қандай жағдайда, неге байланысты туды?

14. Сол билер алдындағы «Егер осы Қоқыш сөзіндей Жарасбайдың айтқаны шын болса,...» деп басталатын Бақтыгүл сөзінің мәнін түсіндір. Осы абзацтың Бақтыгүл бейнесін ашуда маңызы бар ма?

15. Ақылды, әрі күшті рухы бар Бақтыгүл неге қол шоқпар, барымташы, сорлы малайға айналды?

16. «Қараш-Қараш оқиғасы» арқылы жазушы қандай мәселелерді көтерген?

17. Шығарма неге «Қараш-Қараш оқиғасы» деп аталған?

III. Оқулықпен жұмыс.

Мәтінмен жұмыс.

Бақтыгүл бейнесін ашу.

1. Бақтыгүлдың портреті:

Бақтыгүл-өзі кесек, балуан денелі, иықты, кеуделі келген.

Қалың тік қара мұртты. т.с.с. /оқушылар дәптерлеріне жазады./


2. Бақтыгүлға мінездеме беру.

Шығармадағы бейнеленген іс-әрекеттері, монологтары арқылы Бақтыгүлдың бейнесін, жан дүниесін, психологиясын көрсету. /интерактивті тақтада оқушылар кестені толтырады/

3. Бақтыгүлдың іс-әрекеттері, монологы.

Бақтыгүлдың жан дүниесі, психологиясы туралы әр топ өз ойларын айтады. Топпен жұмыс.

4. «Топтастыру» стратегиясы. Сызбамен жұмыс.



5. «Ойлану баспалдағы» стратегиясы

Бір тақырып бойынша сұрақ дайындау, оған жауап беру,

1. Кек.

2. Бауыр.

3. Намыс.

4. Кедейшілік.

5. Қоғам.

6. Тұжырым кестесін толтыру.

Кейіпкерлер	Іс-әрекеттер	Адами қасиеттер
Бактығұл		
Тектіғұл		
Сәлмен		
Жарасбай		

IV. Білімді бекіту.

1. Жазушы хикаятта ескі қазақ аулындағы әлеуметтік теңсіздіктің көрінісін қалай суреттейді?

2. Бактығұлдың өш алу жолындағы алғашқы әрекеті неге сәтсіз аяқталады?

3. Қазақ даласындағы барымта қалай суреттеледі?

Венн диаграммасы арқылы «Қараш-Қараш оқиғасы» мен Шерхан Мұртазаның «Тұтқын бала» /«Қызыл Жебе» романынан алынған үзінді/ шығармасының байланысын, айырмашылығын салыстырыңдар.

V. Қорытынды.

Дебат. Екі топтың повестегі Бактығұл тағдырына өз көзқарастарын байқау.

/Оқушылар Бактығұлдың іс-әрекетін талдап бағалайды/

Ой толғаныс.

Оқушылар шығарма бойынша өз ойларын ортаға салады. Мұғалімнің қорытынды сөзі:

- Сонымен біз повестегі кейіпкерлердің іс-әрекетін айқындап, өзіндік баға бердік. Заңғар жазушының көркем тіліне, композициялық шеберлігіне талдау жасадық. Бактығұлдың азығандауына сол кезеңдегі қоғамның кінәлі екендігін дәлелдедік.

VI. Үйге тапсырма.

«Шығарманың жазушы қолданған көркемдік әдіс-тәсілдері» тақырыбына шығармашылық ізденіс.

VII. Бағалау. Топ мүшелері бірін-бірі бағалайды.

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Т.ХАСЕНОВА,
№26 орта мектеп.
 Ақмола облысы,
 Мәншүк ауылы

СҮЙІНБАЙ АРОҢҰЛЫ. «ЖАҚСЫ МЕН ЖАМАН АДАМНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ»

Мақсаты: білімділік-оқушыларға Сүйінбай Аронұлының шығармашылығын таныстыра отырып, өлеңнің мазмұнын меңгерту, өлеңнің идеясы мен тақырыбын түсіндіру; дамытушылық-оқушының өз ойын ашық білдіруге, пікірін қорғай білуге, шығармашылық ізденісін арттыруға дағдыландыру, тұлғалық қасиеттері қалыптасқан өнегелі жеке тұлға қалыптастыру; тәрбиелік-өлеңді негізге ала отырып, оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді қалыптастыруға, жаман қасиеттерден алшақ болуға, жақсы мен жаман қасиеттерді ажырата білуге тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ.

Әдіс-тәсілдері: баяндау, сұрақ - жауап, талдау, мәнерлеп оқу.

Көрнекілігі: акынның портреті, интерактивті тақта, кеспе қағаздар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру:

1) оқушылармен амандасу;

2) оқушы зейінін сабаққа аудару;

II. Өткен сабақты еске түсіру:

- Қай акынның, қандай шығармасын білеміз?

III. Жаңа сабақ. Интерактивті тақта бойынша жақсы мен жаман қасиеттерді көрсету.

Ой толғау. Оқушылар өз ойларын айтады. Сонда бүгінгі сабағымыздың тақырыбы:

Флипчарт №2

(Интерактивті тақтаға жаңа тақырып жазылады) Адамның жақсы және жаман қасиеттері.

Мақсат айтылады: өлеңді талдаймыз, автор туралы мәлімет

аламыз.

Оқушылар екі топқа бөлінеді. Спикер сайланады.

Әр топтың оқушылары адамның жақсы және жаман қасиеттері туралы қағазға жазады.

(3 сөз жақсы, 3 сөз жаман қасиетке қатысты жазылады)

Әр топ өз ойларын айтып, бір түйін шығарады.

1. Оқулықтарын ашқызып, өлеңді мәнерлеп оқу. Оқып отырып, «Түртiп алу» стратегиясы бойынша өздерiне таныс емес сөздердi қарындашпен белгiлеп отырады. Тақтаға түсiнiксiз сөздер айтылып, сөздiк жазылады:

Әмме – түгел, барлық, күллі;

Парқы – бағасы;

Ұңғы – балтаның сап салатын жері.

- Ақын бұл өлеңінде адам бойындағы мінез-құлықтарға үңіледі. Жақсы жамандықтың қоғам тіршілігінен және жеке адамның өмір ағымындағы іс-әрекетінен туып отырғанын анық айтады. Ол өмірдің басты тұтқасы – адамның адамға жақсылық жасауы деп түсінеді. «Алысты жақын етер, елімнің ағасындай» жақсылар жарық дүниеге ізгілік үшін келеді деген ой түседі. Жақсылық пен жамандықты салыстыра отырып, жақсы істің артықшылығын көпке әкелер пайдасын атаумен бірге, жаман істің енді жамандыққа ұрындыратынын, зиянды екенін көрсетеді. Бұл арқылы адам баласы қай жағынан алып қараса да, таза, адал, ар иесі болу керек деген қорытындыға келеді (оқушылар өз ойларын айтады).

2. Өлеңнің ұйқасын табу. Көркемдегіш құралдарды табу:

Теңеу – ел-жұртының қамасындай, әмме жұрттың анасындай (ережесін айтқызу)

Қорытындылай келе осы өлеңде ақын не айтқысы келді? Сендерге қандай әсер етті?

«Болжау» стратегиясы бойынша оқушыларға сұрақтар қойылады.

Сұрақтар интерактивті тақтаға жазылады.

Сұрақтар. Оқушылардың жауабы.

Қалай ойлайсыңдар, осы өлеңнің авторы кім?

Қай заманда өмір сүрген ақын?

Автор қандай адам?

Дұрыс айтасыңдар, балалар, бұл өлеңнің авторы:

Флипчарт № 3. Слайд көрсетіледі.

Сүйінбай Аронұлы

Сүйінбай – XIX ғасырдағы Жетісудың ірі ақыны. Ол әділетсіздікке жаны қас, шындықты бетке айта алатын батыл, халықты тілімен қорғаған өткір сыншы. Айтыскерлігімен көрінген азамат ақын. Сүйінбай 1898 жылы қайтыс болды. Бірақ ақынның үлгілі, өнегелі шығармалары бүгінгі күнге дейін жас ұрпақтарды тәрбиелеп, дұрыс жолға бағыттайды.

3. Топпен жұмыс орындау. Сурет салу, өлең шығару.

I топ тапсырмасы: «Жаныңда жүр жақсы адам».

II топ тапсырмасы: «Жирен жаман әдеттен».

Оқушылар жұмыстарын қорғайды, қорытынды шығарады. Спикерлер топтарды бағалайды.

IV. Сабақты қорыту.

V. Оқушыларды бағалау.

VI. Үйге тапсырма: «Жақсылық пен жамандық» тақырыбына шығарма жазу.



А.ҮМІТЖАНОВА,

Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп.

ШҚО, Семей қаласы,

Қайнар ауылы

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН. "ДАЛАДА" ӨЛЕҢІ

Мақсаты: білімділік-ақынның өмірі, шығармашылығынан жалпы мәлімет бере отырып, өлеңнің тақырыбын, идеясын ашу; дамытушылық-оқушының ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыра отырып, ойлау, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Білім, білік дағдыларын арттыру; тәрбиелік-Отансүйгіштікке, сыйластыққа, ең бастысы адамгершілікке баулу.

Түрі: жаңа сабақты игеру.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, баяндау, суреттеу, топпен жұмыс.

Пәнаралық байланыс: тарих, география, қазақ тілі.

Сабақтың барысы:

1) Ұйымдастыру кезені: амандасу, оқушыларды түгелдеу, назарларын сабаққа аудару.

2) Үй тапсырмасын тексеру.

1. С.Дөнентаев қай жылдары өмір сүрді?
2. Ол туралы қандай деректер білесіңдер?
3. Қай жерде туып өскен?
4. Ұрпақтары бар ма?
5. Аткарған қызметтері?
6. Сәбитке мінездеме беру.

I топ. С.Дөнентаевтың өмірі мен шығармашылығы.

II топ. "Заман кімдікі" өлеңі

III топ. "Ой" өлеңін жатқа айту

2. Бозторғайларға түсініктеме беру.

3. Бозторғай.

1. Талдау.

Сәбит өлеңдерінің өзектілігі неде?

Үй тапсырмасын қорытындылай келе, Адам өмірге қонақ. Мақсат-бірінші айтылған жаман қасиеттерден аулақ болып, қайырымды, адал өмір сүру.

III. Жаңа сабақ: Сәкен Сейфуллин-ақын, қоғам қайраткері, драматург, жазушы, ұстаз, зерттеуші.

1. Хронологиялық кесте.

1894ж.- Қарашілікте дүниеге келді.

1905ж.- Нідді орыс-қазақ мектебіне түсті (Өспен ауылы)

1913ж.- Омбы семинариясына түсті.

1916ж.- Бұғалы мектебін ашты.

1922ж.- "Асау тұлпар" өлеңдер жинағы шықты.

1926ж.- Гүлбаһрам Батырбекқызына үйленеді.

1938ж.- С.Сейфуллин өмірден өтті.

IV. Тақта арқылы сызба көрсету.

"Абайдың інілері, қазақтың ірілері-Сәкен, Илияс, Бейімбет" деп ақын жырлағандай, бүгінгі сабағымызда Үш бәйтерегіміздің бірі-Сәкен Сейфуллиннің 1922 жылы жарық көрген "Асау тұлпар" кітабының алғашқы бетіне арнау түрінде жазылған "Далада" өлеңімен танысамыз.

V. "Далада" өлеңін мәнерлеп оқу.

VI. Түсіндірме сөздік: жүген, құрық, ноқта.

VII. Өлеңді құрылымына қарай талдау.

1. Авторы: С.Сейфуллин 1894-1938 жылдары өмір сүрген ақын, қоғам қайраткері.

2. Тақырыбы: жастарға мақсатқа арман-тілектерге жету жолында аянбай, тынбай күресу.

3. Жанры: лирика.

4. Идеясы: жастар арқылы еркіндікке, теңдікке қол жеткізу.

5. Шуақ саны: 1.

6. Тармақ саны: 42.

7. Бунақ саны: 2

8. Буын саны: 7-8

9. Ұйқас түрі: аралас.

10. Әдеби-теориялық ұғымдар.

1. Троп-сөзді құбылту:

а) теңеу-шелектей, көріктей, өріктей

ә) эпитет-қиырсыз дала, кең дала, күшті дауыл, құрақты көк өзен;

б) синоним-әділдік, теңдік, еркіндік, жүйткіп, зымырап, тулады, орғыды;

в) кейіптеу-күңіренді дала.

г) Риторикалық сұраулы сөйлем.

VIII. Шығармашылық тапсырмалар:

Жастар деп отырғанымыз кімдер?

Сәкен неге жастарға сенім артып отыр?

Қазіргі заман жастары мен бұрынғы кезең жастарын салыстырайық. Ол үшін не біліп алуымыз керек?

IX. "Далада" сөзіне фонетикалық талдау жаса.

X. Сабақты бекіту: қорытынды тест.

- Мен бірнеше сөйлемдер оқимын, олар дұрыс немесе бұрыс болуы мүмкін, менің ойыммен келіссеңдер +, келіспесеңдер- деген таңба қойыңдар.

1. С.Сейфуллин Сарыарқаның даласында Қарағанды облысында туған.

2. Сәкеннің шын аты-Сырымбет.

3. С.Сейфуллин 1916 жылы Омбыда оқытушылар семинариясын аяқтайды.

4. Оның "Далада" өлеңінің негізгі тақырыбы-бостандық.

5. Өлеңде жас баладай-теңеу болады.

6. С.Сейфуллиннің поэмалары: "Далада", "Аққудың айырылуы", "Қызыл ат".

XI. Өлеңнің түйіні: Өмірде қалыс қалмай, тек биікке самғаңдар!

XII. Бағалау.

XIII. Үйге тапсырма: "Далада" өлеңінен үзінді жаттап келу.

А.ШОШАЕВА,
Подстепный №1 жалпы
орта білім беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Теректі ауданы

ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВТІҢ **«ҚАЗДАР ҚАЙТЫП БАРАДЫ»** **ӘҢГІМЕСІ**

Мақсаты: білімділік-оқушыларға сұрақтар мен тапсырмалар бере отырып, шығарманың мазмұнын, тақырыбы мен идеясын ашу; дамытушылық-ойларын нақты дәл жеткізе білуге дағдыландыру, сөйлеу тіліне, сөйлеу мәдениетіне көңіл бөлу, дүниетанымын кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту; тәрбиелік-оқушылардың туған жеріне, атамекеніне сүйіспеншілігін ояту, патриоттық сезімін қалыптастыру.

Типі: интеграциялық сабақ (дамыта оқыту сабағы)

Түрі: аралас сабақ.

Әдісі: топтық жұмыс, сұрақ - жауап, проблемалық сұрақтар, РАФТ.

Пәнаралық байланыс: музыка, тарих, география.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдтар, бейнетаспа, таймер

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: түгелдеу, жалпы дайындық.

Атамекен-туған жер –

Кір-қоңыңды жуған жер.

Кіндігіңді кескен жер,

Кісі болып өскен жер, - деп бүгінгі сабағымызды бастағым келеді. Әр перзент туған жерінің қадір-қасиетін түсініп, жырақта жүрсе де Отанға, елге деген сүйіспеншілігін жоғалтпасын деймін.

Мақал-мәтелдер арқылы екі топқа бөлу.

Туған жер туралы.

1. *Отансыз адам-ормансыз бұлбұл.*

2. *Отан үшін күрес – ерге тиген үлес.*

3. *Отанын сүйген отқа жанбайды, суға батпайды.*

4. *Өз елім-өлең төсегім.*

5. *Ата қоныс-алтын мекен.*

6. *Әркімнің өз жері – жұмақ.*

Батырлық пен елдік туралы.

1. *Ер шекіспей, бекіспейді.*

2. *Нар тәуекел – ер ісі.*

3. *Бөріктіңің намысы бір.*

4. *Бөрі азығы мен ер азығы жолында.*

5. *Шын батыр сын үстінде танылар.*

6. *Ер кезегі-үшке дейін.*

7. *Ер айтпас, айтса, қайтпас.*

Топ өлшемдері тақтаға ілінеді.

1. Топ тыныштығы.

2. Уақытты үнемді пайдалану.

3. Дәл және нақты жауап беру.

Оқушылар өз іштерінен топ басшысы мен тайм-киперді анықтап алады.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. Екі конверт беріледі. Әр топ бір-бірден таңдайды.

Біріншісінде - Қ.Жұмаділов. «Қаздар қайтып барады» әңгімесін композициялық құрылысына талдау. Екіншісінде - жоспар құру.

«Қар үйіндісі» әдісі арқылы (жіпті орау) үй тапсырмасы тыңдалады.

Әңгіме құрылысына талдау жасау:

Басталуы–жалғыз жортқан жолаушы, жолда көрген қиыншылықтар.

Байланысы–ойға оралған өткен күн немесе жалғыз немере Төлеутай.

Оқиғаның дамуы – кінәсіз тағылған айып, күтпеген қасірет

Шарықтау шегі – қырық жыл бойы көкірек түкпірінде жатқан ұзақ сыр.

Шешімі – тұмардағы бір уыс қиыршық тастың туған жер топырағына түсуі.

Идеясы – Отан-оттан да ыстық.

Мәтіннің жоспар-кестесі бойынша мазмұнын айту.

1. Жолға шыққан жалғыз жолаушы.

2. Етікші асуындағы қиындық.

3. Көкжалмен айқас.

4. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...

5. Мұнар арасынан жылтылдаған бір сәуле.

6. Аңсаған атамекенде.

III. Сұрақ-жауап.

1. Байтас қарт қайда сапар шегіп келеді?

2. Оның бөтен елге баруының себебі неде, не үшін барған деп ойлайсындар? (Оқушылар өз ойларын айтып шығады.)

3. «Өрттен қалған қу томардай болып жалғыз қалдым» деуінің мәнісі неде?

4. Қарияның соңғы тілегі қандай?

5. Сіздердің ойларыңызша, қандай адам туған жердің қадірін біледі?

6. Жазушының өмірі мен әңгіменің арасында қандай байланыс бар? (Әңгіменің идеясын ашу)

IV. «Егер мен жазушы болсам» (ой тастау)

- Балалар, қалай ойлайсындар, Байтас қарттың одан арғы өмірі қандай болады? Өздерің шығарманы ары қарай аяқтап көріңдер.

(Оқушылар өз ойларын айтады).

V. Топтық жұмыстар.

1-топ: Жазушы осы әңгімесі арқылы не айтқысы келді? Әңгіменің маңыздылығы неде? Туған жерден аттанған қарттың сезімі, сағынышы, қуанышы қалай суреттелген? (Әңгіменің тақырыбын ашу. Мәтіннен Байтас қарттың туған жерге деген сағынышы туралы монологты тауып оқу.)

2-топ дәптермен жұмыстанады.

2-топ. Әңгімеде кездесетін жер, су, тау аттарын теріп жазындар. (Етікші, Тарбағатай, Күргейтас, Арғанаты, Тентек – Халдай, Сарышоқы, Көкөзек. Айнабұлақ, Көкшілік, Нұра, т.б.) Әңгіменің «Қаздар қайтып барады» деп аталу себебі қалай? (пікірлерін айту).

- Елімізде жырақта жүріп, атамекенін аңсаған қандастарымыз туралы, оларды елге көшіру туралы заң бар. Сол заңның шығуы туралы қысқаша бейнебаянға назар аударайық. Оқушылар, зейін қойып тыңдаңыздар, осы бойынша тест тапсырмаларын орындаймыз.

Бағалау шкаласы тақтаға ілінеді. «5» - 5; «4» - 4; «3» - 2-3; «2» - 1.

VI. Бейнетаспа бойынша тест тапсырмалары.

1. Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы қай жылы өтті?

А) 1991 жылы;

Ә) 1992 жылы;

Б) 1993 жылы.

2. 1997 жылы Парламентке қандай заң ұсынылды?

А) Көші-қон туралы заң;

Ә) Конституциялық заң;

Б) Қылмыстық заң.

3. Жұмыс тобының басшысы болып кім тағайындалды?

А) Дулат Исабеков;

Ә) Қабдеш Жұмаділов;

Б) Әкім Ысқақ.

4. Мемлекеттік тілде жазылған жаңа заңға Н.Ә.Назарбаев қашан қол қойды?

А) 1995 жылы;

Ә) 1994 жылы;

Б) 1997 жылы.

5. Соңғы 22 жылда елге оралған қазақтардың саны қанша?

А) 800 мың;

Ә) 910 мың;

Б) 500 мың.

Ассоциация.

- Балалар, өткен және бүгінгі сабақтан Қ.Жұмаділовтың өмірінен «Қаздар қайтып барады» шығармасынан не түйдік, нені түсіндік, қандай тәлім-тәрбие алдық осыны топтастыру арқылы жазсақ.

Қабдеш Жұмаділов.

«Қаздар қайтып барады»

VII. Рафт стратегиясы бойынша ойтолғанис.

Рөл-кез келген рөлге ену.

Аудитория – тыңдарман, оқырман қауым.

Форма – хат, монолог, өлең, өсиет, әңгіме.

Тақырып – туған жерге деген сағыныш.

(Оқушылар тапсырманы орындап жатқанда «Қаздар қайтып барады» әні орындалады.)

Рефлексия «Бағалау ағашы» бүгінгі сабақта өздеріңді ағаштың қай жерінде болдым деп есептейсіздер? Сол бейнені бояңыздар.

VIII. Үйге тапсырма: «Туған жер-алтын бесік» шығарма жазу.

IX. Бағалау.

А.ЖАРТАНОВА,
М.Ғабдуллин атындағы №3
көп тілде оқытатын кәсіби
мектеп-гимназиясы.
 Ақмола облысы,
 Көкшетау қаласы

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Мақсаты: а) халық ауыз әдебиетінің бір түрі шешендік сөздер жайлы түсінік беру, көркемдік ерекшелігін талдай білуге үйрету; ә) адамгершілік, еңбек, кәсіп жайлы ой толғам жасай білу, өз бойларына асыл қасиеттерді сіңіре білуге баулу; б) сұрақ, тапсырма, ізденістерге негізделген жұмыс түрлерін өз бетімен, жаңа технологиялық үрдістерге сай орындай білуге дағдыландыру, өз пікірін сенімді әрі дәлелді, тұжырымды жеткізе білуге дағдыландыру.

Түрі: жаңа білім беру, топтық жұмыс, жарыс сабақ.

Әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап.

Көрнекілік: интерактивті тақта, сызбалар.

Пәнаралық байланыс: тарих, қазақ тілі.

Сабақ жоспары:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. «Қызығушылықты ояту» кезеңі. Өткен сабақты еске түсіру.Үй тапсырмасы.

3. «Мағынаны тану». Жаңа сабақ.

4. Пысықтау.

5. Оқулықпен жұмыс. Мәнерлеп оқу.

6. Үйге тапсырма.

7. Бағалау. Қорытынды. Оқушы әсері.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Оқушы білімін байқау.

III. Жаңа сабақтың өтілу барысы.

Сөз құдіретінің мәнін түсініп, әдемі де әдепті сөйлеу –бүгінгі күннің талабы. «Өнер алды –қызыл тіл» деп ұққан ата-бабамыз «От ауыз, орақ тілді» нелер ділмар шешендердің өсиет сөздерін, табан астында тақпақтап айтқан ақыл-нақылға толы толғау,термелерін әлденеше ғасырлар бойы

атадан балаға мирас болып келе жатқандығы баршамызға аян.

Халық ауыз әдебиетінің бір түрі-шешендік сөздер жайлы, көркемдік ерекшелігін талдай білуге, шешендік сөздердің ерекшелігіне, ой таластыру-бүгінгі сабағымыздың мақсаты.Шешендік дегеніміз-белгілі бір оқиғаға байланысты тапқырлықпен, көркем тілмен айтылған және елге таралған үлгілі ойлар. Дүние жүзіне әйгілі Афина шешені Демосфен, Рим шешені Цицерон, қазақтың тұңғыш шешені аталатын Майқы би, Сырым, Үргеніш, үш жүзді билеген атақты билер Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би аталарымыздан шешендік сөз өнері мол тараған.

Сабағымыздың тақырыбы: «Шешендік сөздер».

1.«Өнер алды-қызыл тіл».

2. Асыл ойдың алтын діңгектері.

3.Сыр сандық.



Құрылысы жағынан: кіріспе, баяндау және қорытынды бөлімнен тұрады.

Шешендік сөздер (композициялық құрылымы жағынан):

1. Термелі сөз

қара сөзбен жазылады

Көрініс. Қазыбек бидің шешендігі.

Осыдан соң Қазыбектің атағы елге жайылып, өсе келе би болған екен.

- Ал, балалар, би болу үшін адамда қандай ерекшелік болуы керек екен? Бала Қазыбектің бойынан қандай қасиет көрдіңдер?

Ф.БАЙДІЛДАЕВА,
Алғабас шағын
орталықты орта мектебі.
 Жамбыл облысы,
 Тұрар Рысқұлов ауданы,
 Өрнек ауылы

- Би-шешен, әділ, елші, батыр, тәрбиеші, ақылды, заңгер.
 Тәуке ханның тұсында «Жеті жарғы» деген заң шыққан. Осы заңның жобасын үш би жасаған. Ел ішіндегі дауларды әділ шешіп отырған.
 Интерактивті тактадан кесте көрсетіледі.

Ғасыр	Би-шешендер
XII - XIII	Майқы би, Аяз би
XIV - XV	Асан қайғы, Жиренше шешен
XV - XVIII	Шалкиіз, Бұқар жырау
XVIII	Төле, Қазыбек, Әйтеке, Шортанбай, Дулат, Мұрат, т.б.
XVIII - XIX	Байдалы би, Тіленші би, Тарақты тұяқ, Шалқар шешен, Сырым Датұлы, Досбол шешен.

Қазақтың атақты үш биі Қазыбек, Әйтеке, Төле билердің суреттері ілінеді. (үш топтан оқушылар қысқаша мағлұмат береді).

Бұл кісілер хан, сұлтандардың кеңесшілері, ел мен елді татуластыру, бітістіру мақсатындағы жұмыстарды атқарған. Қазіргі таңдағы сот, прокурорлар міндетін атқарған. Ол кісілер жай сөзбен емес, көркем де, терең мағыналы, астарлы, айшықты сөздерді пайдаланған.

Халқымыз "Сөз қадірін білмесең, өз қадіріңді білмейсің", "Сөз сүйектен өтеді", "Шешеннің тілі қылыштан өткір, қылдан нәзік" деп, сөз өнерін ерекше тани білген.

Шешендік сөздер – ғасырдан-ғасырға ұласып, халық игілігіне жарап келе жатқан ұлттық мұрамыздың бірі. Қысқа да нұсқа, бейнелі, мағынасы терең, шымыр, қисынға құрылған бұл сөздер тындаушының көңілінен шығып, оны сөзсіз иландырады.

IV. Жаңа сабақты бекіту.

1. Оқулықпен жұмыс.

2. Шешендік өнер туралы айтылған қанатты сөздер.

Қорытынды: «Барлық қазына бабалардың даналық сөздерінде, әр халық өздерінің асыл мұраларын бағаламай, әлемдік мәдениетке жете алмайды»- деген екен ғұлама жазушы М.Әуезов. Сөз құдіретінің мәнін түсініп, әдемі де әдепті сөйлеу-бүгінгі күннің талабы. «Өнер алды–қызыл тіл» деп ұққан ата бабамыз «От ауыз, орақ тілді» ділмәр шешендердің өсиет сөздерін табан астында тақпақтап айтқан ақыл-нақылға толы толғау, термелерін әлденеше ғасырлар бойы жадында сақтап, кейінгі ұрпағына мирас еткен.

Бағалау. Үйге тапсырма беру.

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНАН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

Максаты:	1. Жыраулар поэзиясы қай ғасырларды қамтиды? Жыраулардың өмірі мен шығармашылықтары туралы түсінік беру. 2. Оқушының сөйлеу, ойлау мәдениетін дамытып, жыраулардың толғауларының мәнін ажырата білуге үйрету. 3. Отанын жерін қорғайтын тұлға тәрбиелеу.
Сілтеме:	Әдебиет. 9-сынып. Автор: С.Ч.Тұрсынғалиева, Г.Р.Бәкенова.
Модульдердің кіріктірілуі:	Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер. Сыни тұрғыдан ойлау, оқытуда АКТ-ны пайдалану. Оқытудағы басқару және көшбасшылық.
Әдіс-тәсілдер:	«Брейн-ринг», «Миға шабуыл», «Топтастыру» әдісі, «Сұрақ-жауап», «Синквейн», «Тұжырым кестесі», «Кері байланыс».

Ұйымдастыру кезеңі	Уақыт	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Құрал
Психологиялық дайындау:	1 мин.	Амандасу. Қызығушықты ояту. Слайдтан көрсетілген жағымды сөздерді айту.	Оқушылар ортаға шығып, дөңгеленіп тұрып, бір-біріне сәттілік тілейді.	АКТ
Топқа бөлу:	2 мин.	Оқушыларды 2 топқа бөлемін. I топ жыршы. II топ жыраулар тобы.	Оқушылар 2 топқа бөлініп отырады. Өр топтың көшбасшысы сайланады.	

Үй тапсырмасын сұрау:	5 мин.	Өткен тақырыптар бойынша 2 топқа сұрақ-жауап әдісі арқылы сұрақтар қойылады.	Топтар бір-біріне сұрақтар қояды.	Сұрақтар жазылған үлестірмелі қағаздар.
Миға шабуыл	2 мин.	Үнтаспадан жыраулардың толғауларын тыңдату.	Толғау қай жыраудан екенін анықтайды.	АКТ

Бағалау.	2 мин.	Бағалау парағы арқылы бағалау.	Топбасшылары бағалайды.	
Үйге тарсырма.	1 мин.	Тест тапсырмалары.	«Тәуелсіздік-ел тірегі» атты ойтолғау жазу.	

Мұғалімнің іс-әрекеті		Оқушының іс-әрекеті	ресурсты	
Жаңа сабақ.	10 мин.	«Брейн-реинг» ойыны арқылы оқушыларға екі түрлі тапсырма беріледі.	1. «Жырау» тобына: Жырау дегеніміз не? Жыраулардың өмірі туралы мәлімет береді. 2. «Жыршы» тобы. 1. Жыршы дегеніміз кімдер? Жыршылар туралы мағлұмат береді?	Слайд пен бейне-таспалар.
Түсіну.	7 мин.	Әр топқа слайд арқылы тапсырмалар беріледі.	1. «Жыраулар» тобына: Қазтуған, Шалкиіз жыраулардың толғауларын оқып, мінін айту. 2. «Жыршылар» тобына Үмбетай, Жиёмбет жыраулардың толғауларын оқып айту.	АКТ
Талдау.	4 мин.	«Кім жылдам?» ойыны арқылы сұрақтарға жауап беру	Оқушылар мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.	АКТ
Қолдану.	5 мин.	Оқушылармен жұмыс.	1-топ	АКТ
Қорытынды	4 мин.	Тұжырым кестесі бойына сабақты қорытындылаймын.	Тұжырым кестесін толтырады Сабақтан алған әсеріне рефлексия жазады.	



Қызықты грамматика

Кезекпе-кезек

(ойын)

Ойынға қатысушылар бір баланы бақылаушы етіп сайлайды. Ол ойынға екі баладан шығарып, олардың жауаптарын бақылап, соңында қорытынды жасайды. Ойынға шыққан бірінші бала болымды етістікпен келген сөйлем айтады. Екінші бала оны болымсыз түрге қайталап айтады. 4-5 сөз айтқан соң рөлдерін ауыстырып кезектеседі. Осы ретпен әрі қарай басқа балалар жалғастыра береді. Жауап сөзде болымсыз етістіктің екі түрі де бірдей қолданылуы қажетті шарт.

Кім тез табар екен?

1. Құрамында *ф, ц, э* әріптері бар әр түрлі термин сөздер тауып жазыңдар.
2. Г әрпіне аяқталған бірнеше термин сөздер жазыңдар.
3. Қосар дауыссызға аяқталған бірнеше термин сөз тауып жазыңдар.

Ортаңғы дыбысын табыңдар

Әрқайсысына бір ғана дыбыс қосып, төмендегі сөздердің ортаңғы дыбыстарын табыңдар. Олар дауыссыздардың қайсысы?

Қа - қа, қа - қа, қа - қа, қа - қа.

Мағыналас сөздері қалай?

Төменгі сын есімдердің мағыналас сөздері қалай екенін айтыңдар.

Мешкей, кербез, дүниеқор, сұңғыла, әзілқой, долы, үздік, ерке, ізгі, өжет, ынтық, іскер, өнегелі, озбыр, ашаң, көнбіс, кескінді, момақан, дөкей, аласа.

Қ.ЖҰМАДІЛОВТІҢ «ҚОЗЫКҮРЕҢ» ӘНГІМЕСІН ОҚЫТУ

Әңгіменің басты идеясы және мазмұнымен танысады.						
Әңгіменің мазмұнын ұғынуы. Топта жұмыс жасау арқылы қалай оқу керектігін түсінеді.						
Мақсаты						
Күтілетін нәтиже						
Сабак кезеңдері	Әдіс -тәсілдер мен стратегиялар	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының іс-әрекеті (нәтиже)	Уақыты	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Жылқы мен оның етінен, сүтінен жасалатын тағам атаулары және жылқы түстеріне қатысты топтастыру	Жылқыға қатысты т а п с ы р м а л а р берілген кима қағаздар арқылы топқа бөлулі ұйымдастыру	Тапсырмаларды дұрыс орындап, топқа бөлінеді. Жылқыға қатысты ұғымдарды түсінеді.	2 мин		Қима қағаздар
Сергіту сәті	«Көңіл-күй» шеңбері.	Оқуға жайлы ахуал туғызу.	Бүгінгі сабаққа келген көңіл-күйлерін білдіру, бір-біріне жақсы тілектер тілеу арқылы білім алуға даяр екендіктерін айту.	1		Жүрек

Кіріспе кезең	Минга шабуыл «Салт атты жігіт»	Тақырыпты ашу мақсатында, тақырып негізінде оқушылардың білімін шоғырландыруды ұйымдастыру.	Тұрған салт атты адамнан шауып бара жатырған салт атты адамды құрастыру.	2		
Білім Шығарманың тақырыбын аша отырып, оқушының қызығушылығын ояту.	Теориялық білімін тексеру: 1. Неге шығарма Қозыкүрең деп аталған? 2. Қазақ әдебиетінде жылқы бейнесінің суреттелуі?	1. Шығарманың Қозыкүрең аталу себебін анықтау керек. 2. Қазақ әдебиетінде жылқы бейнесінің суреттелуі.	Оқушылар ой қозғайды. Шығарманың Қозыкүрең аталу себебін өздері айтады. Қазақ әдебиетінде кездесетін жылқы бейнелерін еске түсіреді.	5 мин.	Үш шапалақ	Оқулық, интерактивті тақта.
Түсіну Шығарманың толық мазмұнын түсіну.	«Джигсо» әдісі	Әңгіменің мазмұнын топта түсіндіруге ықшамдау.	Әңгіменің мазмұнын өзара түсіндіру арқылы толық танысады.	15 мин.	«Екі жүздіз, бір тілек».	Оқулық және шағын мазмұндық парақ.

Қолдану Жазушы идеясына зер салдырту.	«Қубизм» әдісі Басты оқиға не туралы? Әңгімелегі кейіпкерлер бейнесі. Отанға деген сағыныш ұғымын қалай түсінеміз?	Оқушыларға басты оқиғаны анықтауға, кейіпкерлер бейнесін ашуға мүмкіндік беру. Туған жерге деген сағыныштың қандай болатынын сезінуге ықпал ету.	Басты оқиғаны анықтайды. Кейіпкерлер бейнесін ашады. Туған жерге деген сағынышты түсінеді.	3 мин.	Үш шапалақ	Сұрақтар мен тапсырмалар
Талдау Қазақ пен қырғыз арасындағы достық.	Қазақ пен қырғыз арасындағы достық Қазақ пен кырғыз арасындағы достықты қалай бағалайсындар? «Қазақ пен қырғыз бір туған» деген сөзді қалай түсінесіңдер?	Қазақ пен кырғыз арасындағы достық туралы.	Қазақ пен кырғыз достығын, ортақ қасиетін сипаттайды. Қырғыздардың өздеріне тән қасиеттері жайлы әңгімелейді.	5 мин.	Смайликтер арқылы бағалау.	Сұрақтар текшесі.

Жинақтау Сағыныш сезімін ұғындыру.	Сағыныш сөзінің мәнін қалай түсінесіңдер? Кімдерді, нелерді сағынуға болады? Сағыныш бүгінгі әңгімеге арқау бола ала ма?	Сағыныш туралы кластер қорғау. Әңгіменің негізгі түйінін ашу.	Сағыныш туралы өз ойларын ортаға салып, топ болып кластер қорғайды.	5 мин.	Топтық бағалау	Плакат
Бағалау Шығармадағы негізгі ойды түйіндеу.	Әңгіме бойынша таныстырылым (постер)	Топқа өз тұжырымдамасын айтуға, еркін және ашық ойын білдіруге жетелеу.	Өз ойын, пікірін білдіріп, ортада сөйлеуге дағдыланады. Өзара бағалап үйренеді.	4 мин.	Топтық бағалау	Плакат, маркер, түрлі-түсті стикерлер.
Үйге тапсырма.	Композициялық құрылымына талдау.	Композициялық құрылымына жіктеу.	Композициялық құрылымына жіктейді	1 мин.		
Бағалау.	Кері байланыс жасау «Мауелі ағаш»	Стикерлер таратылады.	Стикерлерге пікірлерін жазып, ағашқа іледі.	2 мин.	Бағалау парақша- лары арқылы бағалау. Оқушыларды мадақтау.	Ж и н т ы к бағалау

Г.ДАМИЕВА,
Академик О.А.Жауытқов атындағы
жалпы білім беретін №1 қазақ
орта мектебі КММ.
Қарағанды облысы,
Қарқаралы қаласы

Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ **БАТЫРЛЫҚ ТҮЛҒАСЫ**

Мақсаты: «Жауынгер тұлғасы» атты үзіндіні талдай отырып, Ұлы Отан соғысындағы ерліктер, жауынгерлердің еліне деген патриоттық сезімдерін жеткізу. Оқушыларды өзінше ой қорытуға, ой түюге баулу, шығармашылық жұмысқа жұмылдыру арқылы таным-түсініктерін дамыту.

Міндеттері: 1. Б.Момышұлы туралы, оның шығармашылығы туралы ой қорытып, әңгіменің мазмұнын талқылайды, көркем тіліне назар аударады.

2. Теориялық білімді практикада қолданады. Білім, білік дағдыны қалыптастырады. Топтық жұмыс кезінде бір- бірімен пікірлеседі, алған білімдерін бекітеді.

3. Өз Отанын сүйе білетін елінің нағыз азаматы етіп тәрбиелеу.

Түрі: жинақтау сабағы.

Типі: топтық сабақ.

Әдісі: сын тұрғысынан ойлау, АКТ.

Пәнаралық байланыс: тарих, музыка.

Көрнекілігі: интербелсенді тақта.

Күтілетін нәтиже:

1. Бауыржан Момышұлына мінездеме береді.
2. Ой қорытып, пікірлерін айтады.
3. Ұжымдасып еңбек етуді үйренеді.
4. Тақырыпты топта бірлесе отырып талқылайды.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі. Жыл мезгіліне байланысты топқа

бөлінеді.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

I. Миға шабуыл.

1. Біз өткенде қандай шығармамен таныстық?
2. Әңгімеде қай жерде болған ұрыс жөнінде айтылған?
3. Сол кездегі қысты суретте.
4. Бауыржанды генерал не үшін шақырды?
5. Бауыржан Момышұлына қандай сенім артты?
6. Мұхаметқұл қандай адам?
7. Бауыржан командирге қандай мақалды келтіріп айтты, оның әсері тиді ме?

әсері тиді ме?

II. Галереяда ой шарлау (эссе, өлеңдерді оқып, ұнағандарын стикер арқылы бағалайды.)

III. Мағынаны тану.

1. Екі жақты күнделік кестесін толтыру.

Мәтіндегі қатты әсер еткен тұстар, үзінділер	Менің өз ой-пікірім
--	---------------------

2. «Дөңгелек үстел» стратегиясы. Жауынгердің тұлғасы сенің ойыңша қандай болуы керек?

3. «Шығарма кестесін толтыру» стратегиясы.

Шығарманың аты	Шығармада кездесетін мақал-мәтелдер
----------------	-------------------------------------

IV. Интерактивті тақта арқылы Бауыржанның өз дауысымен айтқан әңгімесін тыңдатамын. (Тыңдағандарын талқылайды.)

Категорияны топтастыру стратегиясымен жұмыс

Ол кім?	Не істеді?	Тарихта несімен қалды?	Өз ойың
---------	------------	------------------------	---------

V. «Жауынгер» тақырыбына «Бес жолды өлең» стратегиясы.

VI. «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында оқушылардың пікірін тыңдау. «Кері байланыс».

VII. Бағалау. Топ басшылары топ мүшелерін бағалайды.

Үйге тапсырма. Бауыржан атаға хат. Бауыржан Момышұлы туралы жазылған естеліктерді оқу.

Л.ДОСАЛИЕВА,
М.Әуезов атындағы № 2
орта жалпы білім беретін мектеп.
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МӘНЕРЛЕП ОҚУЫН ЖЕТІЛДІРУ

Қай ұстаз болмасын өз шәкіртінің дұрыс сөйлеп, ойын шебер жеткізе білгенін қалайды. Бұл орайда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің рөлі ерекше деп ойлаймын. Баланың сөз мағынасын, сөйлем мәнін ұғынуында мәнерлеп оқудың да маңызы зор.

Негізгі мақсаты:

- оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру;
- оқырмандық талғамды қалыптастыру;
- ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;

Міндеті:

- әдебиетті өнер табиғатына сай оқи білуге, мән – мағынасын терең түсінуге мүмкіндік туғызу;
- көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығын ояту;
- жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін қалыптастыру;
- актерлік шеберлігін қалыптастыру, дамыту.

Жалпы мәнерлеп оқу дегенде тек поэзияны ғана мәнерлеп оқи білу деп түсінбеуіміз керек. Мен өзімнің қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында әрбір қарапайым сөйлемді дұрыс нақышына келтіре оқи білу, әрбір кейіпкер сөзін сол кейіпкер бейнесінде толғай білу, әрбір мақалдың негізгі ойын дұрыс айтып жеткізе білу, әрбір өлең жолдарын мәнімен, ұйқас, ырғақтарын ұғып тұрып жеткізу жолдарын үйретуге тырысамын. Ол үшін бала ең алдымен оқиын деп тұрған сөйлемнің, мақалдың немесе өлең жолдарының мағынасын, айтпақшы ойын анық түсіне білуі керек.

Екіншіден, әрбір тыныс белгісінің мәнін ұғып, соны дұрыс пайдалана білуі тиіс.

Үшіншіден, өлең сөздің ұйқас ырғақтарын, бунақ тармақтарын ажырата білуі керек. Демек, бұдан келіп шығатын қорытынды нағыз мәнерлеп оқи білетін бала қазақ тілі мен әдебиеті теориясынан толық

білімді болып шығады екен. Бұлай дейтін себебіміз, егер оқушы қазақ тіліндегі тыныс белгілері (пунктуация) не үшін қойылатынын, әдебиет теориясында тенеу, эпитет, метонимия, метафора, т.б. сияқты ұғымдардың қандай жерлерде не мақсатпен жазылатынын білмесе, онда оқушының мәтін мазмұнын дәл ұғып, түсінуі қиындау болар еді. Ол үшін төмендегі сызбаны (1-сызба) негізге ала отырып, мынадай жұмыстар жүргіздім:

* мәтінді жанрына қарай өзім оқып, таныстырамын; - тыныс белгілерінің қойылу ерекшеліктерін сұрап, білмегенін өзім түсіндіріп өтемін;

* оқушыға іштей оқытып, сөйлем немесе шумақ мазмұнын ұғып алуына мүмкіндік беремін;


* жеке-жеке оқушыға даралап оқыттырамын;

* балаларға кезекпен немесе барлық сынып оқушыларына бірден дауыстап оқытамын (бұл, әсіресе, төменгі сыныпқа қолайлы);

* егер кейіпкер сөзі не диалог болса баланың сол бейнеге енуіне жағдай жасаймын;

* теледидардан берілетін кештер мен айтыстарды үнемі көріп отыруын тапсырып, қадағалаймын;

* тек оқулық көлемімен шектелмей, өздерінің ұнатқан шығармаларын жаттап, сынып алдында айтуына мүмкіндік беремін (бұл баланың ізденуіне мүмкіндік);



* мәнерлеп оқуды өте жақсы менгерген оқушыларды сынып алдында жеке оқытамын, әр түрлі шараларға қатыстырып отырамын;

* баланың бет-қимылын қозғалысын қалыптастыруға бағыт беремін (бұл баланың алға ұмтылуына, талпынуына жағдай жасайды).

Бұл талаптарды жаңа сабақтарда, блок сабақтарында, үй тапсырмаларын сұраған кезде жүзеге асырып отырамын.

«Сөздің асыл болуы - адамға ұнауымен. Сөз мағына жағынан күштілігімен, көркемділігімен, ұнайды», - деп А.Байтұрсынұлы айтқандай, мәнерлеп оқу жолдарын толық меңгерген оқушы «сөз асылын» табатын, «сөз мағынасын» ұғатын, «дарынды сөзді» тани білетін тұлға болып қалыптасады.



Р.ЖАНЗАҚОВА,
№19 орта мектебі.
Қызылорда облысы,
Арал ауданы,
Жақсыкылыш кенті

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІГЕ ДАЙЫНДАУ ЖОЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Бұл мақалада қазақ тілі пәнінен Ұлттық Бірыңғай Тестіге дайындаудың тиімді жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: Ұлттық Бірыңғай Тест, оқушылар, дайындық, жоспар, әдіс-тәсіл.

Мақсаты: Ұлттық бірыңғай тестілеуде қазақ тілі пәнінен оқушылардың жоғары көрсеткішке жету мүмкіндігін қарастыру.

«Ел боламын десең - бесігінді түзе» - деп заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов айтқандай, ел болашағы жасөспірімдердің сапалы білімі мен саналы тәрбиесіне тікелей байланысты. Егемен еліміздің тірегі-білімді ұрпақ. Баламен тіл табысып, оның бойына білім нәрін себетін басты тұлға- ұстаз. Ұлы Абай ағамыз айтқандай, білімімен теңессе ғана ұлттар теңесе алады.

Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде не бар екен!

Елімізде білім берудің сапасын арттыру мен сапалы білім беру жүйесін құру мақсатында республикамызда ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) енгізілгеніне де бірнеше жыл болды.

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жаңа технологияға негізделген мектеп бітірушілерді қорытынды мемлекеттік аттестациялау және жоғарғы оқу орнына түсу емтихандарын қоса атқаратын білім сапасын бағалаудың ерекше жүйесі екені баршамызға белгілі.

Ұлттық бірыңғай тестінің сапалы өтуі, алдымен, мұғалім мен оқушының уақытты тиімді пайдалануында және мұғалімнің тапсырмаларды түрлендіріп қолдануында. Ұлттық бірыңғай тестідегі негізгі пәндердің бірі-қазақ тілі. Ұлы педагог К.Д.Ушинский: «Ана тілін толық меңгермеген бала тарихты, географияны, жаратылыс ғылымдарын өз бетімен айтып бере алмайтын күйге ұшырайды. Ана тілі басқа пәндердің бәріне қатысы бар және олардың нәтижелерін өзіне жинастыратын басты өзекті пән екені түсінікті емес пе?!»-деген екен.

ҰБТ-ға даярлауда менің көп ізденуімнің қажет екенін түсіндім. Оқушылармен әрдайым бірлікте отырып, жаңа тақырыпты меңгеру, әрбір өтілген тақырыпты тест сұрақтарымен байланыстыру, негізгі қажетті деген сөздерді түрлендіре отырып, сұрақтар қойдырта білу, әрбір сұраққа дұрыс жауап бере білуге, дұрыс жауапты есте сақтап қалуға үйрету-негізгі міндетім болды.

Негізгі міндеттер:

1. Қазақ тілінің салалары бойынша жоспар құру.

I бөлім: фонетика.

II бөлім: лексика.

III бөлім: морфология.

IV бөлім: синтаксис.

V бөлім: пунктуация.

2. Әр салаға байланысты тақырып бойынша түсіндіру жұмыстары.

3. Оқулық бойынша тапсырманың нақты орындалуы.

4. Әрбір сала бойынша тест сұрақтарын ұйымдастыру.

5. Тест сұрақтары арқылы оқушының қай тақырыпты дұрыс меңгере алмағандығын анықтау.

6. Мониторинг бойынша қорытынды шығарып отыру.

(Сызба-кесте арқылы түсіндіріледі).

Әр тақырыпқа арналған «Шың» баспасының дайындық кітабындағы тесттер мен жаттығулар орындалады. Соңында қателермен жұмыс өткізіледі, ережелер қайталанатын. Оқушының әрбір жазған тест жұмыстарынан кейін, анализ жасалып, білім

сапасы, үлгерім сапасы, орта ұпайы есепке алынып отырады. Бұл жұмыстарға арналған әр оқушының арнайы дәптерлері бар.

Өз тәжірибемде оқушылардың тест орындау жолдары:

1. Тақырыпты оқу, тапсыру.
2. Тақырып бойынша тест жаттығу жұмыстарын орындау.
3. Әр категе анализ жасай білу.

Өз тәжірибемде сүйене отырып, қазақ тілі пәнінен ҰБТ-ға даярлауда болатын мынадай кедергілерді айтқым келеді.

1. Сөздердің тура және ауыспалы мағыналарын таба алмай жатады.

2. Сұрақты дұрыс түсінбейді.

3. Оқушылардың сөздік қорының аздығы. (синонимін, омонимін таба алмай жатады).

4. Диалект сөз бен кәсіби сөзді шатастыру кездеседі.

5. Септеуліктерді және демеуліктерді ажырата алмайды.

6. Қабысу мен жанасу.

7. Құрмалас сөйлем түрлерін шатастыру.

Оқушыларды қазақ тілі пәнінен тест сауаттылығына үйрету мақсатында төмендегідей жұмыстарды өз тәжірибемнен ұсынбақпын. Ұлттық бірыңғай тестілеуде биіктікке жету тәсілдері:

1) Пайдалануға тиіс оқулықтар, қосымша оқулықтар.

2) Жаңа оқулықтағы жаңалық, өзгеріс, оны бұрынғымен салыстыра оқыту.

(5-сыныптан қалыптасып қалған дағдылы ережені еске түсіріп, оның жаңа заңдылықтарын түсіндіру).

3) Фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік талдаулар жасау.

Сондай-ақ, жаңа оқулықтағы жаңалық, өзгеріс, оны бұрынғы оқулықпен салыстыра оқыту өз нәтижесін береді.

Мысалы, 7-сынып. Қазақ тілі. Алматы. “Атамұра” 2003 ж. С.Исаев, Г.Қосымова авторлығымен шыққан оқулықты “Арман-ПВ” баспасы 2012жылы Г.Т.Тұрсынова, А.А.Қасымбек, А.Н.Нұрғазылардың авторлығымен шыққан оқулықпен қоса қарауды дұрыс деймін.

Әсіресе, синтаксис бөлімінде 8-сынып, Қазақ тілі. Алматы “Рауан”, 1997ж. С.Аманжолов, А.Аманжолов, А.Әбілқайыр, И.Ұйықбаевтардың авторлығымен шыққан оқулық пен “Арман-ПВ” баспасы 2012ж. Г.Т.Тұрсынова, А.А.Қасымбек,

А.Н.Нұрғазылардың авторлығымен шыққан 8-сынып жаңа оқулығын да салыстыра қарау арқылы түсіндірген дұрыс деп есептеймін.

ҰБТ –ға даярлауда мұғалімнің орны ең басты назарда тұруы қажет. Әр мұғалім әрдайым жаңалықты бастаушы ретінде әрекет жасауы тиіс. Оқытудың әр түрлі технологиясы жасалып, мектеп өміріне енгізілгені бәрімізге белгілі. Сондықтан да мұғалімнің өзі жаңа технологиямен үздіксіз жұмыс жасайтын, жеке тұлғаны қалыптастыруда орны ерекше адам .

Тест алынып болғаннан кейін қатемен жұмыс бірден жүргізіледі, ортақ талдаулар, түзету жұмыстары жүргізіледі.

Ұстаздар қауымының алдында тұрған ең үлкен жауапкершілік мемлекетті, ғылымды, өнеркәсіпті, өндірісті нағыз басқаратын жастар қазір біздің алдымызда екенін, соларға өз дәрежесінде білім беру, тәлім-тәрбие беру, біліктілігін арттыру, санасын тәрбиелеу, болашаққа жол салу біздің қолымызда тұрғанын сезіну үшін тек ерінбей еңбек ету, іздену, шығармашылықпен жұмыс жасау деп түсінемін. Мен өзім еңбек еткен тәжірибемде біршама жемісті еңбектерім бар деп білемін. Оның айғағы-ҰБТ кезінде оқушыларымның білімінің сапасы мен үлгерімі жақсы.

ҰБТ-ға дайындалу барысында:

- Оқушылардың білімдерін тереңдету, қайталау, пысықтау.

- Өз жетістіктерін өздеріне талдатып, өзіндік бағалау әрекеттерін ұйымдастыру.

- Сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін дамыту.

- Шығармашылығын, ізденісін арттыру.

- Тақырып бойынша тестпен жұмыс жүргізу әрекетін жетілдіру.

- Психологиялық дайындық.

“Ең ұзақ сөйлемнің де соңынан қойылатын нүктесі бар” (Ғабиден Мұстафин) дегендей, мұғалімдер мен оқушылар үшін ең шешуші соңғы нүкте-Ұлттық бірыңғай тестісінің сапалы өтуі, алдымен, мұғалімдер мен оқушылардың уақытты тиімді пайдалануында.

ҰБТ-ға оқушыларды қазақ тілі пәнінен дайындау үшін жасаған жұмыс жоспарым:

(Барлығы-68 сағат, аптасына-1 сағат 10-11-сынып оқушыларына арналған тандау курсы)

1. Фонетика.

Қ/с	Өгілетін тақырыптар	с/с
1.	Тіл дыбыстары. Қазақ әліпбиі.	1
2.	Дауысты дыбыстардың түрлері.	1
3.	Дауыссыз дыбыстардың түрлері.	1
4.	Буынның түрлері.	1
5.	Тасымал.	1
6.	Үндестік заңы.	2
7.	Орфография мен орфоэпия.	2
8.	Екпіннің түрлері.	1

2. Лексика.

1.	Сөз бен мағына.	1
	Сөздің тура және ауыспалы мағынасы.	
2.	Көп мағыналы сөздер.	1
3.	Омонимдер.	1
4.	Синонимдер.	1
5.	Антонимдер.	1
6.	Эвфемизм.	1
7.	Тұрақты тіркестер.	1
8.	Мақал-мәтелдер.	1
9.	Көнерген сөздер.	1
10.	Диалект сөздер.	1
11.	Кәсіби сөздер.	1
12.	Термин сөздер.	1

3. Сөзжасам.

1.	Түбір мен қосымша.	1
	Дара сөздер мен күрделі сөздер.	
2.	Біріккен сөздер.	1
3.	Қос сөздер.	1
	Тіркесті сөздер.	

4. Морфология.

1.	Заг есімдердің жасалу жолдары.	1
	Деректі және дерексіз заг есімдер.	

2.	Сын есімдер.	1
	Сын есімдердің жасалу жолдары.	
3.	Сапалық және қатыстық сын есім.	1
4.	Сын есімнің шырайлары.	1
5.	Сын есімдердің түрлері.	1
6.	Есімдіктердің түрлері.	1
7.	Етістіктің түрлері.	1
8.	Сабақты және салт етістік.	1
9.	Етістің түрлері.	1
10.	Есімше.	1
11.	Көсемше.	1
12.	Тұйық етістік.	1
13.	Үстеудің түрлері.	1
14.	Еліктеу сөздер	1
15.	Одағай	1
16.	Көмекші есімдер	1
	Көмекші етістіктер	
17.	Шылаудың түрлері.	2

5. Синтаксис.

1.	Күрделі сөздер	1
2.	Тұрақты тіркестер	1
3.	Сөздердің байланысу тәсілдері	1
4.	Сөздердің байланысу түрлері	1
5.	Сөз тіркесін білдіретін синтаксистік қатынастар	1
6.	Сөйлемнің түрлері	1
7.	Сөйлем мүшелері	1
8.	Бастауыш	1
9.	Баяндауыш	1
10.	Толықтауыш	1
11.	Анықтауыш	1
12.	Пысықтауыш	1
13.	Айқындауыш мүшелер	1
14.	Бірыңғай мүшелер	1

15.	Окшау сөздер	1
16.	Жай сөйлемнің түрлері	1
17.	Құрмалас сөйлем. Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері	1
18.	Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері	1
19.	Аралас құрмалас сөйлем	1
20.	Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері	1
21.	Төл сөз бен төлеу сөз	1
	Төл сөз бен автор сөзі	
6. Пунктуация.		
1.	Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері	1
2.	Сөйлемнің ішіне қойылатын тыныс белгілері	1
7. Стилистика.		
1.	Ауызекі сөйлеу стилі	1
	Көркем әдебиет стилі	
2.	Публицистикалық стиль	1
	Ресми іс қағаздар стилі	
	Ғылыми стиль	

Кеңестер: тестерді қалай шешу керек?

Жаттығындар!

1) Неғұрлым типтік тестер шешесіңдер, соғұрлым көбірек тәжірибе аласыңдар. ҰБТ барысында, сол тестерден көп сұрақтар кездеседі.

2) Тапсырмалардың көбі бір-біріне ұқсас.

Асығындар!

Баяу шешіп үйренгеннен кейін, жылдамдықтарыңды арттырыңдар.

Қалдырындар!

Егер тестті оқып шыққаннан кейін ештеңе түсінбесеңдер, оны қалдырыңдар, жеңіл болса да. Басында оған көп уақыт бөлмеңдер.

Шешіндер!

Егер сіздерде дұрыс жауаптың ешқандай идеялары болмаса, бірнеше секундқа көздеріңді жұмыңдар, ештеңе ойламаңдар, содан кейін ойларыңа бірінші не келді, соны жазыңдар.

Интуиция – үлкен күш.

Шығарындар!

Арнайы тестті шешіп отырып, сіздер байқайсыздар кейбір

жауаптар берілген нұсқаларға сәйкес келмейді. Бір тапсырма туралы ғана ойлаңдар. Алдындағы тапсырмаларды дұрыс орындалмағаны туралы уайымдамаңдар. Уақыт әлі бар. Тапсырманы соңына дейін оқыңдар!

Көбінесе бір-екі сөйлемді оқып, оқушы таныс сұрақты есіне түсіріп, жауабын белгілейді. Ол қатеге әкеледі.

Уайымдамаңдар!

Егер сіз барлық тестті шешсеңдер, алдыңғы сұрақтарда 1-2 қиын тапсырмалар бар, сендердің уақыттарың жетпейді. Бірақ уайымдамаңыздар, сірә, сіздің ұпайыңыз басқалардан да жоғары болуы мүмкін.

Екі кезең.

Тестердің шешуі екі кезеңнен тұрады. Бірінші айналым бойынша, білетін сұрақтарға жауап беріңдер, сонан кейін қалған сұрақтарды орындаңдар.

Ұлттық бірыңғай тестіге дайындаудың ең тиімді жолдары:

1) алдымен пән мұғалімі өз пәнін жетік білетін маман болуы керек;

2) оқушы 5-11-сынып материалдарын тест жаттау арқылы емес, қазақ тілі бағдарламасында берілген әр тақырыпты оқып, білім жүйесін күнделікті арттыру арқылы іс жүзіне асыру керек;

3) мұғалім берілген білімнің сапасын аптасына кем дегенде үш рет мониторинг арқылы жүйелеп, үлгерім көрсеткішін көрсетуі керек.

Сөзімнің соңын халқымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен аяқтағым келеді. «Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек» деген сөзі әр маманның жадында болуы тиіс.

Эффективные методы подготовки учащихся старших классов к Единому Национальному Тестированию

В этой статье показаны эффективные методы подготовки к Единому Национальному Тестированию.

Ключевые слова: Национальный Единый Тест, ученики, подготовка, план, способ.

Effective methods of preparation of senior classes of students to Single National Testing

Key words: National Single Test, students, preparation, plan, method.

ГРАММАТИКАНЫ ОҚИТУДАҒЫ ЖАҢА БАҒДАР

Мақалада білім жүйесіндегі заманауи әдістер мен жаңа технологиялар туралы, грамматиканы оқытудағы жаңа әдістер туралы айтылған.

Түйін сөздер: грамматика, функционалдык грамматика, коммуникативтік бағыт, тіл жүйесі, тіл үйренушілер.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Білім беруді дамыту негізінде оқытушыларға жаңа талап, міндеттер жүктеліп отыр. Оқытушыларға теориялық білім негіздерін меңгертумен ғана шектелмей, олардың шығармашыл әлеуетін дамыту, бәсекеге қабілетін арттыру, ақпаратты өзі іздеп, өзі тауып, тәжірибесінде қолдана білуге үйрету-өмір талабы болып отыр. Бұл мәселелер оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру арқылы шешімін таппақ. Сол себепті тіл үйретудегі үйретуші әрбір маман оқыту жүйесіне заманауи әдістер мен жаңа технологияларды ендіру керек. Жаңа технологияларды сөз етпестен бұрын, тілді үйретудегі басты бағыт грамматиканы қалай береміз және қалай үйретіп жүрміз? – деген сұрақ туындайды. Шындығында, бұл мәселе – күрделі, өзекті жайттардың бірі. Осы мәселелерге мән бере отырып, бұл мақалада қазақ тілін оқытып, үйретуге байланысты грамматика қай жағынан жаңғырып, жаңалануы тиіс, осы тұрғыдағы ойымызды ғалым З.Күзекова зерттеулеріне сүйене отырып ортаға салып көрелік

Лингвистикалық білім берудің басты мақсаты – коммуникативтік тұлғаны тәрбиелеу, қалыптастыру.

Коммуникативтік оқытудың саналы бағыты тілді оқытып-үйретудің жаңа жүйесін талап етеді. Қазіргі оқытудың маңызды

мәселелерінің бірі - сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу, қатысым біліктілігін қалыптастыру, (тек қана сөйлеу, өзгені тыңдау ғана емес), өз көзқарасын мәнерлі жеткізуге, өз ойын толық жеткізуге, тілді еркін меңгеруге қадам жасау.

Ғалым З.Күзекова – өзінің еңбегінде, «Тілдік тәрбие жүйесін жетілдірудің болашақты жолдарының бірі – лингвистика ғылымының жетістіктерін белсенді пайдалана білу. Оқытудың функционалдык, коммуникативтік бағытының күшеюі қазіргі лингвистиканың осы бағыттағы дамуының нәтижесіне де байланысты» деп жазады.

Функционалды синтаксис негіздерін түсіну – қазақ тілін үйренушілерді коммуникативтік негізде оқытуға әкеледі, ал функционалды синтаксис негіздерін меңгеру, түсіну – тілді оқытып үйретудің де жүйелілігін қалыптастырады. Шұрайлы, бай тіліміздің байлығы да өзге тілділер үшін функционалды семантикалық өріс арқылы көрінеді, ашылады.

А.В.Бондарко, Г.А.Золотова, Н.Ю.Шведова, З.Күзекова, З.Ерназарова, М.Жолшаева және тағы басқа лингвистердің еңбектері тілді функционалды, коммуникативтік бағытта дамытып, тереңдетіп келеді. Бұл ғалымдардың теориялық ойлары барлық тілге ортақ мәселені көтерген. Тілді оқытып, үйрету барысында тілді функционалды коммуникативтік бағытта үйрету табысты болып табылады.

Бұл бағыт тілдің дәстүрлі деңгейлік құрылымына сүйене отырып, мағынадан оның берілуіне, одан әрі сөйлеудегі функциясына барады. Осылайша «функционалды семантикалық категория мен өрістің» грамматикасы қалыптасады. (А.В. Бондарко мектебі)

«Функционалдык грамматика тіл жүйесінде «өрістік» жолды пайдаланады, өріс ұғымы кең қолданыста болады. Тіл мұнда деңгейлік (фонетика, лексика, фразеология, морфема, морфология, синтаксис) тұрғыда емес, функционалды семантикалық өріс (ФСӨ) жүйесі ретінде қарастырылады, Жүйедегі әрбір өріс тілдегі жақын немесе ұқсас мағыналарды білдіретін әр түрлі деңгейдегі тілдік құралдарды біріктіреді. Әрбір өрістің өз ішінде тек қана

мағыналық ұқсастығымен ғана емес, сондай – ақ қызметтерінің сәйкестігімен де біріккен белгілі бір реттілік, әр түрлі деңгей құралдарының иерархиясы бар» (Күзекова З.С.)

Жаңа бағдардың негіздемелерін қысқаша сөз ететін болсақ:

Функционалды грамматиканың негіздерін оқу әр түрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің өзара әрекетін ғана көрсетпейді, сонымен бірге осы тілдік бірліктерді тілдік қатысым үшін таңдауды үйретеді. Осы салада ізденіп, көп еңбек етіп жүрген лингвист-ғалым З.Күзекова «Қазақ тілінің функционалды грамматикасы» атты оқу құралында төмендегі мысалдарды келтіреді.

Мысалы, бұйрықтың берілу құралдары жүйесін біле отырып, біз қатысым жағдаятына қарай тиістісін таңдай аламыз. Шақыруды - ақ алайық. Осының өзі әр түрлі нұсқамен берілуі мүмкін: Маған сағат 5-ге кел. Маған келіп кете аласың ба? Маған келесің бе? Маған келіп кетсең болар еді. Маған келіп кетсеңші. Берілу құралдарын бірінен бірін артық көруде біз нені жетекшілікке аламыз? Сөз сөйлеу жағдаятының ерекшелігі (ресми – ресми емес), әңгімелесушімен қатынасы, (жақын - жақын емес), коммуникация бойынша әңгімелесушілердің жас ерекшелігі, әлеуметтік немесе кәсіби мәртебесі (мысалы, бастық – оның қарамағындағылар), тіпті, шақыру әрекетіне сөйлеушінің қызығушылығы да қатысты. Нәтижесінде, жақын нұсқалар қатарынан сөйлеушінің пікірінше жарамдысы, тиімдісі таңдалады.

Функционалды семантикалық бағдардың қажеттілігін пайдалануды қазіргі лингвистика, сөйлеу психологиясы, сабақ жүргізу әдістемесі тұрғысынан негіздеуге болады.

Өзге тілді аудиторияда грамматиканы оқыту мақсаты – тіл үйренушінің тілдік бірлікті коммуникацияда қолдана білуі. Мазмұндық, тілдік жағынан толықтырылып немесе кеңейі оқыту мақсаты, мерзімі, контингентке байланысты.

Грамматиканың құрылымдық жүйеде берілуін сөз еткенде, артықшылығы-грамматикалық білімі қалыптасады.

- Құрылымдық семантикалық бағыты:
- тілдік материалдар центрлікке құрылады, нәтижесінде:
- Бастапқы деңгейде лексикалық, грамматикалық материалдар жаттамай меңгеруге әкеледі;

- Тілдік құбылыстарды түсіндіру жаттығуларға негізделеді;
- Тілдік құбылыстардың мағынасын түсінеді;
- Тілдік бірліктер мазмұны, қызметі жағынан топтастырылады;

- Сөйлеу қалыптасады.
- Функционалдық бағыт:
- Тіл жүйесінде өрістік жолды пайдаланады;
- Тіл мұнда деңгейлік емес, функционалды семантикалық өріс (ФСӨ) жүйесі ретінде қарастырылады
- Өріс – тілдегі жақын немесе ұқсас мағыналарды білдіретін әр түрлі деңгейдегі тілдік құралдар.

Функционалдық бағыттың мақсаты:

- Лексиканы, синтаксистік конструкцияларды өріске топтау;
- Тілдік бірліктерді таңдауды үйрету;
- Грамматикалық құралдардың базалық минимумын концентрмен оқыту;
- Грамматикалық құралдарды коммуникативтік-функционалдық белгілері бойынша жүйелеу.

Грамматикалық құралдарды жүйелеу – негізгі коммуникативтік-функционалдық белгілерді ескере отырып жүргізу болып табылады. Тіл үйренушілердің грамматикалық дағдылары – тілдік және сөйлеу болып бөлінеді. Олар бір-бірімен өзара байланысты. Тілдік дағды – коммуникациядан тыс, ал сөйлеу дағдысы – грамматикалық құбылысты сөйлеуде қолдана алуы.

Новое направление обучения грамматики

В статье говорится о новых, современных методах в системе образования и новых направлениях обучения грамматики.

Ключевые слова: грамматика, функциональная грамматика, коммуникативное направление, система, обучающие язык.

New direction of educating of grammar

In the article talked about new, modern methods in the system of education and new directions of educating of grammar.

Key words: grammar, functional grammar, communicative direction, system, teaching a language.

А.ӘБШЕВА,
Еңбекту орта мектебі.
Ақтөбе облысы,
Әйтеке би ауданы,
Еңбекту ауылы

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ САПАЛЫ ОРЫНДАЛУЫ

Оқу-тәрбие жұмысының негізі—сабақ. Сапалы сабақ оқу ісінің нәтижелі болуына тікелей әсер етеді. Сабақ үстінде оқушының жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу, сабақтың тақырыбына сай нақтылы міндет қоя білу- әр ұстаздың шеберлігіне байланысты. Ана тілінде адам ойын жеткізу үшін сөздерді қалай байланыстыруды, қай қосымшаны қай сөзбен қолдануды, білдіретін сөйлемнің қандай түрін қалай құрастыруды ойланып жатпайды, дайындық жаттығуларды тілдік тұлғаларды қолдануды үйреніп қоймай, оны ойланбай қолданатын дәрежеге жеткізуді жүзеге асырады. Қазақ тілінің орфографиялық нормасын оқушы бойына қалыптастыру, қазақша сауатты жазу дағдысын меңгерту де осы ұғымға кіреді. Сөздерді бір- бірімен дұрыс байланыстырып, сөз тіркесін жасау арқылы оларды сөйлемде дұрыс орналастырып, сөйлем құрау, сөйлем арқылы ойын басқаға жеткізу, басқаның сөзін түсіну де тіл дамыту ұғымына жатады. Ал сөйлеу жаттығуларында меңгерген тілдік материалдарды керек кезінде, айтылатын ойға байланысты оқушы орынды қолдана алатындай болуы керек. Сөйлеу жаттығулары қарым-қатынас жасауға бағытталды. Оған сұраққа дұрыс жауап беру, тілдік жаттығуларда меңгерген сөйлем үлгілерін сөйлеуде еркін қолдану, орышадан қазақшаға аударып, тақырып бойынша шығарма жазу, жоспарланбаған, дайындалмаған тақырыптарда сөйлесу өте қажет.

Қазақ тілі пәнінің мақсаты - оқушыларға қазақ тілін меңгерту, ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру, қазақ тілінде сөйлеп,

жаза білетін дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тарихын танып талаптандыру, тілін құрметтеуге тәрбиелеу, сонымен қатар Отанды, табиғатты, айналадағы құбылысты, тыныс тіршілігімен жан-жақты терең таныстыру. Оқушыларды қазақ тілін оқу барысында мұғалімнің қойған сұрақтарын түсініп, оған жауап беруге, үйренген сөздерін дұрыс айтуға, әсіресе, құрамында қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолданып, сөйлемді дұрыс құруға үйрету қажет. Қазақ тілі пәнін оқытудың мақсаты оқушылардың қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру және дамыту, яғни тілдік және танымдық біліктілікпен қамтамасыз ету екендігі Қазақстан Республикасының жалпы білім берудің мемлекеттік стандартында да көрсетілген.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында мемлекеттік тілдің оқыту сапасын арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударды: «Халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып қазақ тілін оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп, енгізу қажет. Мемлекеттік тілді тиімді меңгерудің ең үздік инновациялық, әдістемелік, тәжірибелік оқу-құралдарын әзірлеу керек». Қазіргі таңда оқытудың елуден астам технологиясы бар екенін ғалымдарымыз айтып, осылардың кейбіреулері біздің білім беру жүйемізге еніп, тәжірибемізден орын алуда. Осы тұрғыда, қазіргі кезде мемлекеттік тілді игеруде көптеген педагогикалық технологияларды қолданып, оңтайлы жетістіктерге жетуге болады.

Мемлекеттік тілді үйретуде басты мақсат - тіл дамыту мақсаты болғандықтан, сабақ барысында көздейтін мақсат - оқушылардың сөйлеу тілін, сауаттылығын таныту, тілді үйретуде әдіс-тәсілдер, оны қызықтырып оқыту амалдары арқылы қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдыларын қалыптастырып, оқушылардың лексикалық қорын байытып, мемлекеттік тілде сөйлей, оқи, жаза білуге үйрету.

Тіл дамыту - тіл үйретудегі қарым-қатынас құралын іске асыру. Оқушының тілін дамыту лексикалық және грамматикалық тұлғаларды меңгерту, оларды сөйлемде қолдану дағдыларын қалыптастыру, сөз, сөз тіркесі, сөйлем арқылы тілдік әрекетке жетелеу болып табылады. Мұндай көзқарасты ғалым

3.Ш.Есназарова ұсынып, тиімділігін өз еңбектерінде дәлелдеп

жүр. Сөз, сөз тіркесі, сөйлем - байланыстыра сөйлеудің бастапқы алғы шарттары. Сөйлеу үшін оқушының жеткілікті белсенді қоры болу керек, әрі байланыстырып сөйлем құрау заңдылықтарын оқушыға ереже түрінде емес, әр сабақта тәжірибе түрінде меңгертіп, дағды қалыптастыру қажет. Тілдесім әрекетіне жету үшін жеткілікті сөздік қор болуы да маңызды, сөздік қоры мол адам өз ойын екінші адамға жеткізуде қиналмайды. Сондықтан оқушының сөздік қорын байытуға үлкен мән беру керек.

Оқушылардың тілдік қорларын байыту және сөйлеу қабілетін сапалы жетілдіру үшін сабақ барысында мынадай әдіс – тәсілдерді қолдандым. Сұрақ-жауап, ауызша толық сипаттама, жазбаша мазмұндама, шығарма сияқты түрлі жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Бұл жұмыстың қайсысы болсын оқушыны сөйлеуге жаттықтырады, сөйлеу дағдысын қалыптастырады, тілін дамытады.

Сабақта оқушылардың сөйлеу тілдерін арттыру барысында жұмыс жүргізудің бірі - мәтінмен жұмыс. Мәтінмен жұмыс дегеніміз сабақта өтілетін әр түрлі жұмыстардың жиынтығынан құрылады. Мәтінмен жұмыс істер алдында міндетті түрде мәтіндегі кездесетін таныс емес сөздермен тиянақты жұмыс істеу керек. Жаңа сөздердің мағынасын оқушылар түсініп, меңгерулері тиіс. Мәтінмен жұмыс істеуді мынадай түрде меңгеруге болады: толық мәнерлеп оқу, сурет бойынша мәтін құрастыру, мәтінді оқып әрі қарай жалғастыру, мәтінді оқып сол мәтіннің төңірегінде шағын ойтолғау жазу, оқушылар өздеріне тиісті мәтінді оқып, бір-біріне мазмұнын айтып беруге дағдыландыру, оларды бір-біріне сұрақ қойып оған жауап беруі тиіс. Бұл жұмыста оқушының сөйлемді дұрыс құрастырып айтуына, сұрақты дұрыс қойғанына, оған жауап беруіне назар аударылады. Осындай жүйелі жұмыс арқасында оқушылар сұрақты еркін қойып, жауап бере алады.

Оқушының ауызша және жазбаша тілін дұрыс дамытуда грамматикалық ережелерді жақсы білуге, тыныс белгілерін дұрыс қоюға үйретіп, көркем әдебиетті көп оқуға шақыру қажет. Осыған орай оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай әр тоқсанда келетін демалыс күндері ертегілер, аңыздар, белгілі жазушылардың әңгімелерін оқуды талап ету керек. Әр мұғалім тіл ұстарту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра

білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, білген нәрселерін ауызекі сөздерінде қолдана білуіне жағдай жасайды.

Жаттығу әдісі – өз білдімін жетілдіруге өте қолайлы әдіс. Мысалы, мақал-мәтелдерді жаттау немесе басын айтып, жалғастыруды талап ету. Жаттығу әдісі арқылы мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерін сөйлеу кезінде тиімді қолдана білу. Мақал-мәтелмен, тұрақты тіркеспен жұмыс жүргізуде оқушы әр мақал-мәтелдің, тұрақты сөз тіркесінің мағынасын түсінуі керек, сонда ғана оны орынды қолдана алады. Сондықтан оқытушы мақал-мәтелдің, тұрақты тіркестің мағынасын түсіндіруге мән беруі қажет. Мақал-мәтелдердің қолданылуын меңгерген оқушының тілі көрікті, әсерлі болатыны сөзсіз. 5,6-сынып оқушылары қазіргі таңда тұрақты сөз тіркесін де, мақал-мәтелдерді де толық өтті. Сабақ барысында жиі қолданып отырады. Мақал-мәтелді жалғастыру, берілген мақал-мәтелдің тақырыбын анықтау, мәтін берілсе соны «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» деп бір мақалмен түйінін келтіру жұмыстары сабақта орындалып отырады. Мақал-мәтел мен тұрақты тіркесті өз сөздік қорларында жиі қолданады деп 5-сыныптан Абдиқаримова Н., Әділбекұлы Н., 6-сыныпта Әбсетов Е., Абдуалиева Ф., Ұстабаев А-ны атап кетуге болады.

Сабақ барысында оқушылардың міндетті түрде сөздік дәптері болуы тиіс. Сөздік дегеніміз - тілдің қажетті материалы. Сөздікпен жұмыс - тіл дамыту жұмысының негізгі саласының бірі. Жаңа сөздерді жаттап, күнделікті өмірде қолдану – күн сайын оқушылардың ойлау және сөйлеу қабілетін арттырудың тиімді тәсілі болып саналады. Оқушылардың сабаққа одан әрі ынталана түсуі үшін, сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың өзіндік ерекшеліктері бар. Сыныптан тыс жұмысы және тіл дамыту жұмысына баса назар аударылады. Бұл кезде оқушы әрі оқиды, әрі жазады, әрі сурет салады.. ой –өрісі еркін дамиды. Қай тілді үйренбейік, алдымен оның сөздік қорын меңгерту қажет. Демек, сөз өзінен өзі жиналмайды, оны жоспармен, белгілі бір жүйемен меңгерген жөн. Оқушының үйренген сөздерін берік қалыптастыру үшін мына мәселелер ескерілуге тиіс: сөзге дұрыс екпін түсіріп айту, сөздің мағынасын дұрыс түсіну, орфографиялық жағынан

дұрыс жазып, сөйлем ішінде пайдалана білу. Оқушылардың меңгерген сөздік қорларын бекітіп, білімдерін молайтып, сауатты да мәдени-эстетикалық деңгейде сөйлесе алуға үйретуге болады. Сөздік қордың бір жүйемен жүргізілуі, оның тоқсан жыл сайын артып отыруын көздеу қажет. Оқушы әр сабақ сайын жаңа сөз үйреніп, оны сабақ барысында бірнеше рет қайталап, жазбаша және ауызша жұмыс түрлерімен байланыстырып, санасына берік сақтаса ғана ол сөздік қорына енеді.

Оқушылардың сөздік дәптерлері бар. Дәптермен жұмыс күнделікті сабақ барысында атқарылып отырады. Оқушылар берілген шығармадағы мағынасы өздеріне таныс емес сөздерді сөздік дәптерлеріне жазып, жаттайды және келесі сабақта сабақ айтқанда сол сөздерді қолданады.

Ауызекі сөйлеу әдісінің бірі - диалог. Оны құрастыру үшін бір тақырып бойынша оқушының сөздік қорын дамыту, жаңа сөздер үйретіп, мағынасын түсіндіре отырып, оларды жасайтын формаларды меңгертіп, сөйлем құрауға үйрету, сөз бен сөзді байланыстыруға, ауызша ойларын жүйелі айтуға, әңгімелеуге жаттықтыру керек. Сонда оқушы диалог құру кезінде сауатты сөйлеуге, қазақ тілінің грамматикасын ескере отырып диалогты дұрыс құруға тырысады. Бұл оқушының тілін дамытады. Диалог әдісі, бір жағынан оқушының тілін сөйлеуге жаттықтыру болса, екінші жағынан, диалог арқылы оқушымен тікелей сөйлесуге мүмкіндік ашылады және өзара кері байланысқа түсе алады.

Диалог құрастыру кезінде 5-сыныптан Абдиқаримова Нұрсая сөздерді тиімді қолдана біледі және тақырып төңірегінде кері сұрақ қойып байланыс жасай алады. 6-сыныпта Абдуалиев Р, Абдуалиева Ф, Әбсетов Е диалог құрудың шебері десем артық айтқаным емес. Оған дәлел 5-сыныпта дос, жолдас туралы мәтін бойынша диалог құрағанда Нұрсая достарына қандай қызықты кітаптар оқисындар, өз жерлестеріңізден қандай ақын –жазушыны танысыздар немесе болашақта кімге еліктейсіңдер деп жақсы сауалдар қоя білді. 6-сыныпта «Бақытты сәттер» мәтіні бойынша мәтінді оқып «Абай өмірі – бізге үлгі» тақырыбында Абай ата өмірі жайында жұптасып диалог құрастырды. Сол кезде Рахат Абай ата өмірін өзінің орыс достарын насихаттайтыны туралы айтса, Елнұр «Абай жолы» романын оқи бастағанын, достарына да оқу керек

екенін айтып кетті.

Сұрақ-жауап әдісі арқылы басқа оқушылардың сабаққа араласу қабілеті артады. Сұрақ-жауап әдісі – оқушылардың тілін дамыту үшін маңызды әдістің бірі. Өте тиімді әдіс. Сұраққа кейде толық жауап бермейтін оқушылар да болады. Бірақ қазіргі таңда оқушылар қойылған сұраққа толық жауап қайтаруға үйреніп келеді.

Баяндау әдісі. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында баяндау әдісі деп мұғалімнің сөзі арқылы оқу материалдарының түсіндірілуін айтады. Баяндау әдісі арқылы күнделікті сабақты түсіндіру, оқушылардың шығарма мазмұнын баяндауын айтып кетуге болады. Баяндау әдісі кезінде әдеби тілдік бірліктерді қолданып отыратын 5-сынып оқушылары.

Түсіндіру әдісі – жаңа сөз, сөз тіркесі сөйлемдерді түсіндіру қолданылады. Сабақ сайын үйретілетін жаңа сөздер бойынша, яғни, сөздік жұмысында іске асады. Сондай –ақ қазақ тілі грамматикасының кейбір ерекшеліктері түсіндіріледі. Тіл дамыту жұмыстарында сөздің мағынасын дұрыс түсіну үшін орфографиялық, синонимдік, антонимдік, этимологиялық, түсіндірмелі сөздіктерді пайдаланудың жолдарын үйрету де артық болмайды.

Сонымен «Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді» - деп Әбунасыр әл-Фараби айтқандай тіл дамыту жұмыстары саналы меңгеріп, байланыстыра сөйлеуде ғана емес, болашақ ұрпақтың ізденімпаздық әрі шығармашылық қабілеттерін дамытуда беретін әсері мол. Оқушыларды қызықтыра, ұғындыра оқыта үйретуді ұйымдастыру әр ұстаздың шеберлігіне, шығармашылығына байланысты. Тілді жақсы білу - толеранттылық мәдениетін қалыптастыруға негіз болатын маңызды фактор. Соңғы жылдары қазақ тілінің мәртебесі өсіп, оның әрекет ету аясы кеңейді. Бұған басты себеп - қазақ тілінде білім беру кеңістігінің ұлғайып, сапалы білім берілуі деп білемін.

Б.МИЗАМБАЕВА,
Жәңгір хан атындағы жалпы
білім беретін мектеп.
Батыс Қазақстан облысы,
Бөкей Ордасы ауданы,
Хан Ордасы ауылы

Д.ШОҚПАРҰЛЫ. «ҚАЙЫС ИЛЕУ»

Мақсаты: білім қоржындарын толықтыру, логикалық тұрғыдан еркін ойлауды қалыптастыру.

Тілдік мақсаты: негізгі ойды ашатын тірек сөздерді тапқызу, мәтін құрылымын талдау, лексикалық дамыту әдістері бойынша сөздік қорын молайту.

Әлеуметтік мақсаты: осы мәтінді өмірмен байланыстыру арқылы өнертапқыштыққа, яғни нанотехнологияны меңгеруге дайындау.

Модельдеу: оқушыларды топқа бөлу.

Мәтінді оқу. «Галереяда ой шарлау» әдісі бойынша мәтінді бөліп беру.

Оқушыларға нұсқау: мәтінді мұқият оқып, келесі мәтіндерді оқып, ең соңында өз мәтініне барып, әр топ өз мәтіндерін түсіндіреді.

Басқарушылық. Ақпаратты табу:

1. Мәтіннен тірек сөздердің астын сызындар (мысалы, қайыс илеу, іркіт, сарысу, малма, тері)
2. Кодты таңбалау -сіз үшін жаңа сөздер, сөз тіркесі О
-маңызды ақпараттың астын сыз —
- келіскен нәрсенің жанына белгі V
- күдіктенген нәрсенің жанына ?
- келіспеген нәрсенің жанына X

3. Малма деген не? Б БҮ

Білемін	Білгім келеді	Білдім

4. «Шеберлер оны үстеу дейді» ,- деген сөйлем ненің

анықамасын білдіреді?

А. Іс-әрекеттің мезгілін, мекенін, мақсатын мөлшерін білдіреді.

В. Малмада жатқан иі теріге сіңу үшін, бір аптадан соң қосымша ұн, кебек салады.

С. Иі жақсы сіңген терінің кесіндісі ақшыл болады.

Д. Иі қанбаған тері қатқыл болады.

Кеңінен түсіну. «Ойлаудың алты қалпағы»

Топқа берілетін тапсырмалар:

Ақ қалпақтар. «Қайыс илеудің жолдары» тақырыбына жоба қорғау

Қызыл қалпақтар.Мәтінде Абайдың қай өлеңінен үзінді берілген? Бұл өлеңнің мәтінге қандай қатысы бар? Өлеңді эмоцияға кіріп айтуға дайындалу.

Көк қалпақтар. Әр топқа баға беріп, өз көзқарасын білдіреді.

Жасыл қалпақтар. Мәтіндегі қайыс илеу әдісі мен қазіргі былғары өңдеу технологиясы туралы идеяларыңды, көзқарастарыңды айтыңдар.

Сары қалпақтар Қазақтың кәсіби қолөнерінің тиімді жақтарын саралау.

Қара қалпақтар. Қайыс илеудің бұл әдісін қазір қолданудың қажеті жоқ .

Интерпретациялау.

1. «Терінің иі қанғанын анықтаудың екі түрлі әдісі бар. Біріншісі, терінің пұшпағынан кішкене бөлігін кесіп алып қарау керек. Иі жақсы сіңген терінің кесіндісі ақшыл болады. Егер иі түгел сіңбесе, терінің ортасы көгеріп тұрады»

Өз сөзіңмен жаз	Тіл таңдау туралы түсініктеме

2. Автор ойын анықта. Теріні ең бірінші қалай өңдейді?

3. Тері илеу үшін әр ауылдан жаңа цехтар ашу керек пе?

4. Пайдаға аспай, ысырап болып жатқан терілерді іске асырудың жолын қалай табуға болады?

5. Иленген теріден тігілген ұлттық киім үлгісін құрастыр.

6. Қолөнер кәсібі дегенді қалай түсінесің? Ұлттық өнер мен ұлттық өнімнің байланыстылығы неде? «Отандық өнім – елімнің ырысы» деген тақырыпқа пікіріңді айт.

Мазмұнын бағалау.

1. Мәтін құрылысына талдау.

2. Мәтіннің шешімі қай сөйлемде берілген?
3. Қандай ұлттық қолөнер түрлерінің жасалуын білесіңдер?
4. Терінің иі қанғаны туралы айтылатын сөйлемдерді сызыңдар.
5. «Қайыс илеуге қанық тұздалған жылқы, сиыр терісін қолданады». Неге? Малдың басқа түрлерінің терілерін салыстыр.
6. Айран, іркіт, сарысу, ұн, кебек өнімдерінің құрамын салыстыр. Неліктен теріні илеу үшін осындай қоспа жасайды?

Өз бетімен жұмыс. Мәтін формасы (нысаны): тұтас. Жанр түрі: мәтін. Жағдай: қоғамдық.

Сөз	Менің ойымша ол нені білдіреді?	Ол шын мәнінде нені білдіреді?	Көмек сөздер	Бұл сөздерді қай жерден кездестірдім?
Көкаяз	Қатып қалған нәрсе	Өте икемге келмейтін зат	Егер иі түгел сіңбесе, терінің ортасы көгеріп тұрады. Оны көкаяз дейді.	Тамақ өнімдерінде кездеседі.

Сөздік қорды өз бетімен бақылау.

Сөз	Маған таныс емес	Мен бұрын естіген сөз	Анықтама
Кәсіби сөз - малма	-		Үлкен ағаш ыдысқа айран, іркіт құйып, оның үштен бір бөлігіндей мөлшерде қара бидайдың ұны, кебек қосып араластырады. Осыны малма дейді.
Байырғы сөз - көк ет		+	Теріге ілескен ет
Байырғы сөз - сапсу	-		Теріні тәулігіне 3-4 рет аударыстырып тұру керек, осыны сапсу дейді.
Байырғы сөз - шелдеу	-		Теріге жабысқан көк етті, майды қырып алуды шелдеу дейді.
Байырғы сөз - ірі қара		+	Жылқы, түйе, сиыр
Байырғы сөз - Ишілер	-		Тері илейтін адамдар

Бағалау.

А.САИРОВА,
Б.Сахариев атындағы
Бақты орта мектебі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Үржар ауданы,
Бақты ауылы

АРАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Қазақ тілі. 8- сынып.		
Сілтеме	Күнтізбелік жоспар, Қазақ тілі оқулығы, әдістемелік нұсқаулық, дидактикалық материал.	
Жалпы мақсаттар	Аралас құрмалас сөйлем туралы түсінік беріледі, білімдерін тереңдетеді, жасалу жолының ерекшелігін танытады, сөйлемнің құрылысына қарай көп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемнен ажырата білуге дағдыландырады, жағтығу жұмыстарын талдау арқылы ұғымдарын кеңейтеді.	
Көрнекіліктер	Оқулық, интерактивті тақта, плакаттар, музыка, тайм спикер(шиқылдайтын ойыншық), А4, А4 үлестірмелі қағаздары.	
Әдіс-тәсілдер	Жеке, топтық жұмыс, СТО, АКТ, Жигсо, ВЕНН сызбасы, «Молекула-атом» сергіту сәті.	
Оқыту нәтижелері	Оқиды, есте сақтайды, өнім жасайды, оқушы өзі мақсат қояды, сыни ойлайды, талдайды, жинақтайды, бағалайды.	
Түйінді идеялар(негізгі ұғымдар)	Аралас құрмалас сөйлемнің құрамында кем дегенде үш сөйлем болады, салалас құрмалас пен сабақтас құрмалас сөйлемдерден жасалады, көп бағыныңқылы сабақтастан айырмашылығын сыни ойлайды.	
Дереккөздер	«Қазақ тілі грамматикасы» нұсқаулығы, М.Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясы, 8-сыныпқа арналған методикалық құрал.	
Сабақтың барысы:	уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті
Сабақтың кезеңдері: 1-кезең. Қызығушылықты ояту:	3 мин.	«Молекула-атом» сергіту сәті жүргізіледі. Мұғалім-атом, оқушылар-молекула. Оқушылар араласып, айнала қозғалып жүреді, екіден, үштен, төрттен топтасады.

	5 мин.	<p>1-тапсырма.150-жаттығуды топпен диалогқа түсу арқылы талдаңдар. Маңыздылығына байланысты сызба бойынша жазған мысалдарды оқып, кері байланысқа түсіңдер.</p> <p>Бағалау. Көшбасшы оқушыға топты бағалап отыру ескертіледі. Бағалау түрлі-түсті қағаздар арқылы (қызыл жұлдызша—жақсы, көк шаршы—орташа, сары үшбұрыш—қанағаттанарлық) бағаланады.</p> <p>2-тапсырма. Жеке, жұп, топпен берілген сұрақтарға жауап іздеңдер. (деңгейге қарай тапсырмалар беріледі)</p> <p>1. А тобы. «Сабақ», «сабақтасу» ұғымын қалай түсінесің? 2. В тобы. 1. Сабақтас құрмалас сөйлемнің салалас құрмаластан өзіндік айырмашылығы неде? 3. В тобы. 2.Мақсат бағыныңқы сабақтас пен себеп бағыныңқы сабақтастың қандай айырмашылығы бар? 4. С тобы. 1. Ресурста берілген сөйлемді СКТ-мен талда.</p> <p>Бағалау. Көшбасшы оқушы топ мүшелерін бағалап отырады.</p>
	3 мин.	
	2 мин.	<p>Оқушыларға сабақтың мақсатын ұғыну үшін төмендегі сұрақтар қойылады.</p> <p>1. «Молекула-атом» сергіту сәті қызықты ма? 2. Қызықты болса біз бұл сергіту сәтін неге жасадық? А 3 үлестірме қағазында жазылған сөздерді тақтаға іліп, жауап береміз. Ойлануға 1 минут беріледі.</p> <p>3-тапсырма.</p> <p>1. бағыныңқы,басыңқы,бағыныңқы, басыңқы 2. бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы 3. басыңқы, бағыныңқы 4. бағыныңқы, басыңқы</p> <p>Топпен ақылдасып, орындары ауысқан қималарды тақтаға реттеп іліңдер де, тапсырманың барлығының дұрыстығына көз жеткізіңдер. Егер қате қима болса неліктен қате екеніне мысал келтіріңдер.</p> <p>1. Бұл қималар қандай сөйлемдерді білдіреді? Анықтамаларын шығарыңдар. 2. Бұл тапсырмада бізге таныс емесі қайсысы? Бүгінгі өтетін тақырып белгілі болды ма?</p>

2-кезең. Мағынаны ажырату:	2 мин. 10 мин.	<p>Дәптерге сабақтың тақырыбын жазады.</p> <p>4-тапсырма. Аралас құрмалас сөйлем (тақырып интерактивті тақтада жазылады). Ойымызға не келді? Өнім жасандар, қорғандар.</p>
3-кезең. Ой-толғаныс:	10 мин. 4 мин.	<p>5-тапсырма.</p> <p>Жигсо әдісі бойынша 4 топ.</p> <p>151-жаттығуды бөліп, тапсырманы орындандар.</p> <p>Әр топ өз елшілерін жіберіп жаттығудағы сөйлемдерді бөліп алып, ауызша талдаңдар және өздерің қалаған 2 сөйлемді дәптерлеріңе жазып, сөйлем мүшесіне талдаңдар, бағаландар.</p> <p>6-тапсырма.Аралас құрмалас сөйлем мен көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің ұқсастығын ВЕНН сызбасымен көрсет.</p> <p>7-тапсырма. Әр түсті қағаздар араласып тақтаға ілінеді. Осы көрнекілікке қарап тақырыпты қалай түйіндейміз.</p>
Бағалау.	3 мин.	Жұлдызшаны жинақтап, бағаландар.
Келесі оқу.	1 мин.	152-153-жаттығуларды байланыстара ауызша орындау, жаттау. Құрмалас сөйлемнен өткенді оқып, жадыны жаңғыртқыңдар
Ресурстар.		<p>1. «Сабақ», «сабақтасу» ұғымын қалай түсінесің? 2. Сабақтас құрмалас сөйлемнің салалас құрмаластан өзіндік айырмашылығы неде? 3. Мақсат бағыныңқы сабақтас пен себеп бағыныңқы сабақтастың қандай айырмашылығы бар? 4. Ресурста берілген сөйлемді СКТ-мен талда.</p> <p><i>Қына тасқа бітсе, білім басқа бітеді.</i></p> <p>1. 1) бағыныңқы; 2) басыңқы; 3) бағыныңқы; 4) басыңқы.</p> <p>2. 1) бағыныңқы; 2) бағыныңқы; 3) басыңқы.</p> <p>3.1) басыңқы; 2) бағыныңқы.</p> <p>4. 1) бағыныңқы; 2) басыңқы.</p> <p>8. Аралас құрмалас сөйлем мен көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің ұқсастығын ВЕНН сызбасымен көрсет. 9. Аралас құрмалас сөйлем мен көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің ұқсастығын ВЕНН сызбасымен көрсет. 10. Аралас құрмалас сөйлем мен көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің ұқсастығын ВЕНН сызбасымен көрсет. 11. Аралас құрмалас сөйлем мен көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің ұқсастығын ВЕНН сызбасымен көрсет.</p>

Б.ҚҰЛМАҒАНБЕТОВА,
№ 248 орта мектебі.
Қызылорда облысы,
Арал ауданы,
Тоқабай елдімекені

НАУРЫЗ ТУРАЛЫ ӨЛЕҢДЕР

(5-сынып)

Мақсаты: наурыз туралы өлеңдерді, бата-тілектерді оқып-үйренеді. Өлең-жырларды салыстырады. Оқушы бір-бірінің көзқарасын сыйлап дағдыланады.

Оқыту нәтижесі: жаңа тақырыпты өз бетінше үйренеді. Сурет бойынша әңгімелейді. Наурыз туралы өлеңдерді салыстыру арқылы оқушылардың ойлау қабілетін, ауызекі сөйлеу тілін дамытады.

Негізгі идеялар: сыни көзқарас қалыптасады. Деңгейлік тапсырма арқылы төменнен жоғарыға ұмтылыс жасайды.

Қолданылатын материалдар: интерактивті тақта, стикерлер, бағдаршам.

Оқыту әдістері: топтық, жұптық жұмыс. Венн диаграммасы.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі: а) Оқушыларды түгелдеу; ә) психологиялық дайындық.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

1. Төрт түлікке байланысты мақал-мәтел айт.
2. «Ойсыл қара» өлеңінде түйе малын қалай сипаттайды?
3. Төрт түлік туралы жырлардың аяқталуындағы ұқсастықты салыстыр, оның қандай тілектен туғанын айт.

Үй тапсырмасын «от шашу» әдісі арқылы бағалау.
Жаңа сабақ.

I. Қызығушылықты ояту.
«Он сұрақ» әдісі. «Наурыз» сөзі оқушының маңдайына жапсырылады.

Маңдайындағы сөзді немесе суретті табу үшін қалған оқушыларға тақтадағы оқушы он сұрақ қояды. Оқушылар жауабына қарап, қандай сөз немесе сурет жапсырылғанын табады.

II. «Мағынаны тану».

1-топ. Наурыз мерекесінің шығу тарихы туралы деректермен таныстырады.

2-топ. Наурыз кезіндегі салт-дәстүрлер туралы айтып береді.

3-топ. «Наурыз» жырын мәнерлеп оқып таныстырады.

«Дұрысында, қазақтың тамағы да, киімі де, үйі де, күйі де, көлігі де, отарбасы да, телеграфы да, телефоны да мал емес пе?! Малсыз қазақтың күні бар ма? Сол малын аман сақтау үшін қысқы аязда, ызғырық боранда бейнет шегіп, еңбек сіңіріп, малымен бірге жағып, бірге тұрып, бірге ығып, қыс қандай қысылса, жаз сондай жазылатын, жадырайтын шаруашыл, еңбекшіл қазақ қыстың өткеніне, жаздың жеткеніне қалайша өзгелерден

артық қуанбасын, жаздың басы жаңа күн-НАУРЫЗДЫ қалайша мейрам етпесін.»

Міржақып Дулатов. 1-топ тапсырмасы. Сурет бойынша әңгімелейді немесе сурет салады.

2-топ тапсырмасы. Сызба бойынша әңгімелейді.

Жақсы тілек	Ақ бата	Ұлыс күнімен құттықтау	Еңбекті сүю	Төрт түлікке мейірім
-------------	---------	------------------------	-------------	----------------------

3-топ тапсырмасы. Жұптық жұмыс.

а) Наурыз баталарын салыстырып, жырдың бәрінде кездесетін сөздерді айт.

ә) Тақырыптың түйінді сөздері.

Келтірілген сөздердің қайсысы жатады?

«Сөздер банкісі» тақырыбының түйінді сөзі.

Наурыз жыры, эпостық-жыр, бата-тілек, ертегі, саумалық, бау-бақша, селт еткізер, телефон, салт жырлары, Ұлыстың ұлы күні, самұрық, бәйгерек, ұйқышар, телеграф.	
---	--

Қорытынды.

III. «Ой толғаным». «Венн диаграммасы».

Наурыз мейрамы Жаңа жыл мейрамы

IV. Үй тапсырмасы:

1. «Қазақ халқының тұрмысы, ойын-сауығы өлең-жырсыз өтпейді» деген түсінікті әңгімеле. Оны Абай сөздерімен дәлелде.

2. Наурыз туралы бата-тілек құрастыр.

3. Ауылыңдағы наурыз мерекесінің өтілуі туралы әңгімеле. «Сұрағы бар қорап».

V. Бағалау. «Бағдаршам». Бағдаршамды көтеру арқылы белсенді топты марапаттайды.



Ж.ӨТЕШҚАЛИЕВА,
Жанабұлақ орта жалпы
білім беретін мектебі.

Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы,
Жанабұлақ ауылы

ҰБТ - БІЛІМ ЖЕМІСІ

Мақсаты: білімділік-оқушыларды ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындауда фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларын терең меңгерту; дамытушылық- тіл байлықтарын терең меңгерген, сөйлеу мәнерін білетін қабілеттерін дамыту; тәрбиелік-саналы, ұлтжанды, білімге құштар жеке тұлға тәрбиелеу.

Оқушыларды төрт топқа бөлу. Топтық жұмыс.

I. «Фонетика» тобы.

II. «Лексика» тобы.

III. «Морфология» тобы.

IV. «Синтаксис» тобы.

I тапсырма: Қайталау-білім анасы. Лездеме сұрақтар.
«Фонетика» тобы. Әріптер сыры.

1. Қазақ әліпбиіне тән неше әріп бар?
2. Қосарлы дыбыстар ғылыми тілде қалай аталады?
3. Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай...
4. Жалаң буын дегеніміз не?
5. Тек қана салдырдан ...

«Лексика» тобы. Қазақ тілі-өте бай, көркем тіл. I. Полисемия...

Омониммен салыстыру.

2. Табу дегеніміз не? Мысал келтір.
3. Синоним... /адамның келбеті / бірнеше мағынсын табу...
4. Кірме сөздер? Мысал келтір.
5. Диалект сөздер? Мысал келтір.

III. «Морфология» тобы.

1. Неше сөз табы бар?
2. Қосымшаның неше түрі бар? Салыстыр.
3. Зат есімнің рең мәнін тудыратын жұрнақтар? Мысал келтір.
4. «Мен» шылауы мен жалғауды қалай ажыратамыз?
5. Қатыстық сын есім ...

IV. «Синтаксис» тобы. Талдау-табыс кілті.

1. Салалас құрмалас сөйлем мен сабақтас құрмалас сөйлемнің айырмашылығы?

2. Сілтеу есімдіктері арқылы жасалатын салалас...
3. Аралас құрмалас сөйлем.
4. Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер?
5. Инверсия тәсілі ...

II тапсырма. Талдау-табыс кілті. (әр сала бойынша талдау жұмыстары жүргізіледі)

«Фонетика» тобы.

- О- дауысты, жуан, ашық, еріндік
- Ұ-
- Ө-
- Һ-
- Б-

«Лексика» тобы. Әулет, бәдірен, жүздесу, ажар- сөздеріне лексикалық талдау

«Морфология» тобы. *Биыл, апар, Жаңабұлақ, қолғанат*- сөздеріне талдау жүргізейік. Мысалы: *Бүгін*- мезгіл үстеуі, құрамына қарай күрделі, кіріккен сөз, себебі екі түбірдің бірігуі арқылы жасалып тұр: бұл+ күн
«Синтаксис» тобы.

1. Жақсы ұстаздық етсең, болашақтан тірек табасың.
2. Ғылым оқып білгенше,
Тыным-тыныштық таппаған.
Дүниені кезіп көргенше,
Рақат іздеп жатпаған. (Абай)

III. Қорытынды бөлім. (Ой жинақтау мақсатында жалпы сұрақтар қойылады).

1. Этимология саласы нені зерттейді? Кожехар-сөзінің шығу тарихын баяндау...

2. Тіл туралы заң қашан қабылданды?

3. *Шешеннің парызы- шындықты айту...* Кімнің ұлағатты сөзі? (Платон)

4. *Анамыздың ақ сүтімен дарыған тілімізді ұмыту...* жалғастыр, кімнің өсиеті?

5. Қазақтың тұңғыш ұшқыш қызы?

6. Батыр қалалар?

7. «Көшпенділер» трилогиясы мен «Абай жолы» романының қандай айырмашылығы бар?

8. Қазақтың тұңғыш және соңғы хандары?

9. Шоқан Уәлиханов қай ханның ұрпағы?

10. Тіл ғылымының атасы?

- Құрметті білімге құштар, ынталы да, саналы азамат, азаматшалар! Бүгінгі сабағымызды қорытындылай отырып, Адамды екі нәрсе қартайтпайды: бірі-жақсы мінез, екіншісі - жақсы сөз, - деп А.Йүгінеки бабамыз айтқандай, бабамыздың өсиетін бойға сіңіріп, ана тілімізді ту етіп, өзгелерге жыр етіп, еңбегіміздің жемісін көрейік!



М.ДУСИПОВА,

**№ 49 жалпы орта білім
беретін мектеп.**

Ақтөбе қаласы

ШЕШЕНДІК ӨНЕР

Сабақтың мақсаты: а) Шешендік сөз туралы түсінік бере отырып, сабаққа деген қызығушылығын арттыру, негізгі мәселелерге көңіл бөлуге үйрету;

ә) Сауаттылыққа баулу, алған білімі негізінде шығармашылық қабілетін дамыту;

б) Оқушылардың бойына әдептілік, инабаттылық, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Сабақтың түрі: жаңа сабақты игерту.

Сабақтың әдісі: лекция түрінде, сұрақ-жауап, т.б.

Сабақтың көрнекілігі: кітаптар.

Пәнаралық байланыс: тарих, әдебиет.

Сабақтың барысы:

а) Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылармен амандасу, түгелдеу, оқу құралдарын тексеру, сыныптың тазалығына көңіл бөлу, оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

ә) Үй тапсырмасын пысықтау:

Өткен сабақтар бойынша білімдерін пысықтау.

б) Жаңа сабақты түсіндіру:

Шешендік өнер - өзінің нақты зерттеу нысанасы, белгіленген теориясы, сандаған жылдардан бергі тарихы бар пәндердің бірі. Қолданбалы пәндердің қатарына жататын шешендік өнер кешендік білім жүйесін құрайды. Бұл білім сөйлеу этикасын жетілдіру, тілді әлеуметтік қызметіне қарай жұмсай білу, өз пікірін жеткізу, сендірумен бірге сөз арқылы оқыту, тәрбиелеу мақсаттарын қояды. Шешендік өнер тек құрғақ білімді жатқа білу емес, оның ерекшелігі де сол кез келген ортаның ыңғайына қарай сөйлеушінің өзін ұстай алуы, дұрыс ойын жеткізе алуы десек, аталған шарттар практиканы көп қажет етеді.

Шешендік өнер тарихы сонау ерте замандардан басталады. Адамзат баласы алғаш игерген әрі желісі үзілмей келе жатқан өнерлердің бірі. Оның тарихын білу халық тарихын білумен бірге, сөйлеу мәдениетін, әдебін үйрену, сөздерді дұрыс таңдай алу ерекшеліктеріне жаттығу. Шешендік өнер қоғамның саяси-экономикалық, әлеуметтік негіздері қажеттіліктерінен туған.

Шешендік өнерді «риторика» терминімен де ауыстырып жатамыз.

Риториканың (грек тілінде *rhetorikē*) алғашқы және негізгі мағынасы – шешендік өнер. Көне Грецияда шешендік өнерді, риториканы үйрететін мұғалімді ритор деп атаған.

Шешендік өнерді қай халық та меңгерген десек те, Эллада - шешендік өнердің отаны деп есептеледі. Ежелгі Грецияда сөз өнерінің құдірет-қасиеті жоғары бағаланды.

Тақтамен жұмыс: 1-жаттығу. Кестені толтырыңдар. Бос орынға не жазар едіңдер?

Шығармашылық тапсырма: мәтінді мұхият оқып шығыңдар да, түйінді сөзді дәптерлеріңе жазып алыңдар. Сосын кітапты жауып тастап, мәтіннің мазмұнын қысқаша жазып шығыңдар.

Білімді бекіту: оқушылардың түсінбеген сұрақтарына жауап беремін.

Білімді бағалау: оқушылардың жауаптарына қарай білімдері бағаланады.

Әдеби кеш

Б.ҚҰРМАНАЕВА,
«№152 қазақ орта мектебі» КММ.
Қызылорда облысы,
Шиелі ауданы,
Жөлек ауылы

ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІНІҢ ДАРАБОЗЫ

Мақсаты: ақиық ақын Мұхтар Шахановтың мерейтойын атап өту; өмірі мен шығармалары туралы мағлұмат беру; поэзиясының құдіретін сезіндіру; шығармаларынан үлгі алғыза отырып, ұлттық қазынаға, талантты тұлғаларға құрметпен қарауға, арлылық пен кішіпейілділікке, елін, тілін сүйетін ұлтжандылық қасиетке баулу.

Көрнекілігі: мультимедиалық презентация, ақынның шығармалар жинағы, плакаттар, синтезатор.

Кештің барысы:

Мұғалім: - Қазақта «Ел ағасыз болмас, тон жағасыз болмас» деген мақал бар. Шүкір, ел ағалары баршылық. Олар ерекше қасиетімен ел құрметіне бөленуде. Солардың бірі, бірі емес бірегейі – белгілі ақын, ана тіліміздің жанашыры, «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» атанған, Халықаралық А.Эйнштейн, А.Нобель алтын медальдарының иегері, бірнеше шетел академияларының мүшесі Мұхтар Шаханов. Бүгінгі апталық аясында өткізгелі отырған «Поэзия әлемінің дарабозы» атты кешіміз Мұхтар ақынның туған күніне арнайы шашуымыз болсын! Әрине, бірінші М.Шахановтың өмір жолы жайындағы оқушылар дайындаған презентацияға назар аударайық.

Слайдтар арқылы 11-сыныптың оқушылары ақын өмірі жайлы толық мәлімет береді. Слайдтарда ақынның әр кезде түскен суреттері, жинақтарының мұқабалары бейнеленген.

Мұғалім: - Мұхтар Шаханов 1940 жылы дүниеге келген кезде, заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай» кітабы басылып шығады. Роман ерекше әсер еткен әкесі нәрестеге «Мұхтардай ұлы жазушы болсын» деп ырымдап, Мұхтар деп атын қояды. 2004 жылдың 1 қыркүйегінде біздің де отбасымызда сәби дүниеге келді. Ұлымыздың есімін әжесі Білім күнінде туылғандықтан, өзгеше қойғысы келді. Сол кезде ауылымызға

біртуар ақынымыз Мұхтар Шаханов жұмыс бабымен келген еді. Орайлы сәтін тауып, әжесі Мұхтар ағаның ат басын үйге бұрғызды. Сөйтіп, өзінің немересіне ат қойып беруін сұрады. Асқақ ақын ұзағырақ ойланып отырды да, сәбиді қолына алып, құлағына: «Сенің атың Ұлтқанат!» - деп 3 рет дауыстады. Қасындағы серіктері: «Мұхтар болсын!» - деп еді, Мұхтар ағамыз: «Жоқ, қазақта Мұхтарлар жетеді, бізге ұлтымыздың болашағын ойлайтын ұрпақ керек. Сол себепті Ұлтының атағын көкке шарықтатар азамат болсын деген ниетпен есімін Ұлтқанат деп қоямын,» - деді. Мұхтар көкесі атын Ұлтқанат деп қойған сол сәбиіміз - бүгінде 2-сыныптың үздік оқушысы. Ұлтқанатымыз балабақшада жүрген кезінде-ақ «Ана тіліміз – ұлтымыздың болашағы» атты аудандық сайысқа қатысып, Мұхтар Шахановтың «Тамырсыздану қауіпінің тұжырымдамасы» атты өлең-трактатынан үзінді оқып, I орын алған болатын. Балақайдың алдына қойған арман-мақсаттары өте көп. Армандары орындала берсін деген ниетпен, бүгінгі кешімізде Ұлтқанаттың тіл туралы сол үзіндісінен тыңдап көрейік.

2-сынып оқушысы Жолдасбеков Ұлтқанат М.Шахановтың «Тамырсыздану қауіпінің тұжырымдамасы» өлеңінен үзіндіні жатқа оқып береді.

Мұғалім: - Мұхтар ақын оқушы күнінде-ақ поэзияны сүйсіне оқып, өлеңдер шығара бастаған. Оның өлеңдерінің алғаш рет баспа бетіне шығуында жас тілші Мыңбай Ілесовтің еңбегі зор. Ол 16 жастағы Мұхтардың тамаша өлеңдеріне тамсанып, өлеңдері мен суретін «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») атты республикалық газетке жіберіп, жариялатады. Сол тілшінің құрметіне арнап шығарған ақынның «Өзендер» атты өлеңі бар. 8 «ә» сыныбының озат оқушысы Әнуарбек Арухан бізге қазір осы өлеңді оқып береді. (Әнуарбек Арухан. «Өзендер» өлеңі.)

Мұғалім: - Мұхтар Шахановтың шығармашылық өміріне үлкен із қалдырған ақындардың бірі - Төлеген Айбергенов. Мұхтардан 5-ақ жас үлкендігі болса да, Төлеген Мұхтарға әрі аға, әрі ақылшы дос болған екен. Тіпті, Мұхтар ақынның анасы Ұмсын Айтбайқызы «Неше перзентіңіз бар?» деп сұрағандарға: «Ұлым үшеу: үлкені – Шәмші Қалдаяқов, ортаншысы – Төлеген Айбергенов, кішісі – Мұхтар Шаханов», - деп айтады екен. Осыдан-ақ Төлеген мен Мұхтардың арасындағы ағалық-інілік қарым-қатынасты аңғаруға болады. Енді М.Шахановтың Төлеген ақынға арнап шығарған өлеңін тыңдап көрелік. (9 «ә» сынып оқушысы Серікбай Фариза «Айбергенов шыңы» өлеңін оқиды.)

Мұғалім: - Ән әлеміне өзгеше құбылыс болып келген, қазақ вальсінің королі атанған Шәмші Қалдаяқов есімі бірнеше буын өкілдерінің жүрек төрінен орын алады. Атақты сазгер 1960 жылдары Оңтүстік Қазақстан өңірін аралайды. Сол кезде араларында 12 жас айырма болса да, Шәмші мен Мұхтар жақсы достар болған, екеуі көптеген әндерді бірлесіп жарыққа шығарған. Сондай әндерінің бірін қазір тыңдайық. (9 «ә» сынып оқушысы Өмірбай Наурызбай. «Арыс жағасында» әні.)

Мұғалім: - Енді М.Шахановтың Ш.Қалдаяқовқа арнап шығарған «Қалдаяқов өзені» атты өлеңін 9 «а» сынып оқушысы Марсель Ақниет бізге мәнерлеп оқып береді.

9 «а» сынып оқушысы Марсель Ақниет «Қалдаяқов өзені» өлеңін оқиды.

Мұғалім: - Арман мен бақыт – егіз ұғым. Бұл екеуін біздің халқымыз қатты қастерлеп, ерекше мән береді. Армансыз адам – қанатсыз құспен тең. Адам арманымен асқақтайды. Армандарымыз орындалса, өзімізді бақытты сезінетініміз де – шындық. Олай болса, Мұхтар Шахановтың «Арман» атты балладасы мен «Бақыт геометриясы» атты романынан үзінді тыңдап көрелік.

11-сынып оқушысы Сәнтаева Ілтпата. «Арман» балладасы.

10 «а» сынып оқушысы Нұрмаханбетова Айшат «Бақыт геометриясы» өлеңін оқиды.

Мұғалім: - Алға қойған арман-мақсаттарымыз орындалып, бақытқа жету үшін өмірдің өзенінде талмай жүзіп, бес күндік тіршілікте бір-бірімізбен тек сыйластық қарым-қатынаста болайық деген ниетпен, енді М.Шахановтың өлеңіне жазылған «Өмір - өзен» әнін тыңдайық.

11-сынып оқушысы Райымбекова Акерке «Өмір - өзен» әнін орындайды.

Мұғалім: - Мұхтар ақын көптеген қоғамдық қызметтер атқарды. 1980 жылдары Арал теңізі тартылған кезде, «Аралды құтқару» қорын құрды.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін 3 жыл бойы жалаға толы орынсыз тұжырымға тойтарыс берді. Кейін М.Шаханов бастаған комиссия Желтоқсан оқиғасының анық-қанығын зерттеп, халыққа шындықты ашып берді.

8-сынып оқушысы Қазбекова Назерке «Желтоқсан алауы» өлеңін оқиды.

Мұғалім: - Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары ақынды Елбасы Н.Назарбаев көршілес Қырғыз еліне елші етіп жіберді. Сонда жүріп Мұхтар ақын елшілік қызметінен бөлек, әлемге танымал Шыңғыс

Айтматовпен бірлесіп, «Күз басындағы аңшының зары» атты кітапты жазып шығарды. Осы кітапта М.Шаханов қай кезде де батыл көтеріп жүрген тіл мәселесіне тоқталып өтті. Жалпы, ақынның тіл жанашыры ретінде шарқ ұрған өлеңдері өте көп. Солардың бірін тыңдап көрейік.

9-сынып оқушысы Балғабасева Фариза. «Төрт ана» өлеңі.

Мұғалім: - «Ана» деген сөзді естігенде, ойымызға «Айналайын» деген сөздің де еріксіз түсетіні рас. Әнін Е.Хасанғалиев жазған М.Шахановтың «Айналайын» өлеңін әуенімен тыңдайық.

8-сынып оқушысы Сансызбай Жанар. «Айналайын» әні.

Мұғалім: - Ғабиден Мұстафин: «Өз дәуірінің көкейкесті проблемаларын дөп басып, кең тыныспен толғай білген, оқырманына таңдай қақтырып, кейде пікір таласын тудыратын, аз уақыт ішінде өз соңынан қаншама жанкүйер ерткен Мұхтар Шаханов секілді ақын бұрын кездеспеп еді», - деген екен. Ғабеннің сөзіне бір дәлел – ақынның адамды заманауи техникаға теңеген өлеңі. Тыңдап көрелік.

11-сынып оқушысы Сәнтаева Ілтипат. «Компьютербасты жартылар» өлеңі («Өркениеттің адасуы») романынан үзінді).

Мұғалім: - Ғашық болу келсе кімнің қолынан

Әлем соған сенеді.

Құлай сүю-ерлікпен тең себебі! - деген өлең жолдары ақынның махаббатқа да бей-жай қарамайтындығын көрсетеді. М.Шахановтың махаббат тақырыбына жазған шығармалары – ұлы сезімнің құдіреттілігін терең сезінуге мүмкіндік беретін туындылар. Кей өлеңдерінде ақын махаббатың киелілігін де тілге тиек еткен.

Мұғалім: - Махаббаттың өзі кейде күте білуден де тұрады. Ақынның «Кешікпей келем деп ең...» өлеңі де осыны меңзесе керек.

9 «ә» сынып оқушысы Алтынбеков Жақсылық «Кешікпей келем деп ең...» әнін орындайды.

Мұғалім: - Біздің бүгінгі әдеби кешіміз – Мұхтар Шахановтың туған күн мерекесіне арналған шағын сыйымыз. Олай болса, ақынға арнаған кешімізді әнін де, сөзін де ақынның өзі жазған «Туған күн кешінде» әнімен тәмамдайық.

Мұғалім: - Құрметті жырсүйер қауым! Осымен М.Шахановтың мерейтойына арналған «Поэзия әлемінің дарабозы» атты поэзиялық сазды кешіміз аяқталды. Барлығыңызға рақмет!

М.СМАХАНОВА,
№19 орта мектеп.
Қарқаралы ауданы,
Қасым ауылы

АЙТПАЙМЫН ӨЛТІРСЕҢ ДЕ ӨТІРІКТІ...

(Тазша бала байқауы)

Мақсаты: қазақ халқының ауыз әдебиетін насихаттау, оқушылардың ойлау деңгейі мен ұшқырлығын шыңдау, кестелі тілді, ұтқыр әзілді, тапқырлық пен орындаушылық шеберлікті дамыту, қиыннан қиыстырып жол таба білуге дағдыландыру.

Мұғалім: «Әзілі жарасса, атасымен ойнап», ал шымырқанған шындықты айтар шақта жай отындай жаркылдап шыға келетін дана халқымыз ерте заманнан бері сөз құдіретінің тереңіне бойлап, ұрпағын ұлағаттаумен келеді.

Міне, біз де ата-бабамыздың сара жолын әрі қарай жалғастыруда аз да болса өз үлесімізді қосу үшін бүгін мектебімізде өтіп жатқан қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің апталығына байланысты тәрбие шарамызды «Айтпаймын өлтірсен де өтірікті...» деген тақырыпта өткізгелі отырмыз.

- Бұл кімнің сөзі?

- Тазша бала қандай өнерінің арқасында мақсат-мұратына жетеді?

Ендеше, біз де ханның қызы мен жарты қазынасын алып бай болмасак та, «сегіз қырлы, бір сырлы» өнерімізді танытайық!

Армысыз, мектебіміздің жас ұрпағы,

Жайнасын көңіліңнің жасыл бағы.

Сіздер үшін ән мен күй, өлең мен би,

Сіздер үшін тамаша шашулары.

Талайлардың шыңдалып өнерлері,

Талайлардың жүрегі нұр құшады.

Бүгінгі күн алтын ұя мектебімізде,

Әзіл-қалжың, күй мен ән бірге ұшады.

Бүгінгі сайысымыздың беташары Ләззаттың орындауындағы «Гүлдарига» әнімен ашылмақ. Қабыл алыңыздар!

Мұғалім: - *Мінеки, көрермендер, тыңдағайсыз,*

Тыңдаусыз бұл сөзімді қылмағайсыз.

Өмірдің қызғылықты уақытында

Хабарсыз әр нәрседен тұрмағайсыз.

Қызықты сіздер үшін сайыс құрдық,

*Тазша бала өнеріне көңіл бұрдық,
Көрсін деп өнерлерін ортаңызға.
Солардың алтауын бірдей алып келдік!*

- Ортаға үміткерлерімізді шақырайық! Үміткерлеріміз өздерінің реттік сандарын таңдап алсын.

Мұғалім: - Өнерлерің, өрендер, арындасын,
Дәл қазір шаршамайтын шағыңдасын.
Сылтауратып пәлендеуге дәлелім жоқ,
Бәрің де бәйге алардай бабыңдасын.

I. «**Айтпаймын өлтірсең де өтірікті...**» Әрбір қатысушы көрермендерге өзі куә болған қазіргі «Қырық өтірікті» өлеңмен баяндап, өзін таныстырады.

*Айтпаймын өлтірсең де өтірікті,
Сыырды тышқан қуып өлтіріпті.
Түйені келе жатқан маң-маң басып,
Оңдырмай сабап шыбын өкіртіпті.*

*Қап тауынан келдім мен Тазша бала,
Өнеріме бар жүрепкең жақсы қара.
Туа салып атандым Тазша бала,
Сірә, мендей тумайды басқа бала.*

*Айтпаймын айт десең де өтірікті,
Сауысқан алып ұшты бөлтірікті.
Мен туғанда шілдеханаға келгендердің
Бәрің де маса теуіп өлтіріпті.*

*Ақ қоянды міндім де аспанға ұштым,
Зулаганда шыдамай құлап түстім.
Алты айдай аспанда қалықтап жүріп,
Бұлттарды парашют қып әрең түстім.
Түбінде Қособаның жатып алғам,
Талайды мақта оқпен атып алғам.
Менікі ақырғы орын, таласпаңдар,
Қазылар алқасын сағыз беріп сатып алғам.*

Мұғалім: - Арнасын ағытып бір әзіл жырдың,
Өтірікке көрермендер құлақ түрсін.
Осынау сау-саламат кездесуде
Қуантып көпшілікті шаттандыршы, –
дей келе, ендігі кезекте үміткерлеріміздің «Өтірік әңгіме» айту өнерін көрсетеді.

II. «**Өтірік әңгіме айтып жұртқа жақтым.**» Бұл кезеңде үміткерлер

қиыннан қиыстырып, өтірік әңгіме айтуы керек. Уақыты 5 минут.

- *Нақты есімде жоқ, шамамен осыдан бір ғасыр бұрын туыптын.
Содан сексен жыл өткенде, біздің заманымыздың бесінші ғасырында
отбасын құрып, балалы-шағалы болдым.*

- *Мен аң ауладым. Аңшылық менің кәсібіме айналды. Күнде таңертең
сағат 12-де шегірткемді ерттеп, аңға шығамын. Бір күні шыға берісте
бір қоянға кез болдым. Қоянға «әне жетем, міне жетем» деп, әбден
әуре-сарсаңға түстім. Содан қоянды шегірткеммен екі жыл қатарынан
қудым. Ойда жоқта шегірткем қоянның аяғын басып кетіп, ол баяулап
жүгірді. Содан тағы бір жыл қудым. Қоян әлсіреді. Сол сәтте қоянды
садағымның соңғы мақтадан өрілген жебесімен атып кеп жібердім.
Қоянды сілейтіп шегірткеме зорға өңгердім. Енді қайтар жолды іздесем,
о тоба, өз үйімнің қасында тұрмын. Бұл қалай болды деп, үш күн, үш түн
ойладым. Сөйтсем мен жерді бір айналып келген екем.*

*Үйіме келіп, қоянның терісін сыпырып, етін қазанға салдым.
Қазандағы етім отыз күнде әрең қайнап, жұп-жұмсақ болып піскені.
Қонақ шақырып, ас бердім. Мың кісі жарты етіне лықа тойып,
ризашылық білдіріп, бата бергені әлі есімнен кетер емес.*

Мұғалім: - *Жас кезімде он мамандық үйрендім.
Оған қоса жүз түрлі өнер үйрендім.
Мақсатын қызметтерімнің баяндайын
Үйрет десең, үйретейін, аянбайын,-*

дей келе, келесі кезекте үміткерлеріміз Тазша баланың мамандығы жөнінде әңгіме не өтірік өлең айтады.

III. «**Мен өзім кішкенеменен қарға бақтым...**»

Бұл тапсырманы сахналық көрініс ретінде көрсеткісі келгендер екі адамға дейін көмекші алуына болады. Уақыты 3 минут. (Жүрекертерде мамандық аттары жазылған, өзі таңдаған жүректегі мамандықты баяндайды).

Саудагер: - *Жас күнімде атақты саудагер болдым,
Анамнан туа сала жүзге толдым.
Тышқандарды саттым да топырлатып,
Сатқанымның арқасында миллионер болдым.*

Ғарышкер: - *Тышқандарды бес күн байлап жардай еттім,
Бойларын өсіп тұрған талдай еттім.
Мініп алып құлағынан тартқанымда
Көзді ашып-жұмғанша Айға жеттім.*

Сот: - *Әлемдегі ең әділ сот болдым,
Сот болғанда небары 4-те болдым.
Тексермей-ақ үкімін басып бердім,
Әлемдік сұмдықтарды ашып бердім.*

Мұғалім: - *Жақсы дәстүр ұрпаққа мұра бүгін,*

Жалғастырып ғасырлар аралығын.
Жырлайық жастық шақтың кереметін.
Үміткердің тамаша өнер-жырын,

дей отырып, әр үміткердің өнерін тамашалайық!

IV. «Тазшаға тоғыз өнер де аз». Әр қатысушы би, пантомима, этюд, пародия, т.б. жанрлар бойынша өнер көрсетеді. Уақыты 3 минут.

Мұғалім: -Тазша бала-өнерлі бала нағыз,
Сөзі сырлы, өлең-әңгімесі-нағыз аңыз.
Тапқырлығын сынайтын кезеңді де
Сабырмен тындай білсек тынығармыз,-

деп, келесі кезеңге көшейік.

V. «Тазша бала-тапқыр бала». Әр қатысушы өзіне қойылған логикалық сұрақтарға табан астында мүдірмей, тапқыр жауап беруі керек. Әр қатысушыға 3 сұрақтан қойылады.

№1. 1. Жүннің мәңгі ажырамас серігі. (*жүн ... жұрқа*)

2. Кейбіреулерімізде көбірек, қайсыбіреулерімізде азырақ, енді біреулерде мүлде жоқ нәрсе. (*ұят*)

3. Кім барлық тілде сөйлейді? (*жаңғырық*)

№2. 1. Көшеде жүріп келе жатқан адамның аяғының астында не жатады? (*ұлтан, табан*)

2. Дүниеде ең шапшаң нәрсе не? (*ой, қиял*)

3. Көзіңмен көресің, бірақ қолыңмен ұстай алмайсың. (*көлеңке*)

№3. 1. Егер стақандағы судың бәрін ішіп қойса, оның ішінде не қалады? (*Ауа және судың буы*)

2. Бес түйеқұс ұшып келе жатты. Аңшы олардың біреуін атып алғанда, қаншасы қалады? (*түйеқұс ұшпайды*)

3. Дүниедегі барлық нәрсеге не қажет? (*атау, есім*)

№4. 1. Өмірде болған емес, болмайды да, бірақ ол туралы айтылады. (*құстың сүті*)

2. Мұрынына төніп тұр, бірақ қолыңмен ұстай алмасың? (*уіс*)

3. Жүргенін сездірмейді, тұруға төздірмейді. (*аяз*)

№5. 1. Көкек ұясында жұмыртқа басып отырып, не туралы ойлады? (*көкек ұя салмайды*)

2. Қай кезде аспан жерден төмен тұрады? (*аспанның суреті судан сәулеленіп көрінген кезде*)

3. Дем алады, өседі, бірақ жүрмейді. (*өсімдік*)

№6. 1.Қандай сұраққа «иә» деп жауап бере алмайсың? (*ұйықтап жатырсың ба?*)

2. Теңізден қандай тастар табылмайды? (*құрғақ тастар*)

3. Өзі менің әкемнің баласы, бірақ маған аға да, іні де емес. Бұл кім болғаны? (*мен өзім*)

Сөз қазылар алқасына беріледі. Жеңімпаз анықталып, қалған қатысушылар әр түрлі номинациялар бойынша марапатталады.

ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК, АДАЛДЫҚ ПЕН БІЛІМДІЛІК – «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Мақсаты: Отаншылдыққа, елжандылыққа, ұлттық патриотизмге тәрбиелеу: «100 нақты қадам» Ұлт жоспары шеңберінде білім беру үдерісіне «Мәңгілік ел» құндылықтарын енгізу; қоғамда қазақстандық патриотизм идеясын дамыту; тәуелсіздік алғаннан бергі Қазақстанның жетістіктерін насихаттау, басты құндылықтарды – тәуелсіздік, бейбітшілік, келісімді нығайту; Оқушылардың Отанға деген азаматтық жауапкершілікті сезінуіне ықпал ету.

Қажетті көрнекіліктер: газеттер, оқушылар шығармашылығы, слайд.

Ашық тәрбие сағатының барысы:

1-жүргізуші: -Армысыздар құрметті оқушылар!

2-жүргізуші: -*Құтты болсын мерекең,
Құтты болсын берекең.
Құтты болсын айтады
Ақ әже бізге кен екен.*

Ата-ана шығып, құттықтау сөз айтады. Білім күнімен, жаңа оқу жылымен құттықтайды.

1-жүргізуші: -*Көк аспанда тулардың
Желбіреген күні – бұл
Елім деген ұлдардың
Елжіреген күні бұл.*

2-жүргізуші: -*Тілім, дінім, әдет-ғұрып, салт-санам,
Асыл мұрам ата-бабам сақтаған.
Басқа байлық мақсат емес мен үшін,
Мен солардан бақыт табам, бақ табам.*

1-жүргізуші: *-Қазақстан! Туды алтын дәуірің
Алғандайсың жұлдыздардың жарығын.
Қуанышың құтты болсын, қымбаттым,
Алдыңнан ақ күн тұсын, алыбым!*

Мұғалім сөзі: -Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде замана жүгін қайыспай көтеріп, тәуелсіздік көшін алға жетелеген Нұрсұлтан Әбішұлының азат ел болғандығына 23 жыл толған Қазақстанды әлемдік кеңістікте іргелі елге айналдырғаны жасырын емес. Ол тек Елбасының қажырлы еңбегі мен сарабал саясатының жемісі екені Қазақстан жұртшылығына ғана емес, әлемге де белгілі. Осы орайда, Елбасының: «Садағаң кетейін, халқым! Сенің мүдден жолында бойдағы қуат, ойдағы нәрдің бәрін сарп етуге бейілмін» – деген сөзі еріксіз еске түседі.

1-оқушы: *-Тілім, дінім баға жетпес байлығым,
Төрт құбылам түгел жанмын сайлымын.
Көріш елдерді мойындатты көк туым,
Ата жұрттың асқақтатып айбынын.*

2-оқушы: *-Маған сол да жетіп жатыр себебі,
Қаниша гасыр армандадым мен оны.
Бодандықтан бостандыққа талпынған,
Тәуелсіздік барша жұртқа керегі.*

3-оқушы: *-Егемендік еді менің бар ойым,
Өрге баста өрішп тағдыр, талайым.
«Өз үйіңде өлең төсек» дем алсаң,
Бұдан асқан бақыт бар ма, ағайын?!*

4-оқушы: *-Сия да көк, көтерген байрақ та көк,
Сенімдермен келемін алға жүріп.
Туым мен ұлымды сақтағын деп,
Жаратқаннан сұраймын жалбарынып.*

5-оқушы: *-Азаттықтың қадамын құтты етелік,
Баласы бабасындай құса жолды.
Рухымды ұрпағым тік көтеріп,
Бірін-бірі төмендетпей тұрса болды.*

Хор. «Менің Қазақстаным» әні орындалады.

1-жүргізуші: -Ежелден дана халқымыз: «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» деп бекер айтпаса керек. Адамның Отан туралы ұғымы, сүйіспеншілігі, көздің қарашығындай сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуі – бұл аманат.

2-жүргізуші: -Адамның тағдырына жазылған Отаны, оның

елмен, таным-түсінікпен астасып үлкен ұғымға айналуы – қажеттілік. Сонымен де адам өзінің парасат, пайымын танытады.

1-жүргізуші: -Отанымның баға жетпес байлығы мен әдемілігі мені әрқашан да ерекше таңқалдырады. Қазақстанның солтүстігінде әдемі қайындар, оңтүстігінде жайқалған егін алқаптары, Алатаудың кербез таулары айтсаң да айтпасаң да көз тойдырады.

Мұғалім сөзі: -Елбасы білім, ғылым, экономика, технология, бизнес, күнделікті тұрмыс көрсеткіштері туралы «Мәңгілік ел» идеясында ой түйген. Бұл идеялар «Қазақстан – 2050» стратегиясында жарияласа да, оны ұзақ жылдар ой-санасында таразылап, жүрегінде тербетіп келгені анық.

Елбасының мемлекеттік қайраткерлігі шығармашылық еңбектері мен дүниежүзілік бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбаттарынан көрінеді.

Елбасының жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясының әрі жалғасы, әрі сол арманға жету жолдары. Қойылған міндетті, айтылған мақсатты жинақтап түйіндей келе, Н.Ә.Назарбаевтың бұл еңбегі қазақтың Мәңгілік ғұмыры туралы және ұрпақтың мәңгілік болағандығын баянды етуге арналады.

1-жүргізуші: *-Қазақ жері – қонақжай төрлер жері
Қазақ елі – қас сақтай Ерлер елі
Елі кедей болмаған – жері байтақ,
Едігедей, Бабырдай шерлер елі.*

2-жүргізуші: *-Қазақ жері көп шеккен қасіретті,
Қазақ ері – өнерлі, өсиетті.
Египет билеген Бейбарыстың
Елі текті, киелі, қасиетті.*

1-жүргізуші: Хор. «Атамекен».

2-жүргізуші: *-Алаулаған жанарыңнан нұр тамып,
Бүгін сені күллі дүние жүр танып.
Көк байрағың желбірейді көгіңде,
Әнұраның әлемде тұр шырқалып.*

1-жүргізуші: -Викториналық сұрақтар беріледі.
Ашық тәрбие сағатына қорытынды жасалынады.

Б.ҚАРЫМСАҚОВА,
М.Әуезов атындағы
№ 7 орта мектеп.
Атырау қаласы

СӨЗ МЕРГЕН

Мақсаты: оқушылардың өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, жас ұрпаққа ана тіліміздің қадір-қасиетін дамыту, сайыс арқылы оқушылардың тез ойланып, жауаптарын тиянақты, жүйелі айтуға, топ алдында еркін сөйлеуге баулу; тұрақты сөз тіркесі мен мақал-мәтелдерін таныстыру, жылдамдыққа, ойшылдыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру.

2. Оқушыларды түгелдеу.

Сабақтың кезеңдерімен таныстыру.

1. «Мықты болсаң-тауып көр».

2. «Жүйрік болсаң-шауып көр».

3. «Ойлы болсаң-озып көр».

4. «Көнерген сөзге-көңіл бөл».

5. «Зерек зерде».

1. Бірінші кезең 6 тапсырмадан тұрады. Әр жауап 1 ұпай болып есептеледі. Бұл кезеңде тұрақты өз тіркестерін тауып, олардың қандай мағына білдіретінін айту керек.

1. Жанына пышақ жанығандай (арық, жадау адам)

2. Құлақ асу (тыңдау, назар аудару)

3. Тонның ішкі бауындай (дос-тату)

4. Санын соғу-өкіну, опыну.

5. Бетінен оты шықты - ұялды.

6. Сау басына сақина тілеу-өзіне бәле тілеу.

2. Жүйрік болсаң – шауып көр 6 тапсырмадан тұрады. Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай. Кестедегі сөздерден мақал – мәтел құрастыру, мағынасын түсіндіру.

1. Талапты ерге нұр жауар.

2. Туған жеріңе туыңды тік.

3. Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді.

4. Дос жылатып айтады,
Дұшпан күлдіріп айтады.

5. Біреу тойып секіреді,
Біреу тонып секіреді.

6. Айдағаның бес ешкі,
Ысқырығы жер жарады.

1. Оқыған
Талапты
Білімді жауар
Саналы

2. Ту
Әнұран тік
Отау
Елтаңба
Ер
Батыр намыс, қамыс
Дос
Қаһарман

Дос
Қас айтады
Күліп
Жылап

3. Ойлы болсаң – озып көр.

1. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз:

а) Тамырына балта шапты;

ә) Ағашты балтамен шапты;

б) Ағаштың тамырын шапты;

в) Оспан ағашты шапты;

г) Ағаштың бұтағын шапты.

2. Алдап кету мағынасын беретін тұрақты сөз тіркесін табыңыз:

а) Шашбауын көтеру;

ә) Ұзынқұлақ;

б) Тырнақ астынан кір іздеу;

в) Мұзға отырғызып кету;

г) Екі аяғын бір етікке тығу.

3. Араб, парсы тілдерінен енген сөздерді белгілеңіз:

а) ұлыс, нөкер;

ә) емтихан, тәрбие;

- б) Нұра, Нарынқол;
- в) Жасақ аймақ;
- г) Жәшік кереует.

4. Ашық дауысты дыбысты табыңыз:

а) А,Ә;

ә)Ы,У;

б)Ү,Й;

в) Ы,І;

г) Ү,У.

5. Көнерген сөзді белгілеңіз:

а) Ермексаз;

ә) Тамақ;

б) Тәрбие;

в) Найза;

г) Сіріңке.

6. Архаизмнен болған тіркесті табыңыз:

а) Үлкен планета;

ә) Абай даңғылы;

б) Нарықтық экономика;

в) Валюта бағамы;

г) Физикалық карта.

7. Бұрын көнерген сөз болып қазір неологизмге айналған сөзді табыңыз:

а)апрель;

ә) ай;

б) ғасыр;

в) апта;

г) байрақ.

8. Тарихи сөздерді табыңыз:

а) мешіт;

ә) имам;

б) жамағат;

в) қылуат;

г) муфти.

9. Архаизм сөздер қатарын табыңыз:

а) мекен-жай, нарық, пайыз;

ә) сараптама, тежегіш, машина;

б) тарих, жағрафия, химия;

в) қоқы, күләпіра, жағалан, жалаңқат, талыс;

г) бағдаршам, ұнтаспа, расатхана.

10. Қай қатар бір ұғымның архаизмдік-неологизмдік атау бола алмайды?

а) герб-елтаңба;

ә) гимн-әнұран;

б) колхоз-ұжымшар;

в) анкета-сауалнама;

г) аэродром–ғарыш айлағы.

Көнерген сөзге көңіл бөл.

1. Қыздың қос бұрымындай – екеуіде жастайынан бірге өскен қыздың қос бұрымындай балалар емес пе? С.Жүнісов

2. Желмен ыққан қанбақтай – жас жолбарыс секілді күн, қаңбақтай желмен ыққан өтетін зулап. С.Мұқанов

3. Ақша бұлттай нәзік. Раушан нәзіксің сен ақша бұлттай, құбылып ойнамайсың басқа жұрттай. С.Мәуленов

4. Маржандай тіс – Жамиля күлген ерін аппақ маржандай тістерін айқын көрсеткендей болады. М.Әуезов

5. Ұстараның жүзіндей – ақылы ағаңыздың осы күні жүзіндей ауытқиды ұстараның. С.Тоқтамысова.

4. Қорамсап-адықтың жебесін салып белге байлайтын оқсалғыш.

Ерулік – жанадан көшіп келеген үйді көрші қолаңның қонаққа шақыруы.

Саба – қымыз құятын ыдыс.

Әмеңгер аға өлсе іні мұра, ағасының балаларын жатқа жібермеу.

5. Зерек зерде (эссе жазады)

Топ басшылары

I топ. Тәуелсіздік туы астында.

II топ. Мәңгілік нұрдың иесі.

I топ тәуелсіздікке тақпақ оқиды.

II топ ұстазға арнап өлең оқиды.

6. Сабакты қорыту.

Не білемін?	Не білдім?	Не білгім келеді?

Не білімін Не білдім Не білгім келеді.

Бабаларымыз қалдырған асыл мұрамызды әрқашан жадымызда ұстап, қайта жаңғыртуға атсалысайық. Бағалау.

7. Үйге тапсырма: «Тәуелсіздік-ел тілегі» тақырыбына эссе.

М.ТЛЕКЕЕВА,
«Қ.Орымбетов атындағы
орта мектеп» КММ.
Алматы облысы,
Еңбекшіқазақ ауданы,
Қаракермет ауылы

АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ

Мақсаты: қазақтың ұлы ақыны-Абай Құнанбайұлының 170 жылдығы тойланып жатқандығы туралы түсінік беру. Ақын шығармаларын насихаттай отырып, тәлім-тәрбие алуға баулу. Ұлттық құндылығымызды, бай мұрамызды кейінгі ұрпақ сол қалпында сақтау керектігін ұғындыру.

Көрнекілігі: суреттер, кітаптар, нақыл сөздер, шарлар, киіз үй жабдықтары, ұлттық тағамдар, слайд. *(Музыка ойнап тұрады. Сахнаға ертеңгілікті жүргізушілер шығады.)*

1-жүргізуші: *-Жиналыптыз сәтті күні бәріміз де,
Үлкен-кіші, жасымыз, кәріміз де.
Гүл-гүл жайнап, қадірменді қонақтарым,
Озыңыздар мына біздің төрімізге!*

2-жүргізуші: *- Көп жасаған қария,
Ақылы терең-дария.
Көп өнеге сөзі бар,
Сөзі соқпақ, өзі нәр, -*

дей келе, бүгінгі 4 «ә» сынып оқушылары дайындаған «Абай тағылымы» атты тәрбие сағатымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

1-оқушы: - Абай Құнанбайұлы-қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы.

2-оқушы: - Классик ақын, композитор.

3-оқушы: -Аудармашы, философ.

4-оқушы: - Ағартушы, қоғам қайраткері.

5-оқушы: -Абай Құнанбаев 1845 жылы 29 шілдеде дүниеге келді.

6-оқушы: - Абайдың анасы - Ұлжан, әжесі - Зере.

7-оқушы: - Абайдың азан шақырып қойған аты-Ибраһим.

8-оқушы: - Абай 3-4 жыл молдадан хат таныған.

9-оқушы: - Әжесі Семей қаласындағы медресеге оқуға береді.

10-оқушы:- Медреседе Абай 4 жыл оқып, ислами білім алады.

11-оқушы: - Өлең жазуға бала жасынан әуестенгенмен бірыңғай жазу жұмысымен қырыққа жеткен кезде ғана шұғылданған.

12-оқушы: -Ол ақын ретінде әлем әдебиетінің құндылықтарын өз жүрегінен өткізген.

13-оқушы: - Абайдың ешбір шығармасы көзі тірі кезінде баспасөз бетін көрмеген.

14-оқушы: -Абай 1904 жылы 5 шілдеде қайтыс болған.

15-оқушы: - Абай шығармалары орыс және басқа тілдерге аударылу арқылы бүкіл дүние жүзіне тарады.

16-оқушы: - Абай тек әкенің ұлы ғана емес, елінің, халқының ұлы болуға әрдайым ұмтылды.

17-оқушы: - Қазақтың кеменгер ақыны, ойшыл, сазгер- шын мәнінде ғаламдық тұлға.

18-оқушы: - Абай поэзиясы күндері Лондон, Париж, АҚШ, Қытай, Түрік мемлекеттерінде атап өтілді.

Абайдың өмірі туралы көрініс.(бейнекөрініс көрсетіледі) «Абайдың балалық шағынан көрініс»

(Сахнада үй іші көрінісі. Аты аталғандар бірінен соң бірі сахнаға шығып, басын иіп, бір қатарға тұра береді.)

Рөлдерде: Абай - Есмұхамбет Әмір;
Барлас - Тоқтарұлы Нұрғабдолла;
Байкөкше - Әзім Жандос;
Әжесі - Аманғали Айсұлу;
Анасы - Айдосқызы Мерей.

-Биыл Абайдың жасы 13-ке толған. Ол атқа мініп жүруге жарағанымен, үйден көп шықпайды. Оның күндегі ермегі - әжесі мен анасынан әңгіме айтуды өтіну. *(Абайдың үйіне екі қонақ келеді: біреуі - жас қонақ, екіншісі -қартаң. Музыка ойнап тұрады.)*

Байкөкше: - Сәлем бердік. Үйлеріңізге құдайы қонақ келді.

Әжесі: *(қонақтарды қарсы алады)* - Сәлеметсіздер ме! Онда түсіндер. Қонақ болындар. Қалдарың қалай? Жоғары шығындар! Жақсы болды келгендерің!

Ұлжан: - Ал, балам! Әжең екеуімізді қажай беруші едің, әңгіме-жырдың дүкені, міне, жаңа келді. Мына кісі-Барлас ақын, ал мына ақынды сен танысың!

Абай: - Иә, әже! Мен Байкөкше ақынды танымын. Былтыр

бізге «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын айтып берген. Ол жыр әлі есімде.

Барлас: -Е, балам! Қазақта «шешенің судай төгілген, тыңдаушың бордай егілген» дегендей сөйлеуді де, тыңдауды да сүйген ел-ел дағы, тыңдауға өзін жалықпасаң, айтуға біз де жалықпаспыз!

Әжесі: - Тамақ әзір болғанша жыр-әңгімелеріңді айта отырыңдар.

Байкөкше: - Олай болса, Барлас ақын «Қобыланды батыр» жырын жырлап берсін.

Барлас: *(«Қобыланды батыр» жырынан үзінді оқиды.)*

Қарақытшақ Қобыланды -

Атасы мұның Тоқтарбай,

Халықтан асқан болды бай.

Байлығында есеп жоқ.

Айдалып бағып жайылды

Төрт түлік малдың бәрі сай.

Жаз жайлауы Көздікөл,

Көздікөлдi жайлаған

Қалың Қытшақ жағалай.

Тоқтарбайдың дәулеті -

Ішкені мас, жегені тоқ,

Бай-кедейдің көңілі жай.

Қыс қыстауы - Қараспан,

Қараспан көкке таласқан,

Ат үйірінен адасқан,

Қалың Қытшақ тізіліп,

Қонса қоныс жарасқан.

Әліп таңба Қытшақтың

Атағы озған алаштан.

Сексенге жасы келгенше

Бір бала көрмей Тоқтарбай,

Қайғыменен қан жұтып,

Ақылынан адасқан.

Абай: - Ата, мұны айтқан кім? Осы жырды шығарған кім екен?

Барлас: - Әуелден келе жатқан жыр ғой. Халық аузынан тараған деседі-ау, балам!

Байкөкше: -Ал, рұқсат болса, біз жүрейік. Алда барар жеріміз көп.

Әжесі: - Асықпаңдар. Әлі біраз күн қонақ болып кетіңдер.

Барлас: - Шырағым, ер жетерсің, ер жетсең, сірә, не етерсің. Алысқа шырқап кетерсің, шындасаң, шынға жетерсің. *(домбырасын Абайға ұсынады.)*

Абай: (шешесіне) - Апа, қонақтарды жақсы ғып тұрып сый беріп аттандырыңызшы.

Ұлжан: - Міне, сіздер жақсы сөздеріңізбен баламның көңілін көтеріп, ем әкелгендей болдыңыздар.

Әжесі: - Тағы да келіп тұрыңдар. Жолдарың болсын! Келген сапарларыңа тыста бір азырақ ырым байлаттым, ала кетіңдер. Риза болып аттаныңдар. *(Бәрі сахнадан шығып кетеді)*

1-жүргізуші: - Абай-қазақтың ұлы ақыны, сазгер, философ, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Биыл ұлы ақынның туғанына 170 жыл толды. Ұлы той республика көлемінде тойланып жатыр.

2-жүргізуші: - Абай өзінің аса құнды мұраларын қазақ халқының болашағы үшін жазды. Ол өз шығармаларында жұртшылықты ақыл мен білімге, өнер мен мәдениетті білуге шақырды.

1-жүргізуші: - Абай - сазгер. Абайдың «Айттым, сәлем, Қаламқас», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Желсіз түнде жарық ай» сияқты әндері бар.

«Құлақтан кіріп, бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй».

Тыңдайтындарыңыз - «Желсіз түнде жарық ай» *(ән орындалады.)*

2-жүргізуші: - Абай ағамыздың шығармаларындағы ең өзекті мәселе жастарды білім алуға, оқуға, еңбекке шақыру болды. «Әсемпаз болма әрнеге», «Интернатта оқып жүр», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңдері жас ұрпаққа айтар ақыл-кеңестерге толы.

Оқушы *«Жасымда ғылым бар деп ескермедім»* өлеңін оқиды.

(4 қыз жыл мезгілдері болып киініп, жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдерді оқиды.)

Қыс: - *Ақ киімді, денелі, ақ сакалды,*

Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.

Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,

Басқан жері сықырлап, келіп қалды.

Ш.АЙКЕБАЕВА,
М.О.Әуезов атындағы
педагогикалық колледжі.
Семей қаласы

ТӘЛІМГЕРЛЕРДІҢ БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМДЕРІН ДАМУ

Шығыс Қазақстан облыстық Абай атындағы әмбебап кітапханасының ақпараттық - библиографиялық қамтамасыз ету бөлімінде қаламыздағы М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледждің күндізгі кітапхана ісі бөлімінің 304 «ә» топ тәлімгерлеріне «Библиография жайында жалпы түсінік» және «Ретроспективтік библиография және ретроспективтік каталогтарды пайдалану жолдары» атты семинар сабақ өткізілді.

Жас кітапханашылар библиографиятану пәнін енді ғана меңгеріп келеді, сондықтан оларға «библиографияның» жалпы түсінігіне бастадым.

«Библиография» сөзі ең алғаш рет ежелгі Грецияда қолданыла бастаған. Ол екі сөзден шыққан: «библион» - кітап және «графо» - жазамын деген ежелгі грек сөздерінен шыққан. Сонымен «библиография - барлық білім көзін ашатын кілт» деген сөз тегін шықпаса керек.

Библиографияның көмегімен адамзат баласына белгілі болған нәрсенің бәрін табуға және білуге болады. Сонда оның күдірет күші неде жатыр деген сұрақ тууы мүмкін. Мысалы, библиографиясыз ғылыми жұмысты жазу мүмкін емес. Ал әрбір ғылыми жаңалық, өнертапқыштың берілген мәселеге байланысты әдебиетті зерттеуден басталады ғой!. Міне, библиография деген осы. Тіпті өздеріңді алайықшы! Сіздерге философия пәнінен белгілі бір тақырыпқа реферат дайындау тапсырылды делік. Бұл жерде де сіздер библиографияның көмегіңізді бір адым алға жүре алмайсыздар!

Библиография өзінің даму тарихында бірінші қолжазба шығармаларымен, содан соң баспа шығармаларымен байланысып жатыр.

Біздің заманымыздың "библиографтары" деп оқырмандарға

Жазғытұры: - *Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.*

Жаз: - *Жаздыгүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйішешек,
Ұзарып өсіп толғанда,
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда...*

Күз: - *Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қаиқан, тай жарысқан.*

2-жүргізуші: - *Толысып өскен санамыз,
Көңілді біз баламыз.
Шығарған Абай бабамыз
Шырқап әнге саламыз. (хор: «Көзімнің қарасы»)*

1-жүргізуші: - Абайдың көлемі қысқа болғанымен, мағынасы терең 45 қара сөзі бар. Абайдың 31-қара сөзі. (дисктен 15-қара сөзі тыңдалады)

12-оқушы: (19-қара сөзін оқиды) - Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп-көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады.

Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Сол естілерден естіп-білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады.

13-оқушы Абайдың 24-қара сөзін оқиды.

2-жүргізуші: Абай-үлкен аудармашы. Лермонтов, Пушкин өлеңдерін, Крылов мысалдарын қазақшаға аударған.

1-жүргізуші: -Бишімізде өнер көп,
Би билейді мәнерлеп,
Қазақтың биін көріңдер,
Өнерге баға беріңдер. Би: «Қара жорға»

2-жүргізуші:- Осымен тәрбие сағатымызды аяқтаймыз. Уақыт бөліп, келіп көргендеріңізге рақмет! Хош, сау болыңыздар!

баспа шығармалары туралы хабарды дайындап, тарататын адамдарды атайды. Ал, қазіргі таңда библиограф – оқырманның жасына, таным білігіне, дайындығына қарай кітап мұхитынан қажетті кітабын таңдап алуына бағыт сілтеуші маман, кітаптану ғылымын зерттеуші ғалым.

Библиография туралы білімдерін ұштай түсуге мынадай сұрақтар қойылды: «Библиограф кім, қандай маман?», «Қазақстанда ең алғашқы шыққан ретроспективтік библиографиялық көрсеткіш қай жылы шыққан?», «Жаңадан шыққан құжаттар туралы ақпаратты қандай библиография береді?», «Ретроспективтік библиографиялық құралдар кімдерге не үшін қажет?» және т.б.

Мақсаты: жас кітапханашылар библиографияның даму тарихын жетік білуіне және оны іс-тәжірибе барысында көрсету. Библиография - жалпы адамзатқа, қоғам мүшелеріне білім берудің барлық тармақтарын қамтып зерттейтін, баспа шығармаларын тіркеп, әрі насихаттап отыратын іс-тәжірибелік қызмет саласының бір тармағы болып табылады.

Ресейдің белгілі библиографы Л.В.Людмила Викторовна Астахова библиографияға былайша тұжырымдама берген: «Библиография дегеніміз-белгілі бір библиографиялық құралдарды шығаруда және библиографиялық білімді таратуда ой еңбегін керек ететін үлкен бір ғылым саласы».

Күтілетін нәтиже: кәсіби кітапханашы-библиограф маманы болуға баулу, өз беттерімен библиографиялық каталогтан шапшаң іздеп, тез табуға, пайдаланушылардың библиографиялық анықтамалары мен виртуалды анықтамаларды жедел орындауға үйрету, кітапхана сайттарымен жұмыс жасау, ИРБИС, КАБИС бағдарламаларын пайдалана білуге көмек беру.

Қосымша оларға «Ретроспективтік библиографиясы мен ретроспективтік каталогын таныстыру, ретроспективтік каталогы бойынша салалық, хронологиялық тәртіппен тұрған картотекалармен жұмыс жүргізу, өткен жылдарда шыққан басылымдар библиографиясымен жұмыс жасау, библиографиялық білімдерін тереңдете оқытуға үйрету және оларға білімдерін шыңдауға бағыт- бағдар беру.

Кітапхананың библиографтары үнемі ізденісте, бізге белгісіз немесе беймәлім, әйтеуір қызықты деректер, ақпараттар іздеумен боламыз, тапқан жаңалықты оқырмандарға құлақдар етіп отырамыз. Қазір тәжірибеден өтіп жүрген жас кітапханашыларға өз кәсіби тәжірибелерімізді үйретудеміз. Сондықтан да тәжірибелі библиограф жұмыстарының іздену қабілеттіліктерімен таныстырамыз. Семей өңірі-тарихқа бай өлке. Атағы шыққан ақын-жазушыларымыз жетерлік. Көбіне әйгілі де танымал адамдардың (тұлғалардың) жарияланған алғашқы шығармаларын

немесе жарияланбаған еңбектерін де кезіктіріп жатамыз.

Библиографтар мерзімді басылымдарға жақынбыз, оның ішінде ретро - өткен жылдарда шыққан басылымдармен жұмыс жасауға көбірек уақытымызды бөлеміз. Ретро-басылымдар-тарих куәгері. Өлке тарихын білуіміз керек және оны оқырмандарға жиі насихаттап отыруымыз қажет.

Ретро басылымдарды қарай отырып, ізденістерде, мына газеттегі мақаланы таптық. Ноғайбаева Рымбала. Талант жолы: [эртис К.Сәкиева туралы] //Социалистік Қазақстан.–1961.- 26 февраль. -Б. 2. Халық әртісі Күләш апамыз жас кезіндегі суретімен шыққан. Былтырғы жылы ғана республикаға белгілі тамаша әртіміз Күләш Сәкиева апамыздың 95 жылдық мерейтойы аталып өткен еді. Сондай-ақ, балалар жазушысы С.Бегалиннің ертерек қуғын-сүргін жылдарындағы 1951 жылғы 20 қыркүйекте «Советтік Қазақстан» газетіне шыққан Ә.Жұмабаевтың «Жалған, жасанды шығарма» атты мақаланы да кезіктірдік. Білім алушы тәлімгерлерге өлкетану оқулары мен библиографиялық шолу жасау жұмыстарын үйренуге ақыл-кеңес, бағыт-бағдар берумен келеміз.

Бүгінгі оқырмандардың талабы заман талабына сәйкес өте жоғары, олардың сұраныстарын қанағаттандыруға кітапхана қызметі жаңа деңгейде жауап беруге барлық жағдайды жасай бермек. Бүгінгі күні өткен жылдар басылымдарына кітапханамыздың сайттарына сұраным жасатып, замануи электрондық құжатты жеткізу (ЭДЦ) арқасында қалалар арасындағы кітапханашылардан қажетті ақпараттың сканерленген электронды көшірмесін алуларыңызға болады. Электрондық құжат жеткізу электронды почта арқылы да тегін қызмет көрсетеді. Әрине, авторлық құқық ережесі сақталынады.

Жақсы мақала немесе жақсы кітап – адам көңілінің жан айнасы, оған қарап бойыңды, ойыңды түзейсің. Сондықтан, бүгінгі күнгі жастарды тәрбиелеудегі өзекті мәселелердің бірі олардың санасына ұлттық рухани құндылықтарды сіңірумен қатар, әлемдік өркениеттің ақпараттарымен таныстыру да кітапхана қызметінің жаңа деңгейге көтерілуімен сабақтасады. Бүгінде кітапхана ісі және оны дамытуда көптеген кітапханашылар өз тәжірибелері туралы мақалалар жазуда. Ендігі кезекті жас кітапханашылар пайдаланушыларға ақпараттарды жедел жеткізуде, жаңашыл көзқараспен, замануи технологиялар арқылы кітапхананы дамытуға, өркендетуге, жандандыруға өз үлестерін қоса алады деп сеніммен айта аламын.

Кітапхана-жаңалықтың жаршысы. Осындай өткен жылдар тарихы көлеңкеде жатып қалмай, оқырман қауымға жиі насихатталып тұрса деген тілегіміз бар.

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.02.2016 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №2, 2016 ж., 144 бет, Алматы.